

Անդրս



Женевъ реаг.

# *Шәкәрім*

*Өлеңдер мен поэмалар*



Алматы 1988

ББК84Қаз7—5  
Қ 74

Құрастырған, алғы сөзин, түсінктерін жазғап Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымының кандидаты *Мұхтар Magaun*.

Редактор Есенбай Дүйсенбаев

III 4702250202—169 — без объявл.—1988  
408(05)88

ISBN 5—610—00466—7

© «Жалын», 1988 жыл

## *Абайдың інісі*

Қабагынан қар жауған  
Қараңғы бұлт жогалды,  
Қасқара алмай бет ауган  
Қаһарлы жел де оңалды,  
Қөшейін дег қыбырлап,  
Ел қыстаудан қозгалды —  
Жаралы жүрек жыбырлап.  
Жазылмай жалғыз сол қалды.

Бетіме жылы тиеді  
Күнгейдегі күншүақ,  
Жан жылныны сүйеді,  
Жанга рақат осы уақ,  
Өлі жердің сүйегін  
Тірілті жайнап жапырақ —  
Жаралы мениң жүрегім,  
Жайнай алмас сол бірақ...

Ақынның қасіретті жаны, кениш көнілі, трагедиялық тағдыры айқын таңбаланған. Сонымен қатар өзгеше мәдениет, кең еріс, бедерлі өрнек танимыз. Бір пендеге ғана емес, бүкіл адамзатқа тән сырлы мұн бар. Бір қаламгерге емес, бар ойшылға тән қамырық қайғы бар. Өлең өресін, өнер биғін айқындайтын көрсеткіш. Және біздің туған тілімізде, ұлттық әдебиеті мінде Абайдан соң ғана мүмкін болған жетістік.

Осы тұғибың та тұның, сырлы да сазды өлең жолдарының авторы, шынында да, ұлы Абайдың тұған бауыры болатын. Ата-тек жағына алғанда да, ұлт-онеге жөнінен, мұрат-максат тұрғысынан қаралғанда да.

Шәкәрім! Абайдың ерекше тұған ішінші аты Шакарім еді. Бұдан елу жыл, еккесе жыл бүршігі қазак поэзиясында Абайдан соңғы ең танымал есім. Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға. Одан соң... озі өлсе де, аты ошынген. Шығармалары сақталса да, жұрт алдына жарқыран шықпаған. Өлең жырлары, дастаң-хикаялары ел аудында жүрсе де, әдебиет тарихына сибеген. Баспасөзде мұлде атаусыз қалған. Атауға тыйым салынған. Осыған керіншіне ел ішіндегі даңқы ессе түскен. Құні кешеғана өтсе де, козін корген талай адам өлі қүнге ауыл арасында жүрсе де. омірі ертеғігі, ісі аңызға айналған. Ал шығармалары... шығармалары сансыз колжазба, сауатты, сауатсыз көшірмелер арқылы бүкіл қазак даласына таранты. Ақсақалдар бас қосқаң жиынды жерде, ағайындар мейман күткен отырыста дастандары жырланыпты. Сөйтіп, есімі қомескіленгенмен, еңбегі құңғырт тартпаған ақын туған елінің рухани өмірінен сырт қалмапты. Қазір қарасақалдар қатарына енген біздің буын Абаймен қатар Шәкәрім ұлтің де қәміл танын өсті десем, артық болmas. Өз басым Шәкәрім дастандарын Абай өлецдерімен қатар жаттаң тіл сыйырғандықтан айтып оғырмын бұл сезді.

Әйтсе де... жарияның жөні бөлек. Әсіреле жүртшылық таска басылған қағазға, көзбен көретін сурет, құлакпен еститін ақиарға біржола дең қойған қазіргі заманда. Әдебиет дамыды, мәдениет жаңғырды, жана ұрпак есіп жетті. Соңғы ширек ғасырда Шакарім еңбегі тек ортаңғы. Ілгергі буындағы санаулы адамдардың ғана жадында тұрган еді. Калын қауымға мұлде бейтаныс қалды. Және уақыт оған сайын ұмытылып бара жатты. Ақыры... «Ештен кеш жақсы» дегендей. Шакарім есімін қаймыңай аттайтын қүнге де жетіппіз. Ақынның біразы революциядан бүрын, шағын жинактар түрінде басылған, кезінде кеңінен тараса да, Москва, Ленинград, Алматының орталық кітапханаларында бірер даналап қана сақталған, ал көпшілігі қолжазба қүйінде қалған мол мұрасын жарыққа шығаруға жағдай туды. Қазак әдебиетінің откен тарихындағы, баспасөзде, ауызекі сезде айтылғандай «актаңдақ» емес, ызбарлана үცрейген кара құыстардың бірін тығындауға мүмкіндік туды. Қәміл танымак, түбебегілі зертте мек — болашак үлесі. Әуелгі кезекте оқырман қауымға Шәкәрім нің өмір жолы, өнер мұраты туралы маглұмат бермекпіз.

Шакәрім 1858 жылы Шыңбыстауда дүниеге келеді. Болашак ұлы ақын Абайдың жегі ағайынды болғаны белгілі. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді сол жетеудің ен үлкені еді. Парасатты, мейірбан, кең пейіл ағаны Абай айрықша сыйлаган көрінеді. Құдайберді Шакәрімнің алты жасында қайтыс болады. Бұдан соңғы жерде жетімдік, жоқшылық көрмесе де, әке бауырынан айрылған, каршадайынан ак ерекше зеректігін анғартқан Шәкәрімді Абай өз қамқорлығына алады. Тұған өulet дастүрі, өскен орта ыңғайы, ақын аға тағылымы Шәкәрімнің азамат ретіндегі қалыптасуына ғана емес, ақын ретінде қанаттануына да ерекше әсер етті. «Әкеміздің бір шешесінен тұған Ибраһим мырза, казак ішінде Абай деп атайды, — сол кісі мұсылмапша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Алай болмағанда дәніпманд, хаким, философ кісі еді, ер жеткен соң сол кісіден тағылым алғып, әр түрлі кітаптарын оқып, насиҳатын тыңдал, аз ғана ғылымның сөүлесін сездім. Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Алай болмағанда дәніпманд, хаким, философ кісі еді», деп жағалды Шәкәрімнің өзі кейінпректе. Бұл інниң өз өмір жолын байыптауы ғана емес, ақын ағапың халық тарихында атқарған қызметін, ерекше болмысы мен трагедиялық тағдырын да көміл түсінгенін анғартатын сөз. Ал өмірде мейірбан әға өнерде аса катал төреші еді. Және айтар сын, артар мидет мүмкіндік шегінде, кабілет күші, дарын биғіне орай, ауырлана, аумактана түсетін.

Арнайы оку орындарын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы казак арасындағы,— казак қана емес,— бүкіл Түркістан әлкесінде гі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен катар орыс тілін де жетік біледі, классикалық шығыс поэзиясын, орыс және европа әдебиетінің озық ұлгілерін терең түсіне окумен шектелмей. философия мен дін гарихына қатысты еңбектерді де қадағалап отырады. Құнанбай өuletінің дәстүрі бойынша ел ішінде де билік құрып көреді, бұл кезде өнер жолына біржола бет қойған, дүшнаны көбейіп, тынысы тарылған Абайға сүйенші, демесін болады. Алайда көн ұзамай-ақ болыстықтың бар «қызығын» басқа інілдерге қалдырып, өзінің шын мұраты — сөз патшылығын жауалаға біржола бет қояды.

✓ 1904 жылғы Абай өлімі, өнерлі екі іні — Ақылбай мен Мағаяниян тағы айрылу, Россия империясы шегіндегі барлық езілген үлт үлкен ұмт артқан 1905 жылғы алғашкы орыс революциясының жеңіліске ұннырауы Шәкәрім санасына. онын өмірге, қогамдық қызметке қозқарағына ерекше әсер етеді. Шәкәрім тіршілік,

тағдыр туралы сауалдарына жауап іздейді. Оку, іздену аймағын кеңейте түседі. Діп тану емес, ел тану, жер көру мақсатында қажыға барып қйтады. Бұл сапар онын ой ерісін кеңейтеді, ақын казак халқы діп қуған мұсылманшылық жолын емес, ғылым-білім қуған европа халықтарының жолын таңлауы керек деген ойга бекітүседі. Осы кезде озі қоңған ғуестеніш жүрген толстойшылдық идеясына біржола берілген ақын өмірден баз кешіп, жүргітап аулақтайты да, Шыңғыстың қүнгей сыртындағы Шакнапқ дейгіш жерде таза өдеби қызметпен ғана айналысып, қызы-жазы жападан жалғыз жатады. 1917-1925 жылдар аралығында Шөкөрім аз уақыт дүниауда өмірге кайта оралғандай болады, ел ғашындағы өзгерістерді құттықтайты да, газет-журналдар бетінде замана ағымыша үн қосқан олеңдер бастырады. Алайда карт ақын көп үзәмай қйтадан ел тіршілігін аулақтайты.

Шөкөрім 1931 жылы қайғылы қазаға ұшырады.

Ғұлама қаламгердің өнердегі жолы ұзак та ұлағатты. Келісті әрі құрделі.

Атаниң мол дәүлетті, ағайын-туыстың өр кеудесі, ағаның мәртебе данкы аркасында бұла өскен Шөкөрім өзінін өмір жолын ғана емес, өнер жолы да сауық-сайраннан, мереке-қуаныштан бастайды. Абайдың өлең өрнегін үстәнған. Абайдың тіл мәдение тін ұлғы тұтқан махаббат жырларының өзінде Шөкөрім тың болуя табуға, соны сыр түюге ұмтылады.

Жаудырап көзі,  
Тамишылап сөзі,  
Жібектей шашын тараса.  
Қалынайды халиң,  
Шығады жаның  
Қигаштай көзбен қараса.  
Бұл дүниеде қыз қызық,  
Бозбалада ой бұзық...

Бұл — казақ лирикасындағы өзгеше деп. «Ертістің ар жағы пан көрдім сені, Сырганды қайық қылып өткіз мені», — деп әдептеген аспай, наздана киылу емес. Тіпті «Әлиф деп ай йүзіне гибрат еттім», — деп, «Сәңә ғишиқ болып көмтар, — Сұлейман, Ямшид, Искәндөр — Ала алмас барша мұлкиға», — деп, үмітсіз сөлем жолдайтын мұңцы сағыныш та емес. Шынайы өмір. Бүкпесіз сезім. Керек десеңіз, аның күмарлықтың бұлықсып шыққан от жалыны.

*А, дүние, дүние,  
Ақылға сонда кім ие?!*—

ынтызар қападаң өзгешерек хал, аспандагы айдың жерге тұсуі, першгениң пәндеге айналуы.

Шәкәрімнің осы шамада шығарылған, махаббат қуашынына ариалған екінші бір олеці («Шың сырым») бұдан өзгеше сыннат танытады. Ақынның ұмтылар бишті, ұстанар межесін айқындаиды. «Мен тұрғытқың інек сұлуын тәңдіре төзегер ем.— Самарқан мен Бұқараны беттіндегі жалғыз меңге берер ем»,— деп шалқы шырқасын махаббат жырышысы Хафиздің озін жарысқа шақырган Шәкәрім қазақ поэзиясында мұлде соны бағытқа із салады. Олец орнегі де, сөз саптасы да үйренишкі қалыптап болек. Ежелгі шығыс поэзиясын еркін игерген, қазақтың дәстүрлі лирикасы кара өлеңшін қаснетін жете ганыған, Абай өнегесін, Абай гағлымын көміл ұғынған жас ақын ғалып ұстарған, өзіндік жол ганқан қас шебер екенін аңғартады.

*Бақытсызың жүрегім  
Жалындал жанып тұр,  
Үмітті тілегім  
Орынсызың қалып тұр.  
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,  
Адасқан асығың мұнды әнге салып тұр.*

Бұл — Хафиз әуені, Науай ұлғасі. Тәжік-парсы, түркіштегі дәстүрі. Соның өзінде қазақ ұшін тосын естілуге тиіс. Қоңілге берік орнап, жүрекке нық таңбалануға тиіс. Алайда бұл — махаббат жырының құлак күйі, әуелті аккорды ғана. Ақын қиялы, ақын сезімі ешқандай шарттылықта бағынбайды, тежеуге қарамайды. Ақынның ғашығы — жай ғана сұлу емес, бір адамның, жұмыр басты пәнденің ғана құмары емес. Оның тіршілік жеке. Дүниеде сөн-салтанат, өмірде мән-мағына жок. Бүкіл әлемнің көркі жердегі, қоқтегі жанды жансыз атаулының тәжірісі, бар ғаламның қозғаушы құші — Сол ғана.

*Күн батып жоғалды  
Нұрынан үялыш,  
Жұлдыз бер ай қалды  
Сәулеңнен нәр алыш.  
Жеті қарақашы айналып сені іздел жүр,  
Бәрі де сені ойлад, мас болып сандалып.*

*Үркөр мен Таразы*

*Шашуды шашуга.*

*Шолпан да қарады*

*Мауқын бір басуга.*

*Темірқазың арқаныдан қос боз атын,*

*Жаратып ойы бар тойыңа қосуга.*

Асқақтата толған, еркін шалқыттан ақын ғарыштан бір-ақ шықты. Жөне күнілдек жел сөз, күмшиген теңеу, жалтырақ әлемшін жок. Ақын ойының кендігі. ақын қиялдының өрлігі көрінеді. Жазғы аспанда жапырлай көтерілген Үркөр, жалтырай жымындаған Таразы; Темірқазыққа байланған Ақ боз ат пен Көк боз ат, ол екеудін торын, тынымсыз шыр айналған Жеті қарақшы... Жыр сазы, көңіл ыргагы қазақ санасына сиңсті космогониялық түсініктемен астасын жатыр. Ақын соғынц әсерлі күші осында. Екінші бір әсер осы жолдардың тұн аста рында жатыр. Аңыз бойынша, аспанды шыр айналып жүрген Жеті қарақшының мақсаты — Ақ боз ат пен Көк боз атты ұрлау. Бір заманда бұлардың аралығы оте алыс болған екен. Қазір жақындаған. Бірақ Жеті қарақшы Қос боз атты Темірқазықтан ағытып әкеткенше тағы қашшама ықылым өтеді. Қос бозды ұрлау — ақыр заман күніне сәйкес келмек... Сол Жегі қарақшы әлі арқанда жүрген Қос бозды ақынының Сүйкітісінің тойында бейтеге қоспақ. Тұснал түсінкті. Ақын қоя жетпес сұлуға ғашық болған, екеудің дүниеде қосылмақ емес...

Махаббат шуағын мадақтаған, жастық қызығын дәріншеген ақын тағы бір өлеңінде адамды қаусатып, бар құмардан айыратын кәріпкіті даттайды. Адам ғұмырын кезең-кезеңге бөле сипаттау, сол арқылы гіршіліктиң мән-мағынасы туралы толғану — қазақ поэзиясында тым ертеде қалыптасқан дәстүр, үйренишкіті тақырып. Алайда Шәкәрім бұл ретте де өзіндік үн табады. Көрілік — өмірдің өшүі. құмардың тозуы ғана емес, бар тілектің таусылуы. Берері жок, алары ғана бар, төңгрегіне түгел бөгет, сиңіңсіз, сүйкімсіз. Өзіне бейнет, өзгеге масыл шақ. Соңықтан жас ақын өз сөзін:

*Алпыстан ары бармаңдар,  
Аңдамай шал бол қалмаңдар,—*

деп түйіндейді.

Бұл сөз қырыққа жаңа келсе де: «Картайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек,— Ашуың — ашыған у, ойың — кермек», — деп отыр-

ған. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,— Шошимын кейінгі жас балалардан», — деп отырған ақын ағаның шамына тиеді. Бар кілтишан жас ақынының «кәрілікті жамандан, өлім тілеуінде» ғана емес еді. Шекерімге «алтын иектің» де салыны тиген («Бір сүйіп алтын тамактан...»), айдаһар жағына баспаса да. Абай жол ашқан реализмнен аулактау бағдар андалған. Зор талантқа өзгеше талан қойған ақын аға Ысісінің тым жеңілдеп кетпеуін ойлаған еді. Әрине, кезінде ауыр тигені анық Қазір де ауыр естіледі. Бірақ тек қана пайдаға шықса керек. Шекерім өлең өрісін көңейте түседі. Білім жолына біржола бас қояды. Қазақ тұрмысына тиши емес, бүкіл өлем кейшіне ойшыл көзben қарайды. Бұғанді жете тиши болашақ сұлбасын аңдаиды. Барды байыпташ, халық қазынасын жаңаша таразылайды. Өмірге, когам-ға, санаға өзіндік көзқарасы қалыптасады. Ақыр түбінде өнердің өзгеше өрісіне шығады.

Шекерімнің казак рухани өміріндегі жаңаша болмысы оның дінге көзқарасына айқын танылады. Әлбетте, Шекерім — өз заманының персоні. Ұғым, нағым, түсінік шектеулі шеңберде. Алайда ақын бас үргаш ақыншат ождан, шыны иман, — адастырын айюны жөл» — адамдық, кіслік. «Атак, пайда ізdemей. — Ойында мақтан жоқ болса, — Киянатты көздемей. — Қанағатқа ток болса, — пүтқа табынған мәжусидің өзі әулиемен тең. Дүние қуыш, пайда іздеген, алдау-арбаумен күн откізген молда, мешітте мың жыл отырса» да, бейіншің есігінен сығалай алмақ емес. Ақын ұғымында бар кінә иманын малға айырбастаған молдада ғана жатқан жоқ. Бұл күнде алланың аяты да, пайғамбардың хадисі де бұзылған. Бұзған бірді-екілі адам емес, бүкіл қауым. Және дін бұзған, ізгі үағыз, қасиетті кітап жолынан ауган жалғыз Мұхамед ұмбеті ғана емес. «Таурат» теріс түсіндіріледі. Зәрдеңштің өсіеті ұмытылған, Будданың ылімі жансак ұғылып, Айсаның айтқандары бүрмаланған.

Бұл күнде дұрыс иман жоқ  
Шатақ дін нәспі тыйған жоқ,  
Ақылды саудың ойына  
Алдамышы діндер сыйған жоқ.

Сонда қандай жолды тандауымыз керек? Ақиқат жолы! — дейді ақын. Бұл — бәріміз құмарланып, бәріміз мұрат тұтатын шын асыл жар, айнымас серік, адастырмас жолбасшы. Ал ақиқатқа жетудің амалы — осы заманғы оқу-өнерді игеру. Жоқтың орнын толтыратын, жеке адамды ғана емес, тұтас халықтарды бақыт-

ка бөлейтін — гылым-білім ғана. Шәкәрім қазақ қоғамындағы кемшіліктерді, қазақ халқының басындағы ауыр халді ең алдымен осы Европа өнер-ғылымынан кенде қалу нәтижесі деп есептейді. «Жер жүзі жабылғанда білім жаққа,— Қазақ жүр құмар лаңып құр атакқа...» Осының нәтижесінде алға озу қайда, күн өткен сайын кері кетін, елдіктен, кісліктен айрылыш барады. «Қайран елім, қазағым, қалың жүртім!...» — дейді ақын ағаға үн косқан нарасатты ши.

Болашақты бағдарламақ үши бүгінгіні бағалау ләзім. Шәкәрім қазақ халқының дәл сол тұстағы тұрмыс ахуалын, жай күйін пакты байыштайты. Абай бедерлеген өмір суретін кеңейте, айқындаі түседі. Қуы алдан, сұмы еліріш, байы бас қамын ғана құйттеген, иғі жақсылар дау-дамай ғана құғап елдің бүгінгі тірлігі тым сұрықсыз. Батыстың оку, гылымынан, өнер білімінен маҳрұм жүрттын тұра жолға түсер, оңалар түрі көрінбейді.

Ойда жоқ өнер біліп жол табайын,  
Жалмауга жалынспайды өз маңайын.  
Мұның түбі не болар деген жан жоқ.  
Үрлық, ұрыс, араздық күнде дайын,

дейді төңірегінен түңілген ақын

Абай: «Өз бетіңмен түзелер дей алмаймын.— Өз қолынан кеткеи соң енді өз ырқың»,— деп еді. Сөйті тұра заманды өзгерпесе де, адамды түзеуге күш салған. Шәкәрім де сүйектен өтер апсы сезін, ақиқат сирын айта отырып, туган халқын бақытка жеткізер амал іздейді. «Қазағым, қам ойлан,— Сен де адам едің ғой!»— деп зар шеккенде ұсынар жолы — агар-гушылық. Ғылым — жүрттың бәрін сусындар шалқар көл, халыкты бақытка, байлыққа бөлер таусылмас кен, рухани дерт атаулының бәрін аластайтын, елге қуат, күш беретін дәру. Күнбатыс халықтарын қуат-құдіретке жеткізген гылым-білімді игерсе, қазақ га тарих көшіне ілеспек, басқалармен базы теңеспек. Ал гылым-білімді игеру үшін жас балаларды жаңаша оқыту кажет.

Ақын туган халқын жарық соулеге ұндеумен ғана шектел мейді. Ел тірлігіндегі кеселді құбылыстарды ашады, алға жылжуға бөгесш, кертартна сананы әпекерелейді, діни және рухани соқырлықтың мән-мағынасын ашуға тырысады. Адам баласының басқа тіршілік иелерінен айырмал белгілерін сөз етеді. Адамның өзгеше болмыс-бітімін, оның ақыл ойын ғана емес, түйсік-

сөзімін, тіпті физиологиялық ерекшеліктерін де өлеңге арқау етеді. Европа ғылыминың адамтану саласындағы жетістіктерін көншилік алдына тартуды мұрат тұтады. Ақын шыгармаларындағы, қазіргі оқырманға әншінен ақылгайлік көршуі де мүмкін осындай сипаттардың өзі казақ халқының қоғамдық ойының даму жолындағы үлкен белес еді. Жаратылыстану жайын былай қойғанда, гуманитарлық ғылымдардың өзі қалыптаспаған өткен ғасырда әдебиет айрықша ауыр жүк, кейде өз болмысынан тыскары міндет атқаруга тиіс болған ды. Замана кейіп, тіршілік кебі туғызған бұл ерекшелікің бір ұнамды сипаты — ойшылдықпен астас азamatтық оусең. Ақын араласпайтын, ақын үші қоспайтын құбылыс жок десек те, омір тану, дүние тану, ізгілікке, кіслікке үндеу жолында Абай мектебі айрықша өнеге таstadtы. Октябрь карсаңындағы елу жылда ақын даусы аскак естілуі, ақын сезін өзгеше күшке айналуы кездейсек емес. Бейбіт әуезді ағартушылық сарыны уақыт оза келе арқыраган күрес үніне ұласкан еді. Қозында аш, оян, есінді жи деп бастан, ғылым білімге, өнер жолында үндейтін олец жолдары енді бакыт — күресте, шын максат — бас бостандығы, ел еркіндігінде жатыр дейтін, замана шыңдығынан, халық арманы, тарихи жағдай ауқымынан туындаған жаңаша ұранға айналады.

Батыстын отаршыл мемлекеттерінің түпкі саясатын нақты тану, әсіреле бірінші дүние жүзілік соғыс тек Шәкөрімге ғана емес, сол тұстағы ағартушылық жолын ұстанған бүкіл қазақ аязлысына қатты әсер еткен еді. Бар бакыт, бар ізгілік өнер білімде болмай шықты. Устірт қарағанда ғана «ғылымды елдің сырты таза» көрінеді екен.

*Европа білімді жүрт осы күнде,  
Шықсан жоқ айуандықтан о да мұлде,*

дейді, импералистік соғыс сұмдықтарынан түршіккен ақын. Тексере қараса, бұл — бір күнде пайда болған келеңсіздік емес. Арыдан басталған, уақыт саған сайын, жүрт білімденіп, қару-жарап жетілген соң мүлде шектен шыккан ахуал

*Тамам жан өзін-өзі «мен» деседі,  
Өзгелерді жатырқап, «сен» деседі.  
«Біз» дейтүғын бір елді таба алмайсың,  
Бұл қайтп әділетпен теңдеседі?!*

Күш-қуаты, өнер-білімі шамалас елдер өзара бак таласса.

барлық жаратылым байлығын аскер ұстауға, кару сайлауға ғана жұмсаса, үстемдікке ұмтылса, ұсак халыктардың, әлсіз жұрттардың көрер күні тішті караң. Дүлей күш «әлсізді анша қыруға», момынды құлдануға қызмет етеді. Ақын біктен барлан, теренен голгайды. Жауыз халық жок. Жат нәсліл жок. Бар қылтипан — теріс пигыл, жемқор қиянатышылдықта жатыр. Адамда ынсан га, мейірім мен шапагат та мол. Алайда «мылтық билең түрғанда әділет жок». Адамзат оң жолға — бауырластық, кіслік жолына тұсу үшін «ар тұзейтін ғылым» көрек. Сонда ғана зұлымдықка тоқтау салынбак.

Шәкәрімнің мейір мен зорлық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары екі ғасыр шегіндегі қазақ қоғамдық ойының марқайған қалпын, бүкіл Түркістан ошрийдегі алдыңғы катарлы, биік өресін айғақтаса көрек. Бұл кезде қазақ әдебиеті дің шырмауы, ескілік көлеңкесі, ел шілдегі көртартын құбылыстар сияқты аса мәнді, бірақ көзөңдік тақырыптарды еркін игеріш, бүкіл адамзаттық мәселелерге, әлемдік тақырыптарға біржола дең койғап еді. Бұл тараптағы Абай салған жол кенеңе, даңғылдана түсін болатын. Сондықтан да Шәкәрімнің азаматтық лирикасы тек қазақ кана емес, көзірі советтік шығыс халықтарының поэзиясындағы, туыстас, тағдырлас жүргіттардың барлығының рухани даму тарихындағы өзгеше құбылыс дең бағалапуы ләзім.

Шәкәрім лирикасының тағы бір озық сыйнаты — нәзік те терең психологизм. Сезім қылын шертер, санаға таңбаланар сыршылдық ақының алғашқы туындыларынан ақ байқалған, Қаншама әсерлі болғанымен, бұл өлеңдерде жалаң сезім қуанышы, жастық қөңіл буы басым еді. Абай ағаның өнердегі әрбір жаңа қадамын, өзгеше лепесін қалт жібермей қадағалап, терең түсіну, шығыс поэзиясын, оның ішінде өсіреле Хожа Хафиздің сырлы жырып бойға сіңіру, бұдан соңғы жерде орыс әдебиетін етene тану, орыс тілі арқылы бүкіл батыс сөз өнеріне қол созу ақын таланттына өзгеше қуат берді. Қоғам тану, дүние тану өз алдына, өнер мұраты туралы жаңа түсінік қалыптасты. Енді ақын сезім шырғаландарын таңбалauғa дең кояды. Адамның ішкі әлемін аша талдауға,— қуаныш, реніш, сүйінш, махаббат жайын байыптауға айрықшы қөңіл бөледі. Тіршілік мәні, тұрмыс машақаты, әділет пен зұлымдық туралы ой түйеді. Өмір өріне шықкан аксакал көзімен ғана емес, өнер биғіне жеткен ақылман тұрғысынан өз өткенине, соған орай, басы жұмыр пендे атаулының фәни ғұмырына баға береді. Шәкәрімнің бұл реттегі

сырдары мен толыныстарын өмірінің соңын қарта жазылған, ет інінде күп бүнгә дейін өз өүенімен айттылғаны ен көркем туындыларының бір пакты түйінде керек.

*Қайран*

*Қайғысыз, қамсыз құндерім,*

*Сайран,*

*Сауықты рақат тұндерім,*

*Сендерден не пайдада?*

*Асқап*

*Алпыстан миңаң жасымыз,*

*Қашқап*

*Шалдыңған гаріп басымыз,*

*Қаласың қай сайдада! ?...*

Бұз — бір адамға бір ұлт өкіліне ғана емес, омір заңын түсінген, тіршіліктің шектеулі кесімін мәнгілінде байынтаған кез келген адамға ортақ сыр. «Омірдің жолы бұз» — дейді ақын. Мұн бар, түрділіс иск. Өйткені бір адамның демі үзілгенімен, табиғат толастамайды. Сенің омірінді тікелей жалғастырмаса да, ісінді алға аварар, жаңы туыс таты бір кісі дүниеге келмей. Тіршілік мұраты — осы шектеулі омірді матында, монді етін откізу. Сен адамдың жолынан шықпасай, үриалың да да жағе-гіші артын тәгілім тастамақ. Омірдің отуі, тіршіліктің сарылым туралы мұнды сарын о дүние сұлбасы, ахирет жийінан мұлдау аулак сұннатта. Құдайдың бірлігіне, пайғамбардың хак-тынына күмбән келтірмеген Шокарім адамның артында қалар екі үлкен казына — иті іс, ең ұлкен мурат — үриақ жалғастыны деп танығанын көреміз. Бұл ақынның омір кешуі, енер мұраты туралы толғатған көптеген өлеңдерінің негізін арқауы болып габыладады.

Казак реализмі Абай тұсында қалыптасты, ұлы ақынның онерлі шәкірттерінің жан-жасты қызметі нағынекінде азбекште жетекші адісіне айналды десек, бұз реттегі Ноксарай сибеті тек лирикалық поэмамен тина шектелмейді. Білімдәр Шокарім этикологиялық жанрларға да қалам тартады. Ақынның атын бұкіл қалас даласына танымал еткен «Қалқаман — Мамыр» жөні «Жолсым жала» («Еңдік — Кебек») поэмалары.

Омірде шын болған бақыттың ғашықтар Еңдік пен Кебек. Қалқаман мен Мамыр хикаялары ескі құндердің веңінде ел арасында кеңінен тараса керек. Бұл трагедиялық тағдырлар туралы алғаш рет қалам тартқан — Абай дең белуге тиіспі. 1892 жылы

«Дала уәләятының газетінде» (№№ 29, 31—32, 34—40) жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты колемді прозалық шыгарма озінің таным өресі, ой өрнегі тұрғысынан ғана емес, сөз саптау, сойлем құру, көркемдеу тәсілдері жағынан алғы қарагаңда да тек Абайға ғана төн сипат танытады. Кейбір зерттеушілер бұл еңбек Шокорімге тиесілі деп нағылмайды. Оған дәлелдері де жоқ емес. Алайда Абайдың оуелде өз өлеңдерін июкірт достарының атына телігеппі, «Дала уәләятында» жарияланған «Жаз» бен «Болыс болды мінеки» Қекбай атынан шыққанын еске алайық. Оның үстіне 1892 жылы отыз төрт жасқа жиңіз келген Шокорім өзін «Ұмытылған» санауды қисынсыз. Бұл лақап есімді кейін иеленсе керек. Әңгімені Абай пайдасына шешүшеге беретін ең басты дәлел оның бүкіл құрылымында, обрақадар жүйесінде. «Дала уолаятындағы» «Еңлік — Кебек» шығармаларында Абайдың «Жолсыз жазадагы» тұлғалардан мүлде басқа, тіпті керегар сипатта. Екі шыгарманың да өзегі омірде болған, нақты оқиға екенін ескерсек, бар ұқастық осымен шектеледі, авторлық шешімнен, кейіншер мүсіндеу тәсілі, көркем деу жүйесінен ешқандай бірлік ташпаймыз. «Дала уәләятындағы» хикая: «...Қазақ шінде бәрі де өзгерін кетті — мінездері де, жер-суы да. Жақсы болды ма, жаман болды ма, ендігі жазғанымыздан корінер», — деген сөздермен тамамдалады. Айтылмак шілді газет бетіне шықшаган. Бірақ Абайдың «Фақтиясының» шінде жүр. «Отыз тоғызынның сөз» деп нақты агауға да болады, мінез-құлық жайы, тұрмыс-тіршілік кебі байыпталатын басқа санды «Сөздерге» сілтеуге де болады. Түйіп айтқанда, «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» жөне сол «Дала уәләятының гезетінде» басылған тағы бір әңгіме — «Ескендір» поэмасының сюжеті нақпа-нақ баяндалатын, кейде тұтас сөз тіркестері қайталанып жататын «Тәқапшар әскербасы турасынан» — екеу де Абай прозасының үлгілері болып табылады. Абай енерінің қырсырын, еріс-өресін айқындаі түсетін, әдебиет тарихын байытатын өзгеше екі әңгіме туралы кеңиен сөз етуге болар еді, біз реті келген соң, жол-жөнекей ғана айтып отырмыз. Конітен ойда жүрген, өзіміз нық сенетін, дәлелді шілді көп алдына тартуга жаңа ғана мүмкіндік туып отыр.

Енді Шекерім поэмалары туралы азғана сөз.

Шекерімнің үш поэмасы да («Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек», «Нартайлақ — Айсұлу») ескі қазақ тұрмысынан алғынған. Бірақ бұлардың ешқайсысы да тарихи шыгарма емес. Поэмаларда тарих — фон ғана, автордың баса назар аударғаны — әлеуметтік мәселелер, мінез-құлық жайы. Жаңарлық тұрғыдан алғанда,

«Калқаман — Мамыр» лиро-эпикалық жырға бейім, «Еңлік — Кебек» — өлеуметтік дастан, ал Нартайлак — Айсұлу — махаббат драмасы дер едік.

«Калқаман — Мамыр» 1912 жылы Семейде, «Жәрдем» серіктігінің баспасында басылып шыккан. Некты жазылған уақыты белгісіз. Өз ізбасарларының творчествосын жіті кадағалап отырған Абайдың «Калқаман — Мамырды» оқығаны, шікір айтканы турасында ешқандай дерек жок. Әйткенмен, поэма екі ғасыр шектескен межеде, ақын ағаның көзі тірісінде туған сияқты. Шәкәрім шығарманың бас кейінкерлерінің бірі — ел түтқасы — ғұлама карт Энег-Бабаңың қиышин жол таштай, шалдықкан сәтін сыннаттай отырып, оны Абай тағдырымен салыстырады: «Мәселен көз алдында түрған жок па,— Койдындар Абайға да не қылғызбай!». Рас, поэма алғы сезінде Шакәрім: «Өлғенді тірілтпесем де, ешкенді жандырғандай болсын деп, биыл жұз тоқсан жыл болып ұмытылған істі алдыңызға койдым»,— деп жазады. Бұл арада кітантың басылған жылды туралы айтылып отырғаны андалады. «Еңлік — Кебек» те («Жолсyz жаза») сол баспадан, сол 1912 жылы жарық кореді. Бұл поэманның «Калқаман — Мамырдан» соң тұраның автордың өзі ескертеді. Ал «Нартайлак — Айсұлу» аталмаш екі поэмадан соң, тіпті беріде, 1929 жылы ноябрьде жазылған. Бұл шығарма біздін заманымызға колжаяба калпында жетті. (Ескерте кетейік. «Нартайләк — Айсұлу» — Шакәрім атын актайдын алмайтын, ете алға шығарма).

Калқаман жігіт пеи Мамыр қыздың махаббат драмасының мекені де, мезгілі де некты. «Мың жеті жұз жиырма екінші жыл.— Қазақтың Сыр бойында жүргені анық»,— дейді ақын. Трагедиялық тағдыр шешімі қазақ тарихындағы ең бір қаралы жылдарға сәйкес келеді.

Мың жеті жұз жиырма үшінші жыл  
Атысқан қазақ, қалмақ,— мұны да біл.  
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан  
Өзі батыр, согысқа дым айлашыл.  
Қазақты ол согыста қалмақ алды,  
Үш есенің екеудің қырып салды...

Көршілес түркі халықтары қалмақ ден атаған батыс монгол жұртты — ойраттармен жауласу тым арыдан басталған. Жошы ұлысының ыдырау кезеңінде ойраттардың батыстағы ең басты карсыласы Монголстан хандыбы болды. Ал монгол одағы бұзылын, оның құрамындағы түркі руладарының басым көшпілгі, бүкіл

Жетісу Қазақстан құрамына қайта енген кезде қазак пен қалмак бірме-бір, бетпе-бет келеді. Үнемі дерлік жеңіліске үшірап отырган, кейде, тіпті алым төлеп, бодан болса да, елдігінен айрылмаған ойраттар XVII ғасырдың орта шенінен бастап құш алады. Көршлес, киіз туырлық қошнейді екі жұрт арасында атадан балаға озған, екі жақ үшін де олшеусіз шығынға түсken, ешбір халық тарихында болмаған жұз елу жылдық соғыс осы кезеңнен басталып, жаулық тұбі аяусыз геноцидқа ұласқан, қазақ пен қалмак бірін-бірі тақыр-таза қырып бітіруді гана мақсаг тұтқан қасап майданға айналған еді. Ақыры кеселді түйінді құдіретті коршілер шешеді. Ойрат халқы жер бетінен мұлде жойылып, қатары селдірекен қазақтардың туы жыбылады. Кері-сінне болуы да мүмкін еді. Оның айқын дәлелі — Ақтабан шұбырының Шокорім бағындауында қазақтың құты қашқаны соншалық, тоқсан бес жастагы «ел агасы, орі би, орі ғұлама» Әнет Бабаңың өзі «конке сре алмай, тірдей дөң басында» қала береді.

«Еңлік — Кебек» шығарманың сюжеттік желісіне қатыссыз, пролог іспетті өлең жолдарымен басталады.

Өткен адам болады көзден таса,  
Өлді, өшіті оны ешкім ойламаса,  
Ол кетсе де белгісті жоғалмайды,  
Керектістін ескеріп, ұмытпаса.

Ақыл деген — денеге егілген дән,  
Сугарылса кіреді оған да жан.  
Ақылдың өсіп-өніп, зораймагы  
— Қөрген, білген нәрседен гибрат алған.

Сол сияқты ұмытылмауга тиіс, кейінгіні ойға қалдыrap, гибраты мол хикая — Еңлік пен Кебектің тағдыры. Шығарманың негізгі арқауы махабbat трагедиясы болғанымен, автор замана кейін нақтылау, оқиғаның ескі құндерде өткенін, ендігі жерде ел арасында мұндай келеңсіз істер болмауга тиісін дәлелдей тұсу үшін хикаяның өмірлік фонына айрықшы мән береді, шағын көлемді тарихи ақтар жасап, Ақтабан шұбырынды құндерін, елдің қырғынға үшірап, азып-тозуын сипаттай келе, қазақтардың қайтадан құш жиып, жауға қарсы аттанғанын, үлкен жеңістерге жеткенін айтады. Автор мақсаты — жоңғар соғыстарының шежіресін жасау емес, Еңлік — Кебек трагедиясына себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жаңдайларды айқындау. Сондықтан да, ақын

ойрат одағы жойылғаннан соңғы кезеңде шығыс облыстарға ауа көпкен рулардың өзара қуресіне арнайы тоқталады. Хандық өкімет құлап, арқын басына би болған замандағы бұл қақтығыс ел мұддесінен емес, ру мұддесінен, ағайынға тиесілі жайлана, қыстауды тартып алу максатынан туындаған еді. Әрине, тар жерде тек отырып, аштан қырылмадың деп Тобықтыны кінелау киын. Бірақ кен қонысының бір өнірін каны қарайып келгеп ағайынға кимаган Матайды да актау мүмкін емес. Енді ағайын арасында аяусыз құрес басталды. Дәл осында кезеңде албырт көніл, ак маҳаббат табыстырыған Тобықты жігіті Кебек иен Матай кызы Еңгілдің тағдыры қандай болмағы айтпаса да түсшікті.

Сонымен, «Еңлік Кебекте» де, «Қалқаман-Мамырда» да жеке бас трагедиясы халық трагедиясының бір бөлшегі ретінде көрінеді. Қиын хал, қат қабат драма нақты бір кейіпкердің зұлымдығынан туындаған. Сол сияқты, жақсылық тілеген, жәрдем жасамақ болған адамың әрекетінен де ештеңе өнбейді. Бабаң ел камқоры, ағайын панасы Алайда әдет-ғұрын заңына тоқтау сала алмайды. Қалқаманды окка байлан береді. Қенгір бай ұнамды кейіпкер, бір өзінің емес, Тобықтының камын жейді, бірақ жағдай құрбаны, заманадан жапа шегуші, ол да Кебекті амалсыздан олімге кияды. Тінгі Мамырды атып елтірген. Қалқаманды өлім жазасына кесуді талап еткен Көкенайдың өзі қалыпты ұғымдағы «ұнамсыз кейіпкер» емес. «Өзі батыр, мінезі қатты кісі», — деп сыйпаттайды Шәкәрім. Канынезер еді, қаражүрек еді демейді. Өйткені ол — ата салтының, патриархалдық ғұрыптың сакшысы, яғни заман мен жағдай құрбаны. Поэма-лардың бас кейіпкерлері де өз дәүіріне сай сыр-сипатта. Бірақ өз ортасының әдет-салтын аттап отіш, маҳаббат бостандығына ұмтылады. Бұлар да құрбан — асықтың құрбаны. Әсіреле тағдырының именен аяқталарын бле тұра басқа жол таңдамаган, маҳаббатынан айнымау арқылы ажалға қарай қадам басқан Кебек мінезі айрықша кесек. Қандай сипат, қандай тұрпатта көрінсе де, Шәкәрім бейнелеген кейіпкерлер толыққанды реализм жемісі болып табылады. Бұл реттегі айрықша атап айтарлық бір жетістік — Шәкәрімнің психологиялық талдау шеберлігі.

Айшыкты сөздіш кас зергері Шәкәрім екі поэмасында да көдімгі қара олең ұлғасіне жүргінеді. Бұл — мазмұнға сай тандалған, трагедиялық халді, өзгеше сезім толқынысын алып үшіншисіз, әсіресіз, қарапайым да нақты жеткізер ең ұтымды тұр екенине көвіңіз жетеді. Поэма-лардың баяндау сарыны, көркемдеу жүйесі — бүкіл болмыс-бітісінен кәнігі шеберге ғана тән салқын

сабыр, сөз наркы нақты байынталған суреткерлік, өткен тарихты, көне түрмисти, қазіргі ахуалды терең таңыған билігірлік көршеді. Оқиғаға бай, драмага толы, жаңды тұлғалары нақты дараланған, қаламгерлік мұрат айқын таңбаланған екі поэмандың да көдемі таң қаларлықтай шагын «Еңілк — Кебек» неборі 652 жол, ал «Қалқаман — Мамыр» бұдан екі еседей кем — 372 жол. Бірақ осы шагын колемге романдақ материал сыйған.

«Оятқан ментерте шығыс жыры», — деп, «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» деп, өзінің төл әдебиеттен тыскарғы ең алғашқы онеге мектебш нақты атаған, классикалық тәжік-парсы поэзиясын да, тамырлас, туыстас халықтарға тегіс тиесін ортагасырылым ғұркі әдебиетін де терең таңыған ақынның айрықша қадір тұтқаш шайырлары Хожа Хафиз, Физули мен Науан болатын. Шәкорімнің Фердауси мен Сағдиді де, Хожа Ахмет Ясауи мен Соғы Аллаярды да жақсы белгенді күмәнсіз. Осы жұлдыздай жыңырланаған коп ақын ішіндегі Шәкәрім әсіресе Хафизді жаңына жақын тұтады. Германиядағы Гетеңі де, Россиядағы Пушкиндегі де баураған, жаңа дәүірдегі Европа поэзиясына үлкен ықпал жасаған Хожа Хафизді Шәкәрім өзінің ең ұлагатты ұстаздарының бірі санайды. Үнемі сырласын, мүідасын отырады. Тіпті өмірінің ең соңғы қүндерінде де Хожа Хафизді аузына алады, оны түсіндегі көргенін айтты, бұл — дәм-тұздың гаусылғаны, фәнилік жарықтан бақылық даңққа өтудің белгісі деп біледі.

Шәкәрімнің Хожа Хафиздан аударған өлең-жырларының саны біршама. Бұлардың басым көшпілігі тәржіма болғанымен, біразы Хафиз сарыныңдағы төлтумага ұқсайды. Шәкәрімнің шығыс ұлғисіндегі мұрасы сол тұстағы қазақ поэзиясының ізденіс өрісі, игерген аймағы туралы нақты түсінік берсе керек. Шәкорімнің шығыстық жырлары көркемдік ойдың жаңа бір белесі болды. Мұндағы өрнекті, іірімді жан толықынды, ұлғілі тіл мәдениеті — ұлттық поэзиямыздың Абай жеткізген ең биік тұғырымен деңгейлес.

Шәкәрімнің шығыс тақырыбындағы ең көлемді мұрасы — «Ләйлі — Мәжнүн». (1922 жылы «Шолпан» журналында жарияланған). Тұп негізі Физулиге барып тұрелгенімен, бұл еңбекті қазіргі ұғымдағы аударма деп айту қыны. Ләйлі мен Мәжнүннің ғашықтық хикаясы Низамиге де, Науана да шабыт берген. Шығыстың сөз зергерлершің жыр жарысы нәзира дәстүрі бойынша, ақынның ең басты мұраты жаңа тақырып табу емес, жаңа жол табу, белгілі сарынды өзгеше түрге бөлеу, өзіндік бояумен бейнелеу десек, Шәкәрім қалдырған «Ләйлі — Мәжнүн»

дастарының жылдық тарихы бар ежелгі сюжеттің ең соңғы көрінісі, шыны мәнісіндегі төлтума болып табылады.

Ұлы Абай: «Ғылымды іздең, — Дүниені қөздең, — Екі жаққа үңілдім» — дейтін. Абай мектебінен тағылым алған, Абай жолын жалғастырған Шәкәрім де екі жаққа бірдей назар салады, әлемдік сөз онерін танып-блууге, оның бар жақсысын бойға сіріруге, ел ігілігіне айналдыруға құш салады. Тиіті «шығысым батыс болып кетті» деген ақын аға ізімен, өмірінің екінші жартысында европа әдебиетіне, оның ішінде әсіресе орыс әдебиетіне айрықша ден қояды. Гек коркемдік танымда гана емес, қоғамдық танымда да, омірдің, тіршіліктиң барлық саласында орыс білім-паздарының жолын ұстанады. Қасиегіті синод Лев Толстойдың дінсіз деген жариялаған құндерде айттыған: «Танбаймын, шәкірті мін Толстойдың!» — деген сөз тек әдебиетке ғана қатысты емес. «Толстой кәпір емес, кәпір өзің», «Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың, — Мың сопыны алмаймын тырнағына» — исламшыл діндарларға ғана емес, көртартпа дін атаулының өкілдеріне арналған сөз; дін түнегін гана емес, акқа карсы, әділетке, ерікті ойға карсы реакцияның қозқарасты, зорлық-зомбылық атаулыны айыптастын азаматтық ұран. Толстой сиякты «нұр жарықты» перзенттер бар халыққа ортақ, бүкіл адамзат ұстазы деген пікір түйеді Шәкәрім.

Лев Толстойдың Шәкәрім болмысындағы өзгеше жарық сөүлесі ақынның адамдық тұлғасы мен ағартушылық қызметтінен, ойшылдық кейін мен қаламгерлік қарымынан — бүкіл өмір жолы, өнердегі мұратынан айқын ганылады. Ақын фәни тірлікten аулақтаған, жапанда жалғыз жатқан қундерінде — 1924 жылы Толстойдың ізгілікті, мейірбандық, бауырмалдықты уағызыдаған «Ассирия патшасы Ассархадон», «Үш сауал», «Крез патша» әңгімелерін аударады. Бұл аудармалар кезінде баспа көрмегенімен, қолжаза бүрінде халық арасына көзінен тараиды.

Шәкәрімнің халық бірден қабылдаған, жыр етіп айттын, көшірін оқыған, бірақ кешеуілдеп, кітап бетін 1924 жылы ғана көрген, оның есесіне ақын өлімінен соң, 1935 жылы қайыра жарияланған (баспаға шығарған Бейсенбай Кенжебаев) ең елеулі еңбектерінің бірі — «Дубровскийдің» өлеңмен жасалған аудармасы. Повесть тәржімасына өз тарабынан берілген арнауда Шәкәрім:

Өлшеусіз көп жасаган дүние көрі,  
Тарғы талай жасамақ мұнан да әрі,  
Иесінен басқага мәлім емес  
Қаниша тұрман, қаншама тұргандары,—

деп бастап, қоғамның даму занылықтары, адам мен заман туралы толғанады. Ақыл ой, өнердің жемісі зиянға шыққаны, қоғамдық қайшылықтар нотижесінде каш төгү, қанау құралына айналғаны тұрасында толғана келіш, ақын бүкіл дүниене өзіне бағындырган, ой мен қырды, құрылыш пен суды түгел жайлап, «аяғында шар миши аспанға үшікан», бірақ мейірбандық, ізгілік, бауырмалдықтан айрыла бастаган, бетін теріске бұрған адамзатты тұсейтін жалғыз-ақ жол бар, ол — тіл қаруы, сөз өнері дең түйеді. (Аударма жасалған уақыт — XIX ғасырдың аяқ шені тәрізді, алғашқы аэроплан 1903 жылы ғана аспанға көтерілген еді). Осындай, адам баласын тұра жолға тартқан, «талықнай тас бұлактың көзін ашқан» даналардың бірі — Пушкин дең таниды. Шекерім «адамның түзелмегі» үшін, «гиграт үшін» жазылған Пушкин хикаятын нақна-нақ аударуды мұрат тұтпаганын, оның себебі өз түсіндагы окушы, тыңдаушы қауымының таным дорежесіне байланысты екенін ескертеді. сонымен қатар төржіманың түпнұсқаны сактайтынын. ауа жайылмайтынын да атап айтады.

Прозалық түпнұсқа мен өлең түріндегі төржіманы мұқият салыстырып қарағанда, Шекерімнің Пушкинді ғана емес, жаңа үлгідегі бүкіл орыс әдебиетін жақсы білгені, оның көркемдік ерекшеліктерін көміл танығаны байқалады. Қазақ ұғымына лайықталды дегенмен де, түсін қалған эпизод, бедерленбей кеткен сурет жоқ. Повестің композициялық желісін берік сақтаумен қатар, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің үлкен жетістігі, өлемдік көркем танымға соны жақсылық, тың тыныс әкелген сырлы психологияға айрықша дең қойған. Кейінкерлер тағдырының қоямдық астары, олардың іс-әрекетінің мінез құлыштық негіздері тұра пайымдалған. Аудармашы сөл-пәл еркін кеткен тұстардың өзі түпнұсқада негізі салынған, шығарма болмысымен астас сипатта. Аударма өресін, Шекерім шеберлігін танытарлық бір ғана үзінді келтіреік:

Шал Антон бишик бұлғап, божы қақты,  
Зыр желді көрмедегі ат, шеткі ат шанты.  
Өткениң қанша үақыт пайым етпей,  
Владимир дым терең ой ойлапты.

Ат быр-быр, арба құр-құр, қоңырау шылдыр,  
Тау, ағаш кеін қалып қақты бұлдыр.  
Бұлардан Владимир түк сезбейді,  
Әкетпес әлдеқайда көңіл құргыр.

*Түпсіз ой, түпсіз қиял неше мыңдал,  
Бірі бүйт, бірі сүйт деп тұрады ылдан.  
Түғиңшік тұманданған алдыңғы өмір,  
Тұрганын білт болмас не дайындал...*

Шәкәрімнің «Дубровский». Октябрь қарсанындағы қазақ әдебиетінің ең үлкен табыстарының бірі болды. Жұртшылықтың Пушкин атына біржола қанығуы, орыс мәдениетінің сөүлесін бойға сіңіруі, адам атаулының бауырластығын сезіне түсін өз алдына, жаңа заманға аяқ басқаш, жаңа тақырыптар игерін, жаңа ұлтға кошкен, коркемдік танымы жетілшіп, қаламгер шеберлігі артын, тың тұғыр, соны оріс іздеген қазақ әдебиетінің даму жолындағы елеулі белестердің бірі болды. Ұлт әдебиетінде туған төл шығармадай бойға дарып, өнерді жаңа мұратқа нұсқаған ұлті қызметін аткарды. Қазақ тіліндегі «Дубровский» тек ұлттық әдебиет ауқымындағы ғана емес, бүкіл әлемдік Пушкиниашадагы си елеулі құбылыштардың бірі ретінде бағалануға лайық.

Шәкәрімнің қаламгерлік қызметі тек ақындықпен, аударма-шылықпен шектелмейді. Ғұлама еңбегі сан салалы. Оның сурет-кер ретіндегі мұрасының бір тармағы — проза болса (әйел бостандығы, ескі қазақ аулындағы саяси-әлеуметтік жағдай туралы жазылған «Әділ — Мария» повесі), автор мүлде басқа тұрғыдан көрінетін тағы бір мол арна — тарих пен философия. Бір макалада, Шәкәрімтанудың алғашқы кезеңінде барін қамту, бәрін айту мүмкін емес.

Фалам болмысы, замана тұрпаты, адам табиғаты туралы көп толғанған Шәкәрім өмірдің мәні, дүниенің баянсыздығы жайында да коп жазған еді.

*Қайғы емес қаза,  
Болмаймын наза,  
Ноқталы басқа бір өлім...—*

деп, жас кезінде-ақ өмірдің отпелі кебіш мойындаған ақынның алпысқа аяқ артқан шағында: «Каласын қай сайда...» — деп, өз өмірінің немен тынарын болқаған ақынның қайғылы қазаға ұшырауы да, көмүсіз, отыз жыл бойы ойпанда, құр құдық түбінде қалуы да шын трагедия емес. «Туған жан өлмек, — Тағдырға көнбек», — деген Шәкәрімнің өзі. Ақын өмірі, ақын тағдыры. Ен үлкен қайғы, шын трагедия — Шәкәрім мұрасының

еду жыл бойы жабулы жатуы. Қысастан өлген ақын жаны бір сат кана азап шексе, өзинң ең елеулі қайраткерлерінің бірін санатқа қоса алмаган рухани мәдениегіміз жарты ғасыр бойы жапа коршты. Сол кемістіктиң орны енді гана толын отыр.

«Өлген тірілді, ошкен жаңды» дейді мұндайда қазақ. Қайырымен болсын. Бірақ бұл жаңалықтың, жаңғырудың алғашқы лебі гана дең белейік. Тірілмеск сөз, жапбақ шырақ жалғыз Шөкөрім гана емес. Осыған бос қояйык.

*MYXTAP MAFAYIN,*  
Қазақ ССР-інің Абай атындағы  
Мемлекеттік сыйлышының лауреаты.

Brenn gep





Жаз келер, қысты құнгі қысым өтіп,  
Қар, сүйк, аяз, боран — бәрі кетіп.

Қасыңтай қар, тобықтай тоң қалмайды;  
Бар құдай барша жаңға рахым етіп.

Жетпекке үлкендікке жас балалар  
Жүгірер қырдан ойға дүбірлесіп.

Шал-кемпір құншуақтап көзілі жай боп,  
Өткен күн өмірін айтып күбірлесіп.

Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы туып,  
Қуанып ойнақтайды олар да өсіп.

Сүйтсе де адам көзі бір тоймайды,  
Құдайым берсе-дағы қанша несіп.

1880.

\* \* \*

Жаз шығын, жамашылық жоғалғанда,  
Тал гүлден, шалғын өсіп оңалғанда,  
Көлбендең көкорайдың күрілдетін,  
Орақшы шішеп шауын, шоң алғанда.

Бұлдірген, қарақатты тереміз деп,  
Қызы-келішек сай-сайға жоғалғанда,  
Аулақта құмарымды қандырам деп,  
Асығы ізден баар со барғанда.

Оларға тал — шымылдық, шалғын — төсек,  
Басына жастық қылар томардан да.  
Көз тойын, коңл толмақ иендерде жоқ,  
Болады айрылған соң со да арманда.

Адамда санай берсең көп арманда,  
Мінсіз бақ, сансыз дәulet деп арманда.  
Жанның бәрін жалмайтын күш те керек,  
Айлакеске алдайтын еп арманда.

Ит пен қарға, шошқаға бок арманда,  
Мергенге тұзу мылтық, оқ арманда.  
Гамақсыз, табысы жоқ кәрптерге  
Жалғыз күнгі қарының тоғы арманда.

Жалаңашқа киімнің жөғі арманда,  
Тоңғанға отын менен шоқ арманда  
Талап қылса табылар соның бәрі,  
Мал жаусын ба оларға жоғарыдан да.

Жастық көксеп кемпір мен шал арманда,  
Өсіп үлкен бола алмай бала арманда.  
Еркектей еркін өмір сүрмедік деп,  
Әйелдер де болады және арманда.

Тамам жанға бақ пenen мал арманда,  
Ұрыға жүйрік аттың жалы арманда.  
Жердің жүзін жесе де көзі тоймай.  
Патшалар да болыш жүр әлі арманда.

Кербөзге киімінің саны арманда,  
Науқасқа жалғыз шыбын жаны арманда.  
Кек қуған кер, ызақор, құншілдерге  
Жұтатын дүшинаның қаны арманда.

Бағаласам, адамның бәрі арманда,  
Санай берсем, табылар сан арманда.  
Өзі білмес, білгеннің тілін алмас,—  
Анық ойлан қарасам,— әне арманда.

1880

Жиырма үш жасымда  
Бұл өлең жазылған,  
Табылмай басында  
Өзіне лайық ән.  
Мұңлы, қүйсіз, жесір бол жатыр еді,  
Мінеки, ойланып, өз әні табылған.

Бақытсыз жүргегім  
Жалындал жанып тұр,  
Үмітті тілегім  
Орынсыз қалып тұр.  
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,  
Адасқан асығың мұңлы әнге салып тұр.

Көзіме көріндің  
Ашылмас сорыма,  
Байқамай іліндім  
Сиқырлы торыңа.  
Жаду көзің басымды айландырып,  
Құрбан қыш шалдың ба жарыңды жолыңа?

Кетпестей сөule бар  
Ойымда нұрынан,  
Ол неге жоғалар,  
Айрылман мұңымнан.  
Қарақаттай козіңмен қызықтырып,  
Үстадың жашымды тұзак қыш тұлымнан.—

Қадала қарайды  
Үңгіліп маган жар,  
Жүректен тарайды  
Сондықтан мұңды зар.  
Жүзіп көрмей тұрғанда өлсем нетті,  
Енді жоқ жанымда жанбауга ықтияр.

Нұрынан нұр алыш  
Аспанда жарық ай,  
Келеді қозғалып,  
Жақында бері қарай.  
Аямадың өлер дең мен ғаршті,  
Мейірімсіз сөулем-ау, сырныңды айт, бұл қалай?

Өртеніп жанды ішім,  
Ақыл жоқ бойымда,  
Кетсең де, сәулешиң,  
Суретің ойымда.  
Нұрлы жүзің сипаттап зарланайын,  
Айтайын әлемнің істеген тойында.

Жібектей қап-қара,  
Таралған шашың бар,  
Бұдышсыз тап-таза  
Жаралған басың бар.  
Қардай аппақ әжімсіз маңдайың кең,  
Қынантан суырған қанжардай қасың бар.

Кірпігің тізіліп,  
Миыма қадалар,  
Нұр көзің сүзіліп,  
Ойыма от салар.  
Сиқыр жүзің ақылды байлан алыш,  
Тор шашың шырмалап, басымды ноқталар.

Сүйем деп бір рет  
Келді жан ерінге,  
Сезіп тұр қасиет  
Аузыңдан, тегінде.  
Фәрменіңді айт: шықсын ба, не қайтсын ба,  
Жолыңа құрбан боп, шыдаш тұр өлімге.

Күн батып жоғалды  
Нұрыңдан ұялып,  
Жұлдыз бен ай қалды  
Сәулесцен нәр алыш.  
Жеті қарақышы айналып сеш іздел жүр,  
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып.

Үркөр мен Таразы  
Шашуды шашуға,  
Шолпан да қарады  
Мауқыш бір басуға,  
Темірқазық арқандап қос боз ағын,  
Жаратып ойы бар тойыңа қосуға.

Таң атты бозарып,  
Жоғалды жұлдыз, ай,  
Шыдасын о неғым  
Есі ауып жығылмай.  
Тойға келген таң желі сыйырласып,  
Сызылтып ән салып шырқады боз торғай.

Жұзінді көргелі  
Күн шықты қайгадан,  
Бір коріп өлгелі  
Ұмтылды бері таман.  
Бұлт перде бүркеніп сыйалап жүр,  
Көз жасы — жаңбыр ғой, асық боп жылаған.

Гүл билеп жайқалып,  
Бұлбұлдар сайраған,  
Жорға су тайпалып,  
Бұрандап жайнаған.  
Жел мен бұлт дуана, бақсы болып,  
Дүрілден, құрілден от — қанжар қайраған.

**Бұл әлем айланған**

Асық боп сен үшін,  
Шашыңа байланған

Дертіңің емі үшін.

Үят, ынсан бар ма екен, ойла менде,

Жарадың деп білем, сөuleм ау, мен үшін.

**Ақыл-ес сұрама**

Дуана сорлыңнан,  
Менде ақыл тұра ма,

Байқасаң порымнан.

Жаным-тәнім еркінде не қылсаң да,

Өзіңсің аямай әурелеп қор қылған.

**Көңілде сөuleмсің**

Көздегі нұрым-ау,  
Ақылды астыртын

Ұрлаған ұрым-ау!

Әмір бойы өртенип жүргенімше,

Не олтір, не тірілт, осы шын сырым-ау!...



## *Жастық туралы*

Гауһардай көзі,  
Бұлбұлдай сөзі,  
Жаншинаң асқан бір нері.  
Жүзі бар айдай,  
Мінезі майдай,  
Өзгеден артық сол жері,—  
Дариядай ақыл мол еді,  
Жан ғашығым сол еді.  
Үжмақтың хоры,  
Іздедім соны,  
Тал бойының кірі жоқ,  
Бойы бар сымдай,  
Белі бар қындаі,  
Мүшесінің міні жоқ,  
Қызы осындай болар ма,  
Оны сөккен оцар ма!

Жаудырап көзі,  
Тамшылап сөзі,  
Жібектей шашын тараса,  
Қалмайды халің,  
Шығады жаның,  
Қиғаштай көзбен қараса.  
Бұл дүниеде қызы қызық,  
Бозбалада ой бұзық.  
Сынаптай толқын,  
Тұлқідей жортын,  
Кетеді көңіл әр жаққа,  
Қырандай қағып,  
Алмастай ағып,  
Мұратын түгел алмаққа,  
Ер талабы бос қалмас,  
Толқынды көңіл тоқталмас.

Шырайың қашып,  
Асығыш-сасып,  
Кызы үшін түнде кезгенде,  
Бар малды салып,  
Шаруадан қалып,

Серілер үйден безгенде,  
Қарамай ұят, арына,  
Жаңды қызы жарына.

Аксеру мінін,  
Кылаңаш киши,  
Караган жанға көрінбей,  
Іаденін жарды,  
Ниге тән жекінды,  
Алыс деп ауыл ерінбей,  
Айланы жолдас қасқа алыш,  
Аң көрген лашын бастаңып.

Ауылды барлан,  
Айналы шарлан,  
Баруға тұра бага алмай,  
Көзешшеги багын,  
Жүргегің қатын,  
Далада шыдан жата алмай,  
Барын кел деп жолдасқа,  
Бір хабар алсақ болмас па?

Сын етін жолдас,  
Дыбысы болмас,  
Сүр жыландай сусылдан,  
Елесней козің,  
Оқелер сози,  
Тұрымгайдай қутындан.  
«Тілеймін тілек берсін, — деп, —  
Ер болса үйге келсін», — деп.

Болды деп қынын,  
Жеңілдеп киши,  
Шыр айналып ұршықтай,  
Еппенен барыш,  
Ынтасын салып,  
Тышқан көрген мысықтай.  
Кіргенде еріп есіктен,  
Болмаса жапсар, тесіктен.

Боз үйге кіріп,  
Буының құрып,

Жарыңың барсаң қасына,  
Сипалап жүріп,  
Төсегіп біліш,

Тигенде қолың басына,  
Ақылың кетіп, жан қалар,  
Ғашыңың сонда аңгарар.

Қолыңнан тартын,  
Білегіп артын,

Ақ тамақтан шөп етіп,  
Тал бойың еріп,  
Тілінді беріп,

Сүлдерің қалар ес кетіп.  
А, дұнисе, дұнисе,  
Ақылга соида кім ие?!

Есінді жиын,  
Иіскелеп сүйін,

Оғап да көңілің басылмай,  
Тілекті алыш,  
Тоятың қаныш,

Күйылың түскен лашындей,  
Арманың бітіп жымындан,  
Төсінде жатсаң тынымдан.

Таң жетсе қуып,  
Бой кетер сұып,

Енді қашан келем деп.

Ал, жарым, хош деп,  
Пәлен күн тос деп,

Тез келмесең өлем деп.

Болмады деп таң ұзак,  
Сол болар қайрың жалғыз-ак.

Қысылып таңнан  
Ағарып қалған,

Жатуға болмас жайланаң.

Хош айтып жарға,  
Амалың бар ма,

Қайтуға енді айланын,—

Жатайын десең таң қыын,  
Тастайын десең жар қыын.

Боз үйден шығып,  
Дөң асып, бұғып,  
Ертіп алыш жарынды,  
Шыгарып салып,  
Аулаққа барып,  
Асыққа айттып зарынды,  
Кетесіп таңдан тұра алмай,  
Жарыққа қайла қыла алмай.  
  
Шыңдаи соң белгі,  
Көз сипсаң елең.  
Қараш түр ол жарыныз.  
Жолдақсақа айттыш,  
Ат басын тартыши,  
Жұғіртіп қайта барыныз,  
Бір сүйіп алтын тамақтан,  
Асасың азар қабактан.

## *Кәрілік туралы*

Бар болса білім,  
Сен сөйле, тілім,  
Жан менен дене бірінде.

Ойласаң коңіл,  
Өзіңе жекіл,

Қайратың қалың күнінде.

Жас көңілде жарық бар,  
Кәріде кемдік анық бар.

Не шықпас жастан,  
Қайтпайды тастан,

Ізденуге күшің бар.

Сайрандан жүрін,  
Сансызды біліп,

Қалыңсыз, қызық ісің бар,—  
Жастықтан қызық іс болмас,  
Кәріде ақыл, күш болмас.

Қайратың қалып,  
Ақылдан танып,

Кәрілік келсе басыңа,

Қадірің кетіш,  
Заманың өтіш,

Жан жуымас қасыңа.

Кәрілік деген жұмыс бар,  
Артында таяу бір іс бар.

Азайын күшің,  
Саудырап тісің,

Шалбардай болып бет кетсе,

От басың бермей,  
Үй ішін көрмей,

Сүйегің қалып, ет кетсе,  
Далаға барын сие алмай,  
Киімің жөндеп кие алмай.

Қуарып мұртың,  
Суалып ұртың,

Түзделгі қу бас жақтанып,  
Тұра алмай жатып,



Былшылдаң шатын,

    Өткен күнді айтып мақтанып,  
Жарығың опін көңілден,  
Кәрілік жаман өлімнен.

Қызарып козің,  
Езіліп сөзің,

    Жастының түсін ойыңа,  
Иекпен шайнаң,  
Тіліңмен айдан,

    Жеген ас жұқпай бойыңа,—  
Ет жеген сайын қақалып,  
Аз өлімге тақалып.

Бұгліп белің,  
Таусылып әлің,

    Аяқ пеп қолың құрысып,  
«Кәрі итім, шат» деп,  
«Сейлемей жат» деп,

    Қатының кетсе ұрысып.  
Өлмегенге қара жер,  
Онаң да өзиң бара бер.

Қайғы емес қаза,  
Болмаймын паза,

    Ноқталы басқа бір өлім.  
Туган жан өлмек,  
Тағдырға көнбек.

    Кімді алмайды бұл өлім —  
Шал болмай-ақ өлейік,  
Алла ісіне көнейік.

Қызысyz тәнің,  
Сезімсіz жаның

    Болады кәрілік белгісі.  
Оны да сезбей,  
Үмітін үзбей,

    Келмейді шалдың өлгісі.  
Алпыстан әрі бармандар,  
Аңдамай шал боп қалмандар!

# Жұмбақтар

## I

Өлшеусіз, түпсіз терең бір дария бар,  
Көрмейміз, құр естіміз анық хабар.  
Дарияның суын түгел құятұғын  
Ол сыйярлық ыңдыс бар кішкентей, тар.  
Дарияны сол ыңдысқа құя білсең,  
Керек суы болады козге даяр.  
Онда бірақ дарияны естімейміз,  
Коғбен анық кореміз, байқа, дос-жар.  
Ол суда лай да бар, тұнық та бар,  
Лай судан тұнықты кім айырап.  
Лай судан тазасын айыруға  
Дария корген адамның бәрі құмар.  
Дария не? Ыңдысы не? Тазасы не?  
Корген кім? Айырган кім? Табызыздар!  
Бес шешуі бір жерден табылмаса,  
Шешкен емес, бірталай ой сандалар.

## II

Тамам сөзді сөйлейді сөйле десе,  
Етінен ет кесемін сөйлемесе.  
Айт десем, айттайтұғын жауабы жоқ,  
Сүйгепімді сойлеттім әлденеше.

## III

Бір нәрсе жұртқа мәлім, көзден ғайып,  
Үстауға еш болмайды қолдан тайып,  
Не сынап, не тұстеуге ұқсамайды,  
Кейде көп, кейде кетер тіпті азайып.

## IV

Киім, тамақ, денеден жоқ бір нұсқа,  
Жылдам кіріп, шығады жылдам тысқа.  
Мандайда жалғыз көзі жарқыраған,  
Тұлымының бірі ұзын, бірі қысқа.  
Кей-кейде екі ұрыттау мінезі бар,  
Шағып алыш жүрмесін, байқап ұста.  
Бір кеткен соң қолыңа ғусу қыын,  
Айрылып қалыш жүрме қанылыста.

Шаршау жоқ, арықтау жоқ, талабы жоқ,  
Адам оны жұмсайды көп жұмысқа.

#### V

Тоғыз қатыш жиылыш бір толгатқан,  
Бірін-бірі жуан қын буаздатқан,  
Тогызының күімі тоғыз түрлі,  
Келген кісі сияқты әр тараптан.  
Босанғанда тоғызы бір ұл тауып,  
Балаға екі түрлі күім жапқан,  
Бір күім шешесіне ұқсаса да,  
Бір күім келіп түр бөтеп жақтан.  
Қатындар не? Күім не? Баласы не?  
Көпке күім жетеді не сабенитан?

#### VI

Кішкентай күрең қызыл, дөп-дөңгелек,  
Тамаққа әбден тойса, болады кок.  
Қанға тойып алған соң қарны үлкейіш,  
Үлкендігі кетеді он есе бол.

#### VII

Бір нәрседен үш сипат қылдым қайла,  
Бұл жұмбақты шешерлік адам қайда.  
Бір сипатын ортадан кесіп алсам,  
Орнында тағы болар екеу пайда.  
Біреу деп кесіп алыш тастаганым  
Үшеу болыш жатады басқа жайда.

#### VIII

Бірде емес, тамам санның бірінде емес,  
Не үлкен, не кішкене бірі де емес,  
Ғылым тапқан сипаттың бірі онда жоқ,  
Бұл жұмбақ өлі де емес, тірі де емес.

## Жұмбақтардың шешүі

### I

Жұмбақ — ойды қеңітер, бермейді бөз,  
Таза сұы - шешендейк, дариясы — сөз,  
Оншайын ауызбенен айтылғанда  
Сөзді құлақ естиді, көрмейді көз.  
Ыңғас — қарғы, коз көріп тізбелейміз,  
Оның айтқан дыбысын естімейміз;  
Дария көрген — хат білген жалпы адамдар  
Лай, тұнықты шырынған есті дейміз.

### II

Қарындаш.

### III

Жел.

### IV

Ине керек қылмайды киім, тамақ,  
Үйиңтайыш деп ешқашан жаппас қабақ.  
Жыныслатын бұйымды тігесіз ғой,  
Тұлымдары — откізген жіптен сабақ.

### V

Тоғыз катын — тоғыз сан тоғыз бөлек,  
Тоғыз цифр келеді түсі өзгерек,  
Бірінен бірі жуан бола беріп,  
Ойласаң, тоғыздан он туса керек.  
Киімі оның бір цифр, бір нөл болар,  
Нөл деген — цифрдан жат бір дөңгелек.  
Қанша санды жазса да осы цифр  
Жететінін байқарсыз, болсаң зерек.

### VI

Деп ойларсың таба алмай: «Бұл немене?»  
Таба алмасаң айтайын, ол — таз кене,  
Түйе кене атанып, қанга тойса,  
Көк сүр болып кетеді күрең дене.

## VII

Бір қағазды қи-дагы үш бұрыштап,  
Бір бұрышын ортадан кес дұрыстап,  
Қалған қағаз болады торт бұрышты —  
Үш бұрышты қызының тұрсаң үстап.

## VIII

Жұмбақ айтып не керек әуре қылмақ,  
Керегі сол — ойланып, ой ашылмақ.  
Әлемде әр нәрсенің қарсысы бар,  
Бар қарсысы — «жоқ» еді, осы жұмбақ.

\* \* \*

Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа,  
Қазақ жүр құмарланып қүр ағакқа,  
Анау — қу, мынау пысық, мен — батыр деп,  
Айналды бірін-бірі құрытпаққа.

Ойда жоқ өнер-білім жол табайын,  
Жалмауга жалықпайды өз маңайын.  
Мұның түбі не болар деғен жан жоқ,  
Үрлық, үрыс, араздық күнде дайын.

Өтірікпен өткізіп күнін, айын,  
Демейді жамандықтан жалығайын.  
Анау — шыным, мынауым — сырым ғой деп,  
Сонша жақсы біледі алдау жайын.

Жаз жалымен жібермей жалғыз тайын,  
Тыныштықпен ішпейді тақта шайын,  
Үрысы ұрлап, қуы алдап, сұмы еліріп,  
Құртады үш жақтап тамам байын.

Байдың да ойлағаны ел алайын,  
Білмейді — қу шағып жүр өз бақайын.  
Көзі аспанда, көңілі мактанды боп,  
Тауысқаның білмейді ішкі майын.

Демейді ғылым біліп, жанданайын,  
Мақсұты мақтаң іздең панданайын.  
Қашша үкітірып айтсаң да қалыбында,  
Ойда жоқ жігерленіп қамданайын.

Мінеки, естісеңіз елдің жайын,  
Көтіпен кейін кетті басқан сайын,  
Қайран елім, қазағым, қалың жұртым,  
Кон айтын, аң, дарига, не қылайын!..

Жас өтті тынымсыз,  
Өнереіз, ғылымсыз.  
Надандық жолымен,  
Кеттім ау білімсіз.

Оқытпай баламды,  
О да ости тиосыз,  
Ойламай шамамды,  
Алды-артым жиосыз.

Бақ қайда қынсыз,  
Бос тілек сыйымсыз.  
Қазақ та қажытты,  
Күнім жоқ жиынсыз.

Бір жол бар келгісіз,  
Қайта өмір көрғісіз.  
Ізім жоқ, тұзім жоқ,  
Өттім-ау белгісіз.

Қағазым — жолдасым,  
Қаламым — сырласым,  
Өлген соң белгілі,  
Қайта кеп тұрмасым.

Тіл сорлы жырласын,  
Бекерге тұрмасын.  
Алдынан жарылқап,  
Алла кәр қылмасын.

Ел анау, мен мынау,  
Қайтейш бір басым,  
Аман бол, агайын,  
Татуым, кимасым.

Надандық жаман той,  
Оқығаш — адам той,  
Іздениң коріңіз,  
Ғылымды заман той.

Насихат тегін той,  
Салулы егін той.  
Еңбек қыл, ерінбо,  
Араздық кегін кой.

Ғылым бір кеңің той,  
Ауырсаң емің той.  
Бәріңе жетеді,  
Таусылмас колің той.

Мен қайғы жедім той,  
Қапы еттім дедім той!  
Қазағым, қам ойла,  
Сен де адам едің той!...

## *Aшу мен ынсан*

Білгепімді жазушы ем,  
Бекем буын белімді,  
Міниң айтып қазушы ем,  
Түзетінек боп елімді.  
Бұлдарлық ой менде жоқ  
Бұғаш шыкқан терімді,  
Үңгірарлық пеңде жоқ  
Қате басқан жерімді.

Күштүнің обланын,  
Жазудан да жалықтым.  
Газет, кітап колға алғын,  
Оқудан да талықтым.  
Ел тіліме көнбеді,  
Жыладым да қамықтым.  
Үмітсіздік деңдеді,  
Зорықтым да шалықтым.

Бағасы бір халқыма  
Жабагы мен мамықтың.  
Нанбайды рас антыма,  
Қадірі мол танықтың.  
Айырмайды арасын  
Бұлдыр менен анықтың.  
Енді қайда барасың,  
Тұрі мынау халықтың.

Айла таптай адастым,  
Қайғы артылып мойныма.  
Ақылымнан шатастым,  
Жас төгілді қойныма.  
Ойландым да толғандым,  
У жайылды бойыма,  
Мұндасуға қамданым  
Қайратым мен Ойыма.

Үміт үзген қорқақ Ой  
Дірілдейді қалышылдан.  
«Мұмкін емес, мұны қой»,  
Деп жалынды жалпылдан.

Бір жағынан Еріншек  
Тағы келді салындылдаң,  
« Болмаймын,— деп,— келіншек »,  
Ашу шықты арсылдан.

« Елді сок те жаманда! »—  
Деп үрысты Ашұым.—  
Жамандықтан аман ба,  
Шынын қалай қашуың! »  
Қын болды баяндаң,  
Аяқты қалай басуым,  
Сабыр келді аяндаң,  
« Жарамас,— деп,— сасуың. »

Бөріне де хабар сал,  
Рақым, Ұят, Ар қайдада?  
Қаруынды жиып ал,  
Құр ашудан не пайдада?  
Қайратың мен Сақтығың  
Көріне ме маңайдада?  
Өліше істің актығын,  
Ынсан бар ма оқайдада».

« Өңкей асау мас халық  
Бәрін бойдан қашырған,  
Коп наданнан жасқанып,  
Сорлың елге бас ұрган.  
Рақым, Ұят, Арының  
Бетін топырақ жасырған  
Қайраты қайтыши көрінін,  
Қайғысын сөйтіп асырган ».

Сабыр айтты: « Мына сын  
Сабырымды қайнатты.  
Өңкей ақымак шелді көз  
Ақты қайтіп жайратты?!  
Мені ұстауға шыдай көр,  
Сөйтіп жұмса Қайрагты.  
Ынсабыңа хабар бер »,—  
Деп ақылды сайратты.

Қайратынан қайтқанмен,  
Ол жуырда келсін бе.

Жалт қарасам бетіне,  
Баяғы құрғыр Еріншек,  
Көзім түсті стіне  
Бір уыздай келіншек!  
Құры қозбен қарасам,  
Қызығады ой тентек.  
Ақылмен олшеп санаасам,  
Қозады оғал ескі кек.

Ай, Еріншек, қара жұз,  
Не қылмадың сен маған.  
Енді менен күдер үз,  
Жақында ма бер таман!  
Сенің қылған ісің гой  
Харекетсіз кон иадан.  
Рақымы жоқ жәдігей,  
Қойып едің кімді аман!

Жас қүйімде ерінтіп,  
Шала қалдым ғылымнан.  
Жау қолында керілтіп,  
Жеңілдірдің зұлымнан.  
Өмір кесел үры, қар,  
Не табасың мұныннан.  
Мені өлтірсе залымдар,  
Алушы ма едің құнымнан.

Осы көрген көп бейнет  
Бәрі сенен емес пе?  
Былышылдамай әрмен кет,  
Болмас іске егеспе.  
Әлдекашнан айт бердім,  
Бал берсең де жемеске.  
Рақаттан да жалт бердім,  
Тыныштық бар демеске.

Кетті Еріншек өкпелеп,  
Қайта келіп қонбасқа.  
Өкпеге тағы тепкілең,  
Тарланды салдым болмасқа.  
Кеткенимен жұмыс жоқ,  
Қазақ ісі онбасқа.

Келме деп те айтқанмен,  
Дедім мені менсінбе.  
Біреу шыкты қабірден:  
«Баяғы сорым сенсің бе?  
Айрылмасаң Сабырдан,  
Мен келмейді дейсің бе?»

Ұмыттың ба, ескі жар  
Аяқ бауым — Сабыр ғой!  
Сабырлы ер де менде бар,  
Ол екеуміз тамыр ғой.  
Қайраттанып шакырсан,  
Қаруларың қазір ғой.  
Бәрін кет деп ақырсан,  
Өзіңе қазған қабір ғой.

Ал ақылдас, бәрі бар,  
Дайын қылдым бәрін де,—  
Сақтық, Ұят, Рақым. Ар.  
Ынсап деген кәрің де.  
Біз тұрғанда арамның  
Дәм бола ма нәрінде.  
Қайғы емес қой наданның  
Тығылғаны әріңе!»

Жан кіргендей қозғалдым,  
Тұла бойым шымырлап,  
Жан-жағыма көз салдым,  
Сөйлейін деп қыбырлап.  
Біреу келді жаныма  
Құлағыма сыйырлап.  
Түртіп қалды саныма:  
«Сөйлеме,— деп,— жыбырлап.—

Және сөйлеп барасың,  
Жай отырсаң нетеді.  
Өз мазанды аласың,  
Жан тыныштық кетеді.  
Ауыр қайғы, терең ой  
Өкпеге зиян етеді.  
Тілімді ал да, мұны қой,  
Түбіңе осы жетеді!»

Жалт қарасам бетіне,  
Баяғы құргыр Еріншек,  
Көзім түсті етіне —  
Бір уыздай келішек!  
Құры қозбен қарасам,  
Қызығады ой тентек.  
Ақылмен олиңен сапасам,  
Қозады оған ескі кек.

Ай, Еріншек, қара жұз,  
Не қылмадың сен маган.  
Енді менен күдер үз,  
Жақында ма бер таман!  
Сенің қылған ісің ғой  
Харекетсіз көп падаи.  
Рақымы жоқ жәдігөй,  
Қойып едің кімді аман!

Жас күпімде еріштіп,  
Шала қалдым ғылымнан.  
Жау қолында керілтіп,  
Жеңілдірдің зұлымнан.  
Өмір кесел ұры, қар,  
Не табасың мұнынан.  
Мені өлтірсе залымдар,  
Алушы ма едің құнымнан.

Осы көрген көп бейнет  
Бәрі сенен емес пе?  
Былнылдамай әрмен кет,  
Бөлмас іске егеспе.  
Әлдеқашан ант бердім,  
Бал берсең де жемеске.  
Рақаттан да жалт бердім,  
Тыныштық бар демеске.

Кетті Ерішек өкпелеп,  
Қайта келіп қонбасқа.  
Өкпеге тағы тенкілеп,  
Тарланды салдым болмасқа.  
Кеткенімен жұмыс жоқ,  
Қазақ ісі оңбасқа.

Мен сорлыда тыным жок,  
Ақылдастым жолдасқа.

Сөйлесті бәрі сыйырлап,  
Мен отырдым тыңдауға.  
Жүргегім тұр жыбырлап,  
Дәл тапқанда ымдауға.  
Ойлағанын бәрі де  
Ортага салды шыңдауға.  
Қалжың емес, әрине,  
Керек десті шыңдауға.

Кейбіреуі майда айтып,  
Елжіретті, жылатты,  
Қайсыбірі қайғы айтып,  
Үміттің үйін құлатты.  
Лайтып-айтып келді де,  
Бәрі Ынсанқа сыннатты.  
Ынсан өлшеп көрді де,  
Былайша деп ұнатты:

«Ел саңырау, надан ғой,  
Естіле ме бұл айғай.  
Емделмеген адам ғой,  
Ем бола ма құр ойбай.  
Құлағы мен көзін аш,  
Оқу өқыт, ғылым жай,  
Насихатты сөйтін шаш,  
Соны жүрсің біле алмай.

Газетке жаз, кітап жаз,  
Бастыр, өқыт қазаққа.  
Мақтағанға болып мәз,  
Қала берме мазаққа.  
Сусыз егін не шықсын,  
Сүгар, шыда азапқа,  
Дәмін алып ел үқсын,  
Сонда ұмтылар тамаққа».

Осы сөзді дұрыс деп,  
Жүрек соқты, құптады,  
Тұзу істі бұрыс деп,

Ол жасырын тықпады.  
Айғай салып бақырса,  
Ойсыз құлак ұқиады.  
Қаниша тұқым шашылса,  
Жер жыртылмай шықиады.

Жүқнайды екен айтқан сөз  
Ғылымы жоқ паданға,  
Кеудесінде бөлса көз,  
Жұғар мұндай адамға.  
Ондаі адам қазақтан  
Көп туса осы заманға,  
Босар еді-ау азантан,  
Қазақ шығын самалға.

## *Анық пен танық*

Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ,  
Денеде қандай орын, жайда болмақ?  
Білу, нану, ұнату — ақыл ісі,  
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

Тәп — сезін, құлак — естіп, көзбен көрмек,  
Мұрын — иіс, тіл — дәмиен хабар бермек.  
Бесеуінен мидағы ой хабар алыш,  
Жақсы, жаман өр істі сол тексермек.

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,  
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.  
Дәл солай қалайын деп, ұнағанда  
Ғаділләтті жүргегің бір қозғалмақ.

Бар билік сол жүректен шыгарылмақ,  
Денеге ол шымырлан әсер қылмақ.  
Ойынды дұрыс деме, теріс деме,  
Сол арасын анықтап байқа бірак.

«Жарайды» деп ұнаса бас иземек,  
Жек көрсө жиіркеніп дірілдемек.  
Жүргегінің тілі жоқ, ымбалы сол,  
Ұғып ал да бола ғөр соған көмек.

Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек  
Нәпсі ұнатса болғаны, бәрі бітпек.  
Тәуекел деп ат қойып ықтималға,  
Байлауы жоқ нәрседен пайда құтпек.

Табамын деп талпынып ойына алмақ,  
Өз әліше о-дағы сынға салмақ.  
Аз ойланса қазақтың басы қатып,  
Зиян істі пайда деп қойып қалмақ.

Ықтималдың есігі екеу болмақ,  
Ішне пайда, зиян — бәрі толмак.  
Нысананы сыйалап, дәлдеп атпай,  
Көзіп жұмып оқ атқан қайтіп онбақ.

Іс қылады таптым дең біздің қазақ,  
Онан көрген пайдасы болады аз-ақ.  
Аяғында ол ісі зиян шығып,  
Көрінгенге құлкі мен болар мазақ.

Арам оймен ар сатын үзіп-жұлмақ,  
Міне, пайда қылдым дең мақтанылмақ.  
Біреу білген айланы біреу біліп,  
Өзі құрған дарына о да асылмақ.

Шолақ ойлап, шолтандап сырттансымақ,  
Аса мықты жан шығып көзге дым-ақ.  
Аударысып жүргендे ауыш кетіп,  
Абыройың ашылар, байқа, шырақ.

Шолақ ойдың аяғы осы болмақ,  
Біраз күнге көнілдің хошы болмақ.  
Арсыз, арам, асығыс айлакерлік,  
Мұның бәрі шайтаниң досы болмақ.

Құдай кешер, алла дең күнә қылмақ,  
Ар кетіріп, айт ішіп, жан сатылмақ.  
Не жалғанда, немесе ақиредте  
Оцалмастай өкпеден бір атылмақ!

## *Ер қоспақ пен сөз сөйлемек*

Ер қосқанға үқсайды сөз сөйлемек,  
Қыыстырып, жымпитып қойсам демек.  
Атқа тыныш, адамға жайлыш келіп,  
Көзге сұлу. өзі онды болса керек.

Ол қалайша үқсайды деп ойлама,  
Байқарсың сөзімді оқып, қылсаң шама,  
Ер мен сөзді қаралық салыстырып,  
Біреуіне біреуі үқсаса ма?

Кей ердің алды бінк, арты аласа,  
Оны көрсем қыламын таң-тамаша.  
Алды қаңқаң ерінің, арты жалпак,  
Атын жауыр қылады-ау байқамаса.

Бірсү сойлер басында батыр шығып,  
Жең жіберер кісімсін, жерге тығып.  
Ер жүректі еркекке жолыққанда  
Ыржан қағып жалынып кетеді ығып.

Кей ердің алды аласа, арты бинк,  
Мінбей жатып атыңды қылады иық.  
Бас бітімі бөсөндеу көрінсе де,  
Адырайған артында болмас сиық.

Кейбіреу басқы сөзін дым майда айтар,  
Аздан кейін сөлімен көңіл қайтар,  
Қалжындастып отырып ыза болып,  
Көзі аларып, күресін адырайтар.

Кей ер бар жанға жайлыш, үсті жалпак,  
Жатып алар жалнайып атқа салсақ,  
Желдік салмай мінуге жарамайды,  
Тегіс тиер оқпаны, сонша талпақ.

Кейбір сөз аласалау көзге сиық,  
Көрінер байқамасаң мөлдір, тұнық.  
Желдік салып сақтанбай сене корме,  
Асты арам, үсті жаттық ол бір қылық.

Кей ер бар тар қосылған, тоқым қаппас,  
Шаптай тартып қойсаң да атқа жатпас.  
Ілгерінді, кейінді қоқаң қагып,  
Ат арқасын ыспалан тыным таппас.

Мұны айтшай-ақ білерең өздерің де,  
Ондайларды коріп жүр қоздерің де.  
Қоқаң қаққап, қолайсыз бір адам бар,  
Байлау-маттау болмайды сөздерінде.

Кей ерді сом қосылған дейміз тәуір,  
Атқа жайлы болса да кісіге ауыр.  
Бір желгізбей, астыңа тақ-тақ етіп,  
Міншін алсаң қылады қоңды жауыр.

Кейбіреу тың айтуды қылады өнер,  
Оның сөзі тонастаяу, ашты келер.  
Өршіл жігіт дегенге айтып салып,  
Аузы-басы қан болып шыға берер.

Атқа тыныш, адамга жөне жайлы,  
Алды-арты бірдей сұлу, көзге ынгайлы,  
Оғаш, оғат, оқыра, сываты жоқ  
Ер қайда сыр-сымбаты түгел сайлы?!

Ашылған көз тұра ма бір зат көрмей,  
Мига хабар бармай ма түсі өзгермей.

Әдейілеп көрейін демесең де,  
Қарсы алдыңа қоя ма түк келмей,

Сол сықылды қөңілдің көзі ашылса,  
Көи ойланып қыныга сермей-сермей.

Білер, айттар, ойлатар, хабар жетер,  
Еркің алар, сөйлетер тыным бермей.

Ойдан маржан, меруерт төгілгенде  
Отыра алар кім шыдап оны термей.

Дағды қылсаң даң-дайып істің бәрі,  
Адамзат тұра алмайды әдетке ермей.

Бал ашқан соң оп-оцай бақсы болмак,  
Ол қоя ма ғайыптан хабар бермей.

Тоқты сойып дәндеген тоқтай алмас,  
Жылқы ұрлағыш — батыр бои о да елермей.

Бір рюмкеден басталар маскүнемдік,  
Наша үстінен нашаға өрлей-өрлей.

Ойласаң соның бәрі бір құмарлық,  
Қуа бермей қайтеді тепши-терлей.

Аздан кейін араны ашылады,  
Қаза берсе таусылмас шықкан кендей.

Жердің жүзін қыларсың бір-ақ уыс,  
Бәрінен де өзіңнің кеудең кендей.

Жын да жын, құмар да жын, мастық та жын,  
Өлең де жын, қоя ма бойды жеңбей.

Шын құмар шымыратпай қоймас, сірә,  
Әр жерге соқтықтыраң аққан сендей.

Әрине, бір құмарсыз өмір қараң,  
Ондай жанның тұра алмас оты сөнбей.

Сөйтсе де ифрат бар, тафрит\* бар,  
Жарай ма соны айрыш іретtelмей.

Не қылсаң қыл адамға махаббат деп,  
Мейлің сөк, мейлің үйрест, айла ізденбей.

Ол сүюң шын болсын жалған емес,  
Бұлдыр болма өзиң өзің сенбей.

Дүниекүмар, залалкес бола қалсаң,  
Өлімді ойла келерлік күні ертеңдей.

Маған сөйтсе қайтер ем деп ойланы,  
Адамның баласы ғой о да сендей.

Шырақтар, ең құмарың осы болсын,  
Алла сүйсек — адамды сұй дегендей.

Құмарың — бір ісің көп болсын, жаным,  
Көпке құмар еріншек болма мендей.

Молданың ісін қылма, айтқанын қыл,  
Ерте сақтан, әр іске әдеттенбей.

Қапы қалсаң, қайта оқып, тағы да ойла,  
Деп жүрме сөзің қалды ішіме енбей.

Ой құмар, өлең құмар, малға құмар,  
Бұл үш құмар қоя ма мені көмбей.

Қайрат қайтса, амалсыз бәрі қалар,  
Қайран ой қартаяды-ау өзім өлмей.

Ермегім жок, елімнен үмітім жоқ,  
Қайтейін осындаймен көніл бөлмей.

---

\* Ифрат — дым артық, тафрит — дым кем (Автордың ескерткесі)

## *Мақтау мен сөгіс*

Біреу сені мақтаса, қуанасың,  
Жамандаса жабырқап суаласың.  
Мақтаған кім, сөккен кім — онда ісің жок,  
Бәрібір, сен де елірме дуанасың.

Дос мақтаса, не пайда онан саған,  
Дұшпан сөксе не кемдік көрдің жаман.  
Шын созбенен мақтаса, иә боктаса,  
Мақтау — пайда, зиян ба жамандаган.

Бойда жоқнен мақтаса, яки сөксе,  
Қуанбақ, не кейімек өзіңе еп пе?  
Ғаділ жүрек, таза ақыл мақтайдыңын,  
Солар сөкпес іс қылар жолды көксе.

Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін,  
Дұшпан мақтар елірте бермек үшін.  
Есентемей есірік елің мақтар,  
Көн нені айтса, соны айтыш ермек үшін.

Бұл үш мақтау берер ме саған пайда,  
Мактаулыны білерлік адам қайда?  
Өзіңиен ілгерілер сүйсінерлік  
Жол тан-тағы, ақылды солай айда.

Кейде дос та жамандар нәрсе үшін,  
Дұшпан сөгер сыртыңдан қайрап тісін,  
Өнері жок, өсекшіл ел жамандар,  
Өтірік пе, рас па, көрмей шін.

Келер-кетер зиян жок мұнан тағы,  
Мін болмайды наданның қорламағы.  
Білімділер сөгерлік ісің болса,  
Жоғалта бер, айласын ойла-дағы.

Түйіп айтқан талассыз мақтау, боктау —  
Жақсы іске — ындың, зиянға салар тоқтау.  
Көп наданның сөзімен құйқылжысан,  
Сен де жынды боласың есі жоқтау!

## *Талап пен ақыл*

Талап деген бір жүйрік тұлпар сыйны,  
Бабын ташай мінгенді қылар жынды.  
Тауға ұра ма басыңды, тасқа ұра ма,  
Ал енді оған кісі қайтіп мінді.

Талап шанса ақылға миши алыш,  
Жақсы, жаман бәріне бірдей салыш,  
Анық ақыл адымын ашырмайды,  
Еш нәрсе одан құтылmas жетпей қалыш.

Талап деген ындынмен ентелемек,  
Ойға алыш қызыққанын қылсам демек,  
Ол ісі орайлы ма, орайсыз ба,  
Ойланын оны ақылға салса керек.

Тапқыш ой гой ақылдың магынасы,  
Тоны жүрек болады, мида басы.  
Орынсызға ұмтылтпай тоқтатуға  
Талаптың алты түрлі бар иоқтасы.

Ынсан, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық,  
Галаңқа алты түрлі иоқта тақтық.  
Алтауының ішінде ынсан әділ,  
Өзгесінің тізгінін соға ұстаттық.

Ынсан деген аспайды, кем қалмайды,  
Орнын таптай ол, сірә, қозғалмайды.  
Рақым жақсы көреді аяғанды,  
Адамға қаттылықты ойға алмайды.

Ар демек — адамшылық намыс деген,  
Арың кетпес жағыңа қарыс деген,  
Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,  
Сөз емес күншіл болып алыс деген.

Намыс сол — өзің қорлан кемдігіне,  
Құрбыңмен ұмтылып бақ теңдігіне.  
Алмай оз алдыңғының аяғынан,  
Соктықтай өзің ізден еңбегіне.

Үят сол — аулакта ұял көргендей-ақ,  
Ұрлагаш малың шығып бергендей-ақ.  
Орынсызды істеуге өлғенше ұял,  
«Үят күшті олімнен» дегендей-ақ.

Сабыр деген — әр іске шыдамдылық,  
Катты керек адамға бұл бір қылыш.  
Қолы жетпей талай жан ызданады,  
Осыдан коп шығады адамшылық.

Сақтық деген — орқашан байқап жүрмек,  
Найда ма, не залал ма, ескерілмек.  
Көргенші, естігенин есенке алса,  
Сонда оңай әрбір істі ойлан білмек.

Ойменен, талаппенен болды сегіз,  
Айтылмай ойда қалды неменеміз.  
Әзге жақсы мінездің бөрі-дағы  
Шығады осылардан түгел деңіз.

Сабыр, сақтық, ой, талаи болмаған жан  
Анық төмен болмай ма хайуанинан?  
Бінсан, рақым, ар, ұят табылмаса,  
Өлген артық дүниені былғағанинан.

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық білім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жарқыран қараңғыдан туыш күпім.

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,  
Айнадай айқын болды әлем сыры.  
Талпынын орыс тілін үйренумен  
Надандықтың тазарын кетті кірі.

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың.  
Алдамназ, арам сопы кәшір қойдың.  
Жашымен сүйді әділет, ардың жолын,  
Сондықтан ол иесі терең ойдың.

Толстой кәшір емес, кәшір өзің,  
Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзің.  
Көңгілің соқыр надансың, бейілің қара,  
Нұр жарығын қалайша көрсін көзің?!

Көнбеймін дішді теріс бүрғаныңа,  
Сопының бара қойман құрбанына.  
Ақиқат сырымды айтсан, Голстойдың  
Мың сопыны алмаймын тырнағына.

Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,  
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.  
Тапқыр, адал, ақ ииет адамдардың  
Алданбайсың артынаң ере берсең.

## *Озіме*

Қолда қалам, козде жас, толқынып ой,  
Жиіркенін, тітірең, салқындал бой,  
Тозған мола сықылды сүм көрініп  
Өткен күнде қызыққан сауық пен той;

Қашың қашың, жасаурап екі көзің,  
Не болдым дең табалаң озиңді озиң,  
Өткен іе ойта түсін ойлатады  
Қынысызды қызық дең қуған кезің.

Және ойыңа келгенде алдыңғы жақ,  
Сүм жүргегің кейиді қозғалып-ақ.  
Артың — анау, алдың су — көз жетпейді,  
Өтетүгүн қамынды ойланып бақ.

Неңді аяйсың, отырсың кімді кимай,  
Құтырдың ғой тәуір-ақ жерге сыймай.  
Салып-салып сандалып отырмысың,  
Жоқ өзің өз нәспінді ерте тыймай?

Досың қайсы, қимастай елің қайсы,  
Ел салмагын көтерер белің қайсы?  
Аузың темір татиды бәрін татып,  
Жалғауды қимайтүғын жерің қайсы?

Дүниес түр қалпында өзің кездің,  
Бәрін көрдің, гүбіне көз жібердің.  
Ешкімнен көретүгүн дәнeme жоқ,  
Өзінді-өзің өлімге ұстан бердің.

Пайдасыз бен баянсыз қуған ісің,  
Тұпсізді толтырам дең кетті қүшиң.  
Ентелеген еңбегің бәрі жанбай,  
Ақ өлімді шақырдың,— сол жұмысың.

Енді қайтып сен мықты бола алмайсың,  
Жас қүндегі тұғырға қона алмайсың.  
Кейін баспай, ентелеп ілгері бас,  
Көт айналсаң, еш жерде оцалмайсың.

Кұдайдан жарылқа дең жәрдем сұра,  
Сен талайды қылдың гой біле тұра,  
Аяғынды аңдаң бас, олім таяу,  
Карсы алдыңда дайын тұр қазған ұра.

Соны ойла, озге қызық істі ойлама,  
Біреуге олім, біреуге күніті ойлама.  
Кеткен қайта келмейді кейісек де,  
Тұнде корген көлеңке тұсті ойлама.

Кокіректе толған шер, көңіл қаяу,  
Ермейсің дең елім жау, досым баяу.  
Сүйер кісім, сүйенер жақынам жоқ,  
Бір өзіце сиышдым, бар құдай-ау.

Елге консем ақ жолдан адасамын,  
Конбей жүрсем, коп итпел таласамын.  
Тек отыреам, тенкілен шыдатнайды,  
Енді қайтшы бүл елмен жарасамын?

Бір момышың үстасам тұзу ісін,  
Жондейш дең гарінтің жоң жұмысын,  
Ақтан безген ары жоқ өңкей залым  
Арылдатын жабады ит пен құсын.

Кон тобетке жетеді қайдан құшм,  
Құтқара алмай адалды нысады ішім.  
Қабагыңың қаққашша қас болады  
Жақынам дең болысын жүрген кісім.

Осы құнде арамың жолдасты мол,  
Қу мен ұмды кім жиса — шын мықты сол.  
Мактаң, атақ іздесең құдайдан без,  
Ардан қүсін, арамың біреуі бол.

Мұны қылсаң боласың сен де мықты.  
Қайдагы қу, алдамнаң торғе шықты,  
Ел ішінде сенен қор жан бола ма,  
Үстаймын дең отырсың адалдықты.

Елеуреген есірік елдің бері,  
Өңкей батыр пәлекор жас пен кәрі.  
Сені адам дең ескеріп кім елейді.  
Құлан қалған қу молаң кімге дәрі!

Әрине, сен де бірге жүрсең екен,  
Көтінді ашып, көйлекті тұрсаң екен.  
Абұйыр жоқ, сана жоқ, ақтан безіп,  
Дамбал шеш ит зікірге кірсең екен.

Мен адамын дегенге жолдас қайда,  
Екі көзі төрт болып қалар сайда.  
Сырласы жоқ, сырласар жақыны жоқ,  
Бар сүйенши, ұмті бір құдайда.

\* \* \*

Бір аллага сиынташ арам өлмес.  
Құдайсыз қу қолынан іс те келмес.  
Бейілін бекем буган белі сыйбас.  
Ел бұзса да адалдық озгерілмес.

Адамзат озін озі синау керек,  
Тазалық, одындікті үнау керек.  
Өлсе де тұра жолдан мойын бұрмай,  
Ақтап көрген бәлеге шыдау керек.

Не шыда, не залым бол — бірін таңда,  
Ойтеуір, ақылны таш, ерте қамда.  
Момыш бол, не бұзақы, не батыр бол,  
Қазақ тыныш қоймайды не қылсан да.

Адалға орын емес қазақ іші,  
Татты ғой сор арылмас таза кісі.  
Өзін асырар қазақтың өнері жок.  
Бірии-бірі талайды бар жұмысы.

## **Жуандар**

Жуандар, елді билен не қылмақсың.  
Өздеріңе айтқызыса әділ-ақсың.  
Мен қарасам сендердің бетің төріс,  
Обден асын ақ жолдан адаснақсың.

Миңсты жаинан айтгайын, тыңдан қара,  
Ел алыш, жауды жеңіп шықшақ дара.  
Шартшың басының — батырың сол,  
Қайратты мол, никен ант, шашқан нара.

Малмен сатын алғап соң ел де онықі,  
Ерікеіз кісісі жоқ жер де онықі,  
Қарсы келсең басынды қағын тастар,  
Болмасыңа амал жоқ сен де онықі.

Кана тойған иті коп қарсы келсең,  
Жаның қалар, тақсыр-ау, сен біл десен.  
Көз көрмескे кетерсің, көтінді қыс,  
Құдеріңді үз жанынан, тек жүрмесең.

Жақын жүрсең жеткендей төбең көкке,  
Жуансың дырылдайсың сен де қонке,  
Дос болсаң да айтқашың қате қылма,  
Бәрің соның құлы бол тесік өкнег.

Мақсұты тамам жаңды өзі білмек,  
Ол қашан өзгелерді көзине ілмек.  
Сатса мейлі, қонаққа сойса да еркі,  
Халықты қой есепті айдан жүрмек.

Мышаны қыр дегенде қырын таста,  
Ол айтқан соң лажың жоқ қырылмасқа.  
Жанның бәрін жүргізбек жарлығымен,  
Жуандардың ойы жоқ онаи басқа.

Басында жеңбек болын бір дүшшанын,  
Неше түрлі қатерге салар жаңын,  
Жолы болын алғап соң актан безін,  
Есі шығын, білмейді не қылғанын.

Тәкаппардың білсөніз анық жайын,  
Пенде екенин ескермей басқан сайын,  
Алас ұрып аснаңға шығып алыш,  
Әбден ұмытыш алады бір құдайын.

Ақ болсын, қара болсын — озі синар,  
Біреуді қор, біреуді мыйқты қылар.  
Ақ жүрек, ақыл қозбен сүнінгә алыңыз,  
Кім болмақшы болыш жүр енді осылар?

Қара қылды қақ жармақ болды мүмкін,  
Байқаңыз, қылған ісі жөнді мүмкін,  
Әділ болмай, айтқаңын қылмак болса,  
Осылар тәнір алды оңды мүмкін?

Үміті — сүйгешіңің бөрі болмак,  
Бір шыбықпен айдаса көзлі толмак.  
Ақ десе, қара десе ерік өзінде,  
Ойлашы, бұл мінезбен қайтін оибақ?

Қарсы келсең, басыңды кесін алды,  
Ұнаса арамнаң да ішін алды.  
Жашың бәрің бір өзі құлданбақшы,  
«Мен де құдай» демеген несі қалды?!

А, құдай, сондай жаман ойдан сақта,  
Өзің кеш, қара болсақ, өзің акта.  
Бір құдайға құл болсақ — жетеді сол.  
Біреуді құлданбаймыз құтырсақ та.

Жігіттер, анау ойдың түбі жаман,  
Ондай жолға кірген жан шықпайды аман.  
Кім біледі, тәңіріңің өзіне аян,  
Оларға өлгеннен соң қандай заман?!

Қазақтың көп жұмысы не десеніз,  
Айтайын жамандады демесеңіз,  
Корғенінді сөйле дең айтқызың ан,  
Қайта айналыш етімді жемесеніз.

Бұл елде басты жұмыс ел қыдырмақ,  
Бай ауылға түстеніп наїда қылмақ.  
Онаи озге зияны тимей кетсе,  
Сонымен ақ сыйайы кетсін бірақ.

Іздегені болмайды жалғыз ғамақ.  
Басқа да жұмысы бар байқастамақ.  
Келгеп кездे бай менен қонақ тату,  
Қайтарында болады қырыш қабақ.

— «Ассалаумагалайкүм!» — Кіріп келді,  
— «Уағалайкүмассалам!» — Орып берді.  
Көрпе салды, «Жоғары шығыңыз!» дең.  
Торге барыш сый қонақ отырды енді.

— Мал жапыңыз аман ба, бала-шага?!

— Шүкір, жүрміз сиыныш бір аллаға.  
— Қымызы сашыр, қопакқа мал әкен сой.  
Шай қайната беріңдер, отты жаға!

Естіп білген сөз бар ма жақсы, жаман?  
— Жат хабар жоқ, ел тыныш, халқың аман.  
Бір көріп қайтайын дең жүзіңізді,  
Амандаса келіп ем сізге таман.

Семіз бе сіздің елдің малы? — дейді  
— Тым аса семірген жоқ әлі, — дейді.  
— Жолығып жолда аралап байқап едік.  
Жылқыңыз семіз екен, бәлі, — дейді.

Бұл қазақ әңгімеге сондай олақ,  
Тауып айтқан бар сөзі болды сол-ақ.  
Тамақ тойып алған соң, жұмыс бітті,  
Ал енді аттанарға келді қонақ.

— Аз жұмысым бар еді сізде, — дейді.  
Біразырақ ақша бер бізге, — дейді.  
Тірі болсам, кіспіз екі қелмес,  
Зарықтырар дең күдер күзбе, — дейді.

— Осы кезде ақша жоқ қолда, — дейді,  
Бермеді ау дең тіпті алаң болма, — дейді.  
Бар күніндегі кім болса, сол алады,  
Сізден аяп тұрғаным сол ма,— дейді.

— Ол жоқ болса, бір аттың берші майын,  
Дұспаныма мақтаныш жаз жайлайын.  
Екеуінң біреуін бермесеңіз,  
Қасарысқан бір жолың, мен не айттайын.

— Семіз атым жоқ еді биыл, — дейді,  
Ақша да жоқ, қолымда тиын,— дейді.  
Аямаймын, орайы келмей отыр,  
Қатты батын отырсыз қыын,— дейді.

Бермеген соң сол қонақ өкпеледі,  
Елемеді мені дең кектенеді.  
Не ақша, не ат майын бермеді дең,  
Әлгі байды талай жан жек көреді.

Берсең етті біреуін, бос жібермей,  
Өкпелеттің қонақты, бірін бермей.  
Мал сойғаның, күткениң бәрі зая,  
Қане, қалшы сонан бір зиян көрмей?!

Байда жаза немене: малын сойды,  
Қымыз ішті, шай менен етке тойды.  
Қонағыңыз тым арсыз болды білем,  
Бай бермесе, өз малын бермей қойды!...

Зиян тартпай қалмайды осыдан бай,  
Болмаған соң қонақтың көңлі жай.  
Көрінгенге көз сүзбей күнін көрші,  
Қазақ қашан ел болар, құдайым-ай!



## **Өлгөн көңіл — ындынысыз өмір**

Қабагышап қар жауган  
Қараңғы бұлт жоғалды,  
Қасқара алмай бет ауган  
Қаһарлы жел де оцалды,  
Қошнейн дең қыбырлан,  
Ел қыстаудан қозғалды —  
Жаралы жүрек жыбырлан,  
Жазылмай жалғыз сол қалды.

Қырдан ойға дүбірлең,  
Жас балалар шуласты,  
Күншуақта құбірлең,  
Кемінр шал да сырласты.  
Қызы-бозбала бір бөлек,  
Әзілдесін дуласты —  
Оліп қалған сүм жүрек  
Оятсам да тұрмас-ты.

Бетіме жылы тиеді  
Күнгейдегі күншуақ,  
Жан жылыны сүйеді,  
Жанға рақат осы уақ,  
Олі жердің сүйегін  
Тірілті жайнап жапырақ —  
Жаралы менің жүргегім,  
Жайнай алмас сол бірак.

Күн нұрымен көгеріп,  
Жауқазын шықты жалбырап,  
Жер жүзіне оң беріп,  
Қызыл гүл бітті албырап,  
Тоң еріді, қар кетіп,  
Жан-жануар балбырап  
Кайғылы көңіл тырп етіп,  
Қабагын ашпас салбырап.

Қолдағы малға төл еріп,  
Жандыдан өсіп жан шықты,  
Жаңадан құдай жан беріп,  
Неше түрлі мал шықты.

Қатын қалған желінен  
Каймағы бар бал шықты —  
Кайтылы біздің көңілден  
Кайтырган сайын қан шықты.

Жер жүзіне нұр жауыш,  
Күн жылдыңды, шөп өсті,  
Бие байлан, қой сауып,  
Буаз малдан тол өсті,  
Жаңған оттай жағындаған,  
Жайлатауга қарай ел кошті  
Жаңбақ түгіл, жабырқан,  
Жаралы жүрек қайта өшті.

Көкорайға қонғанда,  
Қозылар ойнар дүркіреи,  
Жаздың күн болғанда,  
Жаңбыры жауар күркіреи,  
Жаралы біздің коңілге  
Бір тамбайды сіркіреи.  
Таяңды ғой өлімге,  
Қақырық басты кіркіреи.

Амандаса келісіш,  
Бір бағыланда сойғызар.  
Кел дең аяқ берісіш,  
Қымызға әбден тойғызар.  
Тері жадыран жайылды,  
Дене балқыш, бой қызар.  
Қайғы менен уайымды  
Ойлауды да қойғызар.

Бағылан етін балқытыш,  
Біріне бірі же десіп,  
Шаттанысыш, шалқысыш,  
Кем-кетігін тенесіп,  
Әзілдесіш, аз сөзге  
Қылтың етіш, егесіш,  
Сөз қылар екен сол кезде  
Біз байғұсты не десіп?

Адал кісі еді-ау деп,  
Алғыс айтып алғай ма.

Аз-кемді о да жеді-ау дең,  
Әйтпесе согиң, қаргай ма?  
Ақылы болса кешер-ақ,  
Алладан сауан алмай ма,  
Алал еді десер ақ,  
Тәншір алдына бармай ма?

Мен бір тілең золикин.  
Басыма соқна, дауың жоқ.  
Тенкілеме,— өлікін,  
Шайтаннан басқа жауым жоқ.  
Қызығын сендер ұмтылар  
Қасыма ерген қауым жоқ.  
Жазамды кешің, ұмытыңдар,  
Жазадан, сиро, сауың жоқ.

Мен кеттім де, сен қалдың,  
Зияным енді тие ме,  
Ненди жұттым, иенди алдым,  
Кепсекші жалғыз иене,  
Саған да сауан керек қой,  
Кім сенеді дүниеге?  
Осыны білген зерек қой,  
Жолықасың киеңе.

Жоқ болса ақың өзімде,  
Қалғандарды зарлатпа.  
Өтірік болса сөзімде,  
Оныма мениң алдатпа.  
Ақың болса бет алыш,  
Көң жегімге қарғатпа.  
Өлгенге өтірік дау салыш,  
Қайыңды талға жалғатпа.

Өлген жаппның моласын  
Тенкілемек өнер ме?  
Онымен қайтшп оқасың,  
Ойласаң, найда келер ме?  
Өзімнен басқа өр кім бар,  
Бәрің де жендім дей берме.  
Алдыңда қын бір күн бар,  
Аитығын, асып, елерме.

Ақың болса басымда,  
Осы күнде мені өлтір.  
Отырмын ғой қасында,  
«Озиңің жазаң» дег өлтір.  
Жазам болса тартайын,  
Қолыңған келсе, әне өлтір.  
Обалымды артайын,  
Қызықсан босқа және өлтір.

Ол қолыңған келмесе,  
Ойнақтама, дулама.  
Ойлашы озің ендепе,  
Сорап қоңғаң тола ма?  
Әйтсең катын болғаның,  
Еркек олай бола ма?!  
Ол емес кой оңғаның,  
Мұнымен кісі оңа ма?!

Біреудің міниң кешірсең,  
Саган да құдай кешеді.  
Бәрін де қылмай есірсең,  
Төбендей әлі-ақ теседі.  
Коңілі жұмсақ адамның  
Күрмеүін алла шешеді.  
Рақымсыз, бейілі жаманың  
Орыны дайын деседі.

Мен — досыңмын, жау емес,  
Еліре берме, қайта ту.  
Жұрегім дергіті, сау емес,  
Сол себептен сөзім — у.  
Ашы ден алмай қоймаңыз,  
Аңсағаңда керек су.  
Абайлан артын ойланыз,  
Алды ғой алдан өңкей ку.

Мен өтермін, кетермін,  
Жоқтарсың мені бір кездे,  
Жәрдемі тимес, нетермін,  
Білгенім осы бір сөзде.  
Мақсатың қайсы, десен кім,  
Осының түбін шын көзде.

Бар ақылым — осыным,  
Айтарым жоқ тіпті озге.

Максатың болса орынсыз,  
Сілкіни жүріп сыға бер.  
Жолдасың болса тойымсыз,  
Козішे құмды тына бер.  
Қызығын жүрген ісің кім,  
Ерте есептег ұға бер,  
Сеніспиң жүрген кісің кім,  
Жалмауыз болса жыға бер.

Мен жау болсам, кім досың,  
Байқадың ба оны озиң?  
Өзгелерден сен шошын,  
Жау десең де мен — козың,  
Түбіндегі менде айла жоқ,  
Аллаға дайын мінезім,  
Тойымсыз қудан пайды жоқ,  
Шың жақындық бұл сөзім.

Аллаға айла қылушы ем,  
Жау жықпасын туды дең,  
Сескенің, ерте-ақ блуші ем  
Ішкізер құлар уды дең.  
Жазалы қылмас құдайым  
Айланы ақпен жуды дең,  
Деуші едім өстін шыдайын,  
Құрытпас па екем қуды дең.

Мен көргенді көрмейді ау  
Қайратты өңкей бағырым.  
Қайтейін, тоқтау бермейді-ау  
Ку, залым деғен кәшірің.  
Үқпаган соң лажым не  
Жан досым мен жақыним,  
Үққаның болса қамын же,  
Ондастың құдай ақырын.

Ку менен сүм биледі  
Берекел байымды,  
Бәрімізді ұндаій иледі,

Сіңіртней ішкен шайымды  
Күйдірген соң шыдатпай;  
Коре тұрын жайынды,  
Кім айтады мен айтпай  
Сендерге енді уайымды?!

Олімпің хақ екенін көрсөң де,  
Өлмestей омыраулап шатасың.  
Дозақтың барын біліп жүрсөң де,  
Күнөға әлің келсе батасың.

Сауал кон гибадатқа десең де,  
Жалығыш, жалқауланыш жатасың.  
Алланың адал ризығын жесең де,  
Арамды әдеi ізден татасың.

Сыртынды сыланасың өң беріп,  
Іциңиң түзетнейсің қатасын.  
Айламен алдағанды жөн көріп,  
Адамды аң орнына атасың.

Жалғаның бір пайдасын көргенде  
Арланбай арынды да сатасың.  
Алланың ақ өлімі келгенде  
Амалсыз қара тастай қатасың.

## *Омір*

Біреу маған от жақ дең қылды бұйрық.  
Жағайып дең үмтыйдым, көңл жүйрік.  
От жаққалы жатқашым бір үлкен үй,  
Отын жиңиш қойынты талай күндік.

Шақнақ шагын жібердім, қуга түсті,  
Тұтандырыш алуым болды күшті.  
Кызыл өңеш болғанда азар жанып,  
Соған шейін асығын ішім пысты.

Отқа әкеліп отынды салып еді,  
Жалын шығын ланылдан жанып еді,  
Үй жылынса қайтейін, залал да кон,  
Жалын барын талайды шатын еді.

Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды күр.  
Отын бітті, үрсем де жана алмай тұр.  
Жалынды оттай жайнаған қайраш өмір,  
Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір.

Үш-ақ түрлі омір бар, бәрі де мас,  
Бір рәуішті болады шал менен жас.  
Ең керекті дегенің ортанышы өмір,  
Түгел қолың жетиейтін бір жанталас.

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,  
Өкініші қалмайды кетсе ағатың.  
Құні-тұні дей көрме, ғылым ізде,  
Қалсын десең артыңа адам атың.

Өмірдің басы бала, ортасы адам,  
Қаргайып шал болған соң кетті шамаң.  
Мақтаап жүрген өмірің осы болса,  
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам.

## Қалжыңышыл қылжакбас

Жайдары, күлдіргіш қалқам,  
Үятсыз, әденсіз, салқам,  
Күлгепім бір сенің арқаң,  
Ыржакта, қылжақта, әйда!

Мазақ қыл кориген жанды,  
Онер қыл қылжақтаганды,  
Созіңе құмарым қанды,  
Жыртақта, бұлғақта, әйда!

Жолыққан кістіңе соқтық,  
Қалжыңға қосып айт бөктық,  
Осы ғой сәулесі жоқтық,  
Сен келдің, мени билдім, әйда!

Ішің у, сыртыңды майла,  
Есердің бәрін де жайла,  
Күлкімен көздерін байла,  
Сенделдің, жөндедің, әйда!

Созіңе күлгенді ұна,  
Күлмесе жалынын сұра,  
Сөйлесең аузыңды бұра,  
Жедің бок, әбден соқ, әйда!

Бай өлін, баласы қалса,  
Қасына сені ертіп алса,  
Қылжақ пеш құлкіге салса,  
Гамақ тоқ, қайғы жоқ, әйда!

Жағасың қүлкімен жүріш,  
Шығасың ішіне кіріш,  
Аласың аузынаң жырыш,  
Бұлтылда, жылылда, әйда!

Маймыл бол есерге сондай,  
Арсылда адамға болмай,  
Ит болыш өгесің оңбай,  
Жырқылда, тырқылда, әйда!

## *Сөз сынап, олең өлшемен*

Сөз жазамын түшімен  
Бар үйкымды қашырын,  
Тығыш қойман мұны мен  
Еш адамнан жасырын.

Мен кетермін, сөз қалар,  
Ақ қағазға басылып,  
Бозбалалар қолға алар  
Әр ауылға шашылып.

Оқырсың да қолға алып,  
Сөздің миңн табарсың,  
Өз сөзіңде оң салып,  
Дауды жүндей сабарсың.

Болмасам да қасында,  
Алды-артынды қамарсың.  
Миң бар ма басында,  
Байқастамай шабарсың.

Білімді жүргіттың ақыны  
Біздің сөзді сынамас.  
Жазушының жақыны  
Қазақ мұны ұнамас.

Сынасарсың өзінді,  
Мениң түгім құрамас.  
Өлген кісі сөзімді  
Сынама деп сұрамас.

Сынасын деп жазғамын,  
Сынама деп жатпаймын.  
Қазақтың мінін қазғамын,  
Айтқанымнан қайтпаймын.

Қазақ сыншыл болса екен,  
Болмасын деп айтпаймын.  
Жетегіме ерсе екен,  
Өлсем де тыныш жатпаймын.

Мен жетелен өлемін  
Орге қарай казақты.  
Олсем де ойын бөлемін,  
Сөзбен салып азанты.

Білімдіңің сөзіндей  
Сөзім демен таза, ақ-ты.  
Қазақ болса өзімдей,  
Кыла алмайды мазақты.

Қазақтың жайы белгілі,  
Олеңің оңкей құрама.  
Байқадың ғой ендігі,  
Оны менен сұрама.

«Аулым қонды Нұраға,  
Мінгсін атым сүр ала».  
Керексіз сөзбен бұрала,  
Қазақ сөйтіней тұра ма?!

Сөзімді өлшеп қараңыз,  
Үәзінге дәл шыға ма,-  
Қазақ деген балаңыз  
Үәзінді де ұға ма?!

Сөзді әнге дұрыстап,  
Өлшеуменен сырға ма,  
Сыймаса да сырықтаң,  
Зорлық қылыш тыға ма?!

Шаранамен туын едің,  
Бөз оранып өтесің,  
Бір сағымды күшип едің,  
Қай уақытта жетесің?  
Қанша дәүлег жишип едің,  
Бәрі қалды, нетесің,  
Мал үшін жан қишип едің,  
Қайтпін алыш кетесің?!

Достыңыз зор,  
Дұспаның көр,  
Бар тілекке жетсеңіз,  
Сансыз бақыт,  
Алтын тақыт —  
Барша жашшап өгсесіз,  
Қалса уайым,  
Болса дайын  
Нені талаң етсеңіз,  
Бәрі қайда,  
Несі пайда —  
Түк ала алмай кетсеңіз.

Дүние қу,  
Бір ағын су,  
Түстік онда шөп болын,  
Күнде ағамыз,  
Сандаламыз,  
Бейшегіміз көп болын,  
Кейде тасқа,  
Кейде ағашқа  
Соқтығамыз дөп келін,  
Суынан да,  
Уынан да  
Құтылармыз жоқ болын.

Дүние ағын,  
Сусыл қағын,  
Фәни көлге құйылар,  
Бірі ерте,  
Бірі кешке  
Шөп те келіп жиылар,  
Көлге барын,  
Тыным алыш,  
Бәрі сонда сыйылар,  
Алды тыныс,  
Болды тыныш,  
Су ағыны тыйылар.

## *Nasixat*

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сезімді әбден ұқ,  
Білгеніңің жақсысын қыл, білменгенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті, білменгенді қыл ишкірт,  
Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.

Өнеріңі құр шірітпе, орына анық жұмсамай,  
Өкінші кетпес оның өз ойыңда босқа өлер.

Қай ғылымды білсеңіз де қазир оны елге жай,  
Құры ішніде кеткеннише пайдалансың өзгелер.

Шын наданға білгениңді ұқтырам деп ойлама,  
Қанша бидай шашсан-дағы болмас еғін тасты жер.

Тотыга тіл үйретілсе, сөзі — адам, өзі — құс,  
Сол сыйылды ол наданды ермек үшін сөйлетер.

Қара тасты қашға малсаң, о да маржан бола ма?!  
Тесік ыдыс су құйылса, өзі қалар, су кегер.

Шын залымға берме ғылым, ол алар да оқ қылар,  
Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды хайла егер.

Қарғысына сен қаларсың, елді алдан ол алар,  
Ақылы жоқ, малы контың бір талайын еңретер.

Дұниен түзетуші һәм бұзушы бір ғылым,  
Әрі залым, әрі ғалым — ел түбіне сол жетер.

Шын надандар білмесе егер естілердің қадірін,  
Оған ұрып сөкпеніздер, шын ғұзырлы пенде сол.

Неге десең, білсе надан, өзі надан бола ма,  
Оқымаған бір балага хат оқытсаң жөн бе сол?

Әр адамның өз жұмысы, қалған ісі әр бөлек,  
Ол наданның жұмысы жоқ ғылымыңызben еш заман.

Білменгенді үйренип, білгенді қылса есті сол,  
Білменін — білмен, білгенді қылмау — сол жаман.

Сізге келсе кей надандар үйренемін деп ғылым,  
Үйретудің ақысы деп бір тиын да алма одан.

Неге десең, сен білесің алғаныңың не екенін,  
Ол біле ме бергеніңің пайда екенін я зиян.

Шикі надан ақылы жоқ жас баламен бір есеп,  
Біле тұра алдап алмақ естілердің жолы емес.

Ғылым үйретпек, ақы алмақ сауда есенті болса да,  
Балалармен сауда қылмақ шариғатқа жөн емес.

Сізге надан қашша малыш босқа берсе алмаңыз,  
Неге десең, ол өзіңдей ақылы бар кісі емес.

Пайда қылмай бір адамға, пайда қылма сен де онан,  
Ориқашан тырмалайды соны барып.

Неше күндей қажқалаң тескен соны,  
Іздеген маңсаутина жеткен қолы.  
Омірлік азық қылыш жатайын деп,  
Жолдасынан жасырған айттай оны.

Алдынан ұя жасап, жатқан бұғып,  
Қарны ашса жеп жүреді кіріп, шығып.  
Жолдасының біреуі келе жатса,  
Тесікке қояды екен тығын тығып.

Жиылыш келді бір күн шәкірттері,  
«Сізді бір көрмедік,— деп,— көптен бері,—  
Тышқан көп деп тамағын тықты бұл ел,  
Ала алмадық қыны боп қойған жері.

Біз аш жүрміз солай боп бірталайдан,  
Одай тамақ табылар енді қайдан?  
Көпті көрген айлакес батыр едің,  
Тағы да тиер ме екен бізге пайдаң?»

Ол айтты: «Тәуба қылдым сопы болып,  
Үрлік қылған күнә ғой елді торып.  
Мұнан былай келмендер маған жақын,  
Кеудеме кетті бүгін иман толып.

Қасыма келе берсең күнәң жұғар,  
Үрлікты ойлап ойымнан иман шығар.  
Аштан өліп қалуға ризамың,  
Енді үрлікқа болмаймың тіпті құмар!»

Ойласам, сол тышқандай бұзықтар коң,  
Сырты сопы, іші арам қылыштар көп,  
Пара алыш, не қазынашың ақшасың жеп,  
Адалымсың жүретін ұлықтар көп.

Бір емес, әр жерде бар осындейлар,  
Өз малын өзі үрлайды кейбір байлар.  
Қазына берген ақшаны қалтаға сан,  
Елге міндет кеңсесіл нысыңайлар.

Бір үргы май, бір үргы қандар да бар,  
Қой терісін жамылған жандар да бар.  
Жазасызды жалалап атақ алыш,  
Ақжүрексіп жүретін пандар да бар.

Арамдықпен жеткізіп көкке қолың,  
«Кәмәнес» бол алады жоғарғы орын.  
Тартылса анық адад таразыға,  
Бір-ақ күнде қайнатар оның сорын!

Бақанас, Байқошқардың көп сабазы,  
Жиып ап қыран бүркіт, жүйрік тазы,  
Еңбекші ұйым болмай, аңшы болыш,  
Ойда жоқ бидай менен шөптің азы.

Аңшылық біраз күндік көңіл назы,  
Мұныңа болар ма екен ақыл разы.  
Көп ел жүр малин қойып, жанын тілең,  
Мақшарда құрылғандай тас таразы.

Сендерге батпайды оның қайғы, назы,  
Бон жүрсің айдын көлдің қоңыр қазы.  
Таусылып аздан кейін азықтары,  
Шыгар деп зарлан жүрмін қашан жазы.

Аңшылық — оуелінде қаңдай тәтті,  
Еркіндік, кім жеке корер салташатты.  
Бұл күнде қоңыр тұғыр табылса да,  
Аздан соң желдіктесің жауыр атты.

Айтпаймып сөгейін деп азаматты,  
Дей корме мұны осы шал неге шатты.  
Салышибай біржолата аң құғанға,  
Еңбек пен ескере жүр қанағатты.

Толғанып ақын айтар әрбір затты,  
Сөзімнің іші жұмсақ, сырты қатты,  
Алпыс жыл аңшы болын алжыған шал  
Дерсіңдер бізге айтады насиҳатты.

Ойласаң, біздің заман мұнан жат-ты,  
Ол дәурен ойран болып, құмдай батты.  
Жұмысы бұл уақыттың — адап еңбек,  
Заманың көтермейді бұл саяқты.

Қорқыт, Хожа Хафиз тұсіме енді де,  
Осы әніне салып келді де,  
Үш қайтара мұны сайратыш,  
Деді: «Көкейіңе енді ме?  
Бұл әңгे мынау жырды сал,  
Әні мен сөзін үтші ал!  
Ойыңмен қоштасар  
Мезгілің таяу.  
Жыр жазбасаң, тартар ой  
Күнинен күнге жалқауланың, бају».

— Қайран терең ойым, қартайып тоздың ба,  
Ерішпек бол бүйда создың ба?  
— Сен барина адамнан озам деуші едің,  
Мынау көріліктен оздың ба?  
Осымен тоқта жығылмай,  
Сыймайтын жерге тығылмай,  
Есті жи, тозды ми,  
Байқа да сақтан,  
Іздегенің болмаса,  
Атақ алмақ — асқандық пен мақтан.

Ойдың жауабы осы бұл сөзге қайырған:  
— Өлім жоқ қой әзір айырған!  
Мен ерішпек бол әлі тозғам жоқ,  
Кеміл, бұрынғы өткен жайымнан.  
— Қартайып тозған бой, денең...  
— Айрылман өлмей мен сенен!  
Мида жоқ бұзық қан,  
Ақылың таза,  
Не себептеген боласың  
Ойды бұзып, күдер үзіп, наза?

Ойым бұл сөзге:

— Тоқталып тұра алман,  
Кемшілік бар сенде құралған,  
Сен ұмытшақ бол, жалқау тартқансың,  
Қайтіп құтыласың бұлардан?!  
Мойында тозған сынынды,  
Жоқтама өткен күнінді!

Сары су миға кеп  
Ақ тамыр жақтан,  
Сала ма деп қорқамын  
Аяғыца ашылмас қақпан.

Өзің жас кезінде әр іске алаңдан,  
Бірін мақтап, бірін жамандап,  
Бұл ұмытшақты бойға жиғансың,  
Тастап шыдамадың табандап.  
Еріншек — ескі жолдасың,  
Демедің бойда болмасын.  
Сол әдег жүр өлі  
Артыңан қалмай.  
Кәрілікке жабасың.  
Арт жағыца назарынды салмай.

— Бұзық адамдарды ақ жолға салуға,  
Киіннатты корге жабуга  
Мен ақыл мен ойды жұмсаушы ем,  
Талай қызын істі табуга.  
Шалғынышы ойым ақылға,  
Ақылым тоқтап мақұлға,  
Толғанып, сынға алып,  
Танығын тастап,  
Анықталған қақиқат  
Тура жолға салушы еді-ау бастап.

Қош бол, терең ойым, әлемді шарлаған,  
Киын іске әдейі арнаған,  
Бар дене, сезім тапшас жұмбақтың  
Толғап, талай сырын барлаған.  
Ақылға әкеп сынатқан,  
Дұрысын ақыл ұнатқан.  
Қайран ой, қайран ми,  
Қоштастым жылан,  
Кешікпей-ақ қалар деп  
Орын қылған сауыттарың құлап!..

10 февраль, 1931.

## *Keshu soz*

Сәлемім: елден кешу сұрап,  
Жалынын, тілен, кеттім жылап,  
Жақын деп, жат деп талғамай.

Артымнаң аяш дүға қылсын,  
Елсізде оттім, ойлай жүрсін,  
Алғыс айтсын, қарғамай.

Әкемнен өнген бар аулымға,  
Көрші, дос, құда, бай ұлына  
Сәлемім қағас қалмағай.

Өмірге жоқ қой құмарым да,  
Жетпіс үш жасқа шыгарымда  
Айналды-ау омір арбадай.

Сәлем де барша аулымға,  
Женгем мен кәрі баурыма,  
Балаға шейін қарғадай.

Келіндер, әйел-еркек бала,  
Қалмасын қағас бірі шала,  
Тыңдасын, жылап-зарламай.

Айтқамын, өлсем жылама деп,  
Туған жан өлмей тұра ма деп,  
Жер қояр кімді жалмамай.

Өкініш емес өлім маган,  
Откізіп қолдан қоштаспаған  
Жалғыздық — осы арман-ай!

Ішімді жалын қаптағаны-ай,  
Шыбын жан тыныш таптағаны-ай,  
Қапада дерттің шалғаны-ай!

Жәрдемші ешкім жанымда жоқ,  
Басымды сүйер жарым да жоқ,  
Жалғыздықта откен жалған-ай!..

1 март 1931.

## *Қош, жұртым!*

Шарлайсың, ойым, шарлайсың,  
Алыста нең барлайсың?  
Таяу тұр ажал алдында,  
Сарынға салыш сарнайсың!  
Мақсұтың не ендігі?

Бостандық таңын көргенім,—  
Кемеліме келгенім,  
Қорқытпайды мені ажал,  
Арман емес өлгенім,  
Кейітер істің кемдігі...

Қазақтың жайнар даласы,  
Жетілер оқып баласы.  
Шошыннатыш мені сол —  
Олардың күндес, галасы,  
Дағдысы сіңген бойыша.

Тастаңдар күндес, мақтанын,  
Корген соң таңың атқанын,  
Жон емес жай жатқаның!  
Нұр құйын елдиң ойына,  
Баста адап жолға елді!

Еңбек жапатын заман мынау,  
Ерлерім келді.  
Қош: арманым жоқ, жұртым,  
Жасарсың.  
Мен сапар шегем енді!!!

Мен кетемін, келеді

Тагы өмірге мендей.

Олар мінді кореді,

Кисық жерін жөндей.

Бара бара айқындалып актық істің анығы,

Адасқанмен ақиқатқа қоймақ емес сенбей.

Ақ жүрек пен таза ақыл,

Қылсаң адап еңбек,

Бәрінен де сол мақұл,

Артқыға жол бермек.

Арсыздардың арам ойы түкке түрмай жойылып,

Аяғында қақиқатты бұл үшегі жеңбек.

Сен бола көр аққа жақ,

Болам десең адам,

Адал еңбек берер бақ,

Бассаң соған қадам.

Айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды жанның

Таппасы жоқ бұл өмірде, осынымды үқ, балам!

10 January







## Қалқаман — Мамыр

Бұл әңгіме 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргендег болған анық іс, біздің қалқаман қалмақтардан жеңіліп, Ақтабап шұбырынды болғанин бір ақ жыл бұрын.

**Қалқаман.** Мамырдан істі ескі қазақтар теріс козименен қараста осы күнгі көзілшің козі ашықтар жазасыз екени биліп, дуга қылса керек.

Өлгенді тірілтпесем де, ошкенді жандыргандай болсын деп, быыл, жүз тоқсан жыл болып үміттылған істі алдыңызға қойдым; бұл әңгіме ақсақалдар аудынан да қалып бара жатыр, сол асықтардың ози кетсе де, ізі жогалмасын дедім, біздің де ізіміз жогалат үгінші ойлан.

ШӘКӘРІМ.

Откен іс ойға күнгірт, көзге тапық,  
Көрмесе де, білгенге бәрі қанық.  
Мың жеті жүз жиырма екінші жыл  
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық.

Әнет-Бабаң — Арғының ел ағасы,  
Әрі би, әрі молла ғұламасы,  
Орта жүзге үлгі айтқан ғаділ екен,  
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген — Бабаңың өз атасы,  
Мәмбетей — ол Кішіктің бір ағасы,  
Мәмбетсоны, Кішіктің шешесі бір,  
Қатаған Тұрсын ханың ханышасы.

Біздің жетінші атамыз Өйтек деген,  
Бабаңың бір туысқан ішін екен,  
Әйтектің бәйбінеден — жалғыз Олжай,  
Тоқалынаң — Байборі Қалқаман мен.

Бәкең деп атап кеткен Байбөріні,  
Бұл созім ертең емес, сөздің шыны.  
Бір қыз үшін Қалқаман елден кеткен,  
Соның жайын айтайын, тыңда, міне.

\* \* \*

Мәмбетей өсіп-өнді бара-бара,  
Сол тантан бір бай шықты жеңе-дара,  
Ол байдың он бес жасар қызы Мамыр,  
Әрі сұлу, әрі есті, еркек шора\*.

Онаң басқа бала жоқ әлгі байда,  
Оны қыз деп еш адам айту қайда,  
Байдың көңілі жабырқан қала ма деп,  
Жұрт жүрді құда болам дей алмай да.

Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен,  
Мамырды жас күніпен біледі екен,  
Асықтығын айта алмай, іштен жанып,  
Құрбымыз деп құр ойнап-күледі екен.

Мамыр жылқы бағады құндіз барып,  
Тымақ күіп, қолына құрық алыш,  
Қалқаман Мамырменен малда жүріп,  
Біраз сөз сөйлесінің кез бол қалып.

Жігіт сонда қызға өзін сүйдірмекке,  
Ғашық болса, оны да қүйдірмекке,  
Жұмбақ-мысал сықылды бір сөз айтты,  
Көніліндегі мақсұтын түйдірмекке.

— Эй, Мамыр, адамды алла жаратыпты,  
Хауа-Ананы Адамға қаратыпты,  
Бірін еркек, біреуін әйел қылып,  
Екеуінен көп жанды таратыпты.

\* Еркек шора — еркек балаша киініп жүрген қыз (Авторлық түсін дірме).

Кұдай неге қылмаған Адамды тақ,  
Балаларын өзінен өсірін-ақ,  
Хауашы жаратудан мақсұты не?—  
Сол арасын білуге ақылым шак.

— Эй, Қалқаман, теңі жоқ құдай жалғыз,  
Мұқтаж емес жолдасқа, тіпті армансыз,  
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз  
Өмір қызың дегенді естен қалғыз!

Жоқ болса махаббатлы бір сүйгешің,  
Ойлашы, керегі не дүниенің?  
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты алла,  
Бұл туралы білгенім осы менің.

— Тауыш айттың. Мамыржан, ұқтым жайши,  
Сойтсе даты тағы бір сөзім дайши:  
Махаббатлы жарым жоқ, жордемшім жоқ,  
Өлейіш бе, қайтейін, кімде айтайши?

Қалқаманиң мақсұтын Мамыр білді,  
Аз ойланын, үндемей сабыр қылды,  
Жылда жүрек өзіне жар тапқандай,  
Тыншымады, тулады, жұз құбылды.

Қызарды, бір агарды байдың қызы,  
Бетке шықпай қоя ма жүрек ізі,  
Іші ыстық, сыртқы дene сұық тартып,  
Салқын термен мөлдірең нұрлы жұзі.

Аздан соң Мамыр айтты:

— Эй, Қалқаман,  
Байқадым, сөз аяғы бізге таман.  
Қазір жауап берерлік уақыттым емес,  
Сейтсе де үміт үзін, өлмек жаман...

Мұны айтыш, амандасын Мамыр кетті,  
Күн сайын Қалқаманнан сабыр кетті,  
Мамыр бүгін қыздарина киінді деп,  
Қалқаманға бір күні хабар жетті.

Қуанды атқан оғым тиді ме деп,  
Мен үшін қыз киімін киді ме деп.  
Қауіп шіркіш таты да ойлатады,  
Менен басқа біреуді сүйді ме деп.

\* \* \*

Ол күнде жерге талас қазақ, қалмак,  
Атысып, ауыл шауып, жылқыны алмақ.  
Бір соғыста қалмақты қазақ жеңіп,  
Тобықтының бәрі де тойға бармақ.

Той қылған Орта жүзде Сәмеке хан,  
Жиылды той болған соң бірталай жан.  
Бай, бойбаше, үлкендер сонда кетіп,  
Жас жігіт, қыз-келішек үйде қалған.

Қазакта бастан\* деғен бір ырым бар,  
Мал сойып, жастар ойнап бір жиылыр,  
Қалқаман бастан қыл деп қызға келді,  
Азар болса, бір тоқты шығып шыгар.

Сойғызды Мамыр сонда тоқтыны әкеп,  
Ойнады қыз-бозбала етішен жеп,  
Оңашада Қалқаман Мамыр қызға  
Ымдады бір жауабың болмай ма деп.

Айтса да қыздан жауап үміт етіп,  
Естімеген кісі бол қалды кетіп,  
Сөйтсе дағы сонда айтқан сөзі мынау.  
Еш адамға елеусіз өлеңдетіп:

«Аулымның құнбатысы қалың қамыс,  
Бүрсігүннен аргы күн болады алыс,  
Жас кісіде бар болса жігер, намыс,  
Болып кетіп жүрмесін жатиен таныс».

Солайша жауап берді Қалқаманға,  
Бұл сөзі байқалмады басқа жанға.

\* *Бастан* — Әке-шешесі үйде жоқта қыз балалар мал сойып, құрбыларын жинап ойнайды. (Автор).

Бұрсұғіні қамыстан жолықпасаң,  
Мен саған жоқ деді гой байқағанға.

Қалқаман оймен шешті қыздың сөзін,  
Тантым дең шешуінің анық өзін,  
Бұрсіғүн күн бата сол қамысқа  
Келіп кірді сол гой деп айтқан кезін.

Ел жата қыз да келді шоқ қамысқа,  
Қалқаман айтты соңда көз танысқа:  
— Бұғаш кешкес осынан жолықниасаң,  
Кетемін дең неге айттың тым алысқа?

— Эй, Қалқаман, аңғалсың аңқылдаған,  
Біржолата келген жоқ Мамыр саған,  
Тағдыр бізді қоспады, айып етпе,  
Ертең құда түседі біреу маған.

Кеше білдім тобемнен ұргандығын,  
Құдалықтың дан-дайын тұргандығын,  
Бұрсіғүннен кешіксең, жауап жоқ деп,  
Сол еді сез ишарат қылғандығым.

Оке берсе қыз болмас кімге қатын,  
Қайтейін, сенде-ақ еді махаббатым.  
Ереккіш киімінен ұялам деп,  
Ұақыт өтті, сол болды қатты оғатым.

Алдыңа кешу сұрай келіп тұрмын,  
Көзге тірі болсам да өліп тұрмын,  
Қалқаман, осы саған қоштасқаным,  
Денемді емес, жанымды беріп тұрмын.

— Эй, Мамыр, бұл іс оңай, алдамасаң,  
Сұрау жоқ өзің сүйіп таңдамасаң,  
Ер жеткен қыз еркімен ерге баар,  
Молдалардан естідім әлдеқашан.

Мамыр-ау, мені сүйесең, кетпе жатқа,  
Құдайға хақ, сөзім жөн шаригатқа,  
Басы Бабаң, аяғы шала молда,  
Бәріне анық оқыған жамиғатқа.

— Қалқаман, рас болса айтқан сөзің,  
Сен үшін келіп тұрмын, корді көзің.  
Сүйгеп жарым сүйенген жақыным — сен,  
Не қылсаң да біле бер мейлің өзің.

— Олай болса қегейін қазір алып,  
Тұрсақ жазым болармыз қапы қалып.  
Азар болса мал алар, адам алмас,  
Тобықтыны жиярмын бара салып.

— Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты әзір,  
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір,  
Өзімді аяп тұрғам жоқ, сізді аяймын,  
Сен сау қалсаң, болар ем мен-ақ пәзір.

— Мамыр-ау, айтын тұрсың әлденеңі,  
Шариғат қосады екен немерені.  
Қайғы ойлан, жаман ырым айта берме,  
Алаңсыз сүйгеп болсаң анық мені.

Мамыр айтты:

— Мен сенсіз тірі тұрман,  
Үш қайырдым сөзіңді мен антүрган,  
Бір құдайға сиыныш ал да жөнел,  
Жолында өлсем разымын, жаным құрбан!

Алдандырдым мен сізді сөзбенен құр,  
Тәуекел деп аллаға, тез, жылдам жүр.  
Заман қандай болар деп дайындал ем,  
Боз жорға атым белдеуде ерттеулі тұр.

Мінді де екі ғашық кетіп қалды.  
Ауылға бір сағатта жетіп барды.  
Не болса да қылдым деп бір жұмысты,  
Бара сала Олжайға кісі салды.

Олжай барды Бабаңа түн ішінде,  
Қысылшаңдық бар еді жүрісінде,  
Бабаң басын қөтерін Олжайға айтты:  
— Неге келдің. асыққан жұмысың не?

— Қалқаман қашып келді Мамырды алып,  
Қапы болдық өзгеміз білмей қалып,  
Алыс жерге кетсін бе, тоқтасып ба,  
Ақыл сұрай келіп ем сізге салып.

Бабаң мұны есітіп қайғы жеді:  
— Бір жаман түе коріп ем бүгін,— деді.—  
Бітімсіз іс кез болып қалар ма екен,  
Көкенайдың мінезі қатаң еді.

Көкенай — Момбетейдің бастаушысы,  
Озі батыр, мінезі қатты кісі,  
Сол кісінің алдынан тарауны еді  
Бабаңан соң бұл елдің көп жұмысы.

Бабаң айтты:

Кете алмас бір жас бала,  
Тобыңғыга хабар қыл бара сала,  
Болар іс болған шыгар, малды аяма,  
Озі оңдастың ақырын хақ тагала.

Тобықты, Қанжығалы, Бәсентиін,  
Атығай, Қарауыл мен бәрі жиын,  
Бабаң хабар айтқан соң ел жиылды,  
Сойтес де соз аяғы болды қын.

Момбетей жатып алды ырық бермей,  
Қалың мал ал, біт деген сөзге келмей,  
Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе,  
Кетеміз деп Бабаңды түті көрмей.

Бабаң айтты:

— Өлтірер жұмыс емес,  
Тасиен атып өлтірмек — бұл іс емес,  
Біреудің иекелісін бұзбаған соң,  
Қапына ортақ болу дұрыс емес.

Көкенай тағы көнбей жатып алды,  
Бітім болмай, неше күн жұрт сандалды.  
«Қалқаман мен Мамырдың дауындай» деп,  
Мақал болып бұл елге сонан қалды.

Бітім болмай, созылды сөз аяғы,  
Белгісіз кімнің соры, кімпің бағы.  
Бір күші торкінше амандаса  
Мамыр келді, тағдыр ғой ол баяғы.

Көкенай бітпей жүрген сөзді ұзартып,  
Сол күші келген еken аңан қайтып.  
Анау бір топ жаяу кім деп сұраса,  
Ол — Мамыр деп бір қойшы қойғаны айтып.

Ести сала садағын қолына алды,  
«Мамырдан аулақ жүр! — деп айгай салды,—  
Үялмай жұзқарашың жүргенін!» — деп,  
Аямай қақ жүректен атын салды.

Бұкшиш, иман айтып, қаны қашып,  
Қолтығын қолыменен тұрды басып.  
Бишара, бір-екі ауыз тілге келді,  
Өзін атқан кісімен арыздастын.

— Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бақ,  
Ісім жөп, бір құдайға көңілім хақ,  
Мойның менің қаным халал болсын,  
Болма енді Қалқаманның қанына ортақ.

Екі қан ауыр болар бір өзіңе,  
Сүйсінбе бұл рақымсыз мінезіңе,  
Айырған екі ашықты оңа ма еken,  
Деп тұрсың алғыс айттар кім өзіңе?

Тілегім келді орныша, арманым жоқ,  
Артында Қалқаманның қалғаным жоқ,  
Мені сен өлтіргенмен жасармайсың,  
Сүйткенмен жас жанымды алғаның жоқ.

Қалқаман, аман бол!..— деп қөзін ашты,  
Алла...— деп, алақанмен бетін басты.  
Қоңтасын қасындағы қатындармен,  
Онасыз бұ жалғаңға амандасты.

\* \* \*

Кокенай жиды барып Мәмбетейді,  
Өлтірдім тенгегімді озім дейді,  
Бабаңа кісі салды дамыл бермей:  
«Ол неге Қалқаманды олтірмейді!

Жақыным қызыымды алды, ұнамаймын,  
Корлыққа тартыш алған шыдамаймын,  
Егер де Қалқаманды тірі қойса,  
Ел болып Кішікпен бас құрамаймын.

Уа, алла! Біз кетеміз қазір ауын,  
Менен басқа туысқан алсын тауын!»  
Бұл хабар Тобықтыға жеткеннен соң,  
Сөзінен елдің бәрі қылды қауіп.

Бабаң айтты:

— Ел бітпес оныменен,  
Жүрейік шаригаттың жолыменен,  
Бір ерекк, бір қатының құнын алсын,  
Мәмбетей разы болсын соныменен.

Көнбейді Мәмбетейлер оған тағы:

— Ауамыз біз болсақ,— деп.— қор қылмағы,—  
Әнест-Бабаң әділет қылмаған соң,  
Көз көрмеске жат болып кеттіктағы.

Көп берген түкке тұрмай қалың малы,  
Ем болмады жалынын айтқан жалы,  
Тобықты осы сөзге қақ бөлінін,  
Болысты Мәмбетейге Қанжығалы.

— Әй, Баба, тәңіріге аян адал ісің,  
Сейтсе де ел бүлінер бір бала үшін,  
Болған соң қазақ та жау, қалмақ та жау,  
Бұл елдің обалына қалмаймысың.

Болсын да Мәмбетейдің бір айтқаны,  
«Ерек токты — құрбандық» деген қані?  
Қалқаман Тобыңғы үшін жанды қиса,  
Кетпей ме шаһит болып оның жаны!

Сол сөзге аударылды жұрттың бәрі,  
Не қылсын коп наданға жалғыз көрі.  
«Кеселі қөлкө болып жүрмегей!» — деп,  
Бабаңың шын кейіген шықты зары.

Салған соң өңкей надан көбдік күшке,  
Қалыпты қайран Бабам қызы іске,  
«Бір алла, өзіңе аян жүрегім!» — деп,  
Байланты өлтірмекке ертең түсте.

Бабаңың пүр жүрегі болды мұздай,  
Жазасыз жасқа ешкімің қаны қызбай,  
Мысалы көз алдында тұрган жоқ па,  
Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай?!

Аллаға Бабаң сонда сиынынты,  
Аққап тер пүр жүзіне құйылынты,  
«Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін,  
Көкенай сонда атсын!..» — деп бұйырынты.

Өлтірсе, оғы тисе, өзі айтқан жол,  
Онаң кетсе, түк те жоқ, бітімі сөл!  
Мәмбетей шуылдады разымыз деп,  
Осыған тамам Арғын басыпты қол.

Көкенай құлдық дейді бұл билікке,  
Мәмбетей шығып тұрды бір білкке,  
Мінгізді Қалқаманды алып келіп,  
Дейтүғын Ардакүрең бір жүйрікке.

Төгілді көзден жасы көрген жанның,  
Шолағын қарай көр деп бұл жалғаның.  
Жиналған көп қауымға қараң тұрып,  
Коштасқан сөзі мынау Қалқаманың:

— Ай, жұрттың, мен өлемін, сендер қалдың,  
Орнына бауыздадың айтқан малдың.

Оз бауырын оққа байлаш өлтірді дең,  
Калыңдар обалына мына шалдың.

Нарисы никаң жашың қате кетпес,  
Дейненің қалмақ сені тентіретпес.  
Мамырдан жалған жашың керегі не,  
Тем ше, қосылармын, еш нәрсе етпес.

Белгілі Мамырдан соң кон жүрмесім,  
Домбыри Орга жұздың жең жүрмесім,  
Жалған ақ Тобыктының дүшандары  
Риқымсыз, бауырсыз ел дең жүрмесін.

Кон, Баба бата бер! — дең түрегелді,  
А құдай, сақтай кор!» — дең бата берді.  
Иконади күрең атнен сырылдағыш,  
Ажалиң коне кориен байлан белді.

Кокений садаң тартты дүрілдетін,  
Қаң жарды ердің қасын оғы жетін,  
Әйттеуір, ұлы деңе аман қалды,  
Оң жақта қара саинап өтін кетін.

Ағының жалғын құшын жүрін кетті,  
Васына бір тобениң барыш жетті,  
Бір жеңін койлекішің жыртып алып,  
Лұзына жарасының тацу етті.

Ат қойды а құдайлан кон бозбала,  
Ажалдан қақты гой дең хақ тағала,  
Той қылыш, ат шантырып ойнаймыз дең,  
Жабылды үйге жүр дең бара сала.

Қалқаман айтты:

— Токта, құрбыларым,  
Жоққа есеп осы қүнде менің барым.  
Лямай елім оққа байлаған соң,  
Кетер ме өлгенімше ойдан зарым.

Ел қылыш тобықтыны тұра алмаймын,  
Ешкіммен ойнаң-құліп жүре алмаймын.  
Өлерде аямады,— қайда аяйды,  
Сендерге енді мойын бұра алмаймын.

Соны айтып, қамины басты күрең атқа,  
Қуса да жеткізбеді жомигатқа,  
Ұлы жұз Елібайда пагашысы,  
Жөнелді еоган қарай Бұхар жаққа.

Қалқаман сол кеткениен кетіп қалды,  
Халқына Өнет-Бабаң хабар салды.  
Жаз шыға Қалқаманды іздейміз деп,  
Тобықты ат жаратып дайындалды.

\* \* \*

Мың жеті жұз жиырма үшінші жыл,  
Қазақ — қалмақ атысқан, мұны да біл.  
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан,  
Өзі батыр, соғысқа дым айлашыл.

Шеп құрып соғысынты қазақ — қалмақ,  
Қорқаққа оңай емес шешке бармак,  
Бабаңың бес баласы садакқа ұшып,  
Бұл соғыста қазаққа түсті салмақ.

Қазақты ол ұрыста қалмақ алды,  
Үш есенің екеуін қырып салды,  
Жеңілгендеген соң тұра алмай Сыр бойында,  
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Осы жол бар қазаққа белгілі жол,  
Ақтабан — шұбырынды дегені сол,  
Жаяу жүріп, табаны ашақ болыш,  
Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол.

Сол себептен Қалқаман қалды ізделмей,  
Іздемейін деген жоқ, шама келмей,  
Ол түгіл, Өнет-Бабаң көшке ере алмай,  
Тірідей дөң басында қалған өлмей.

Тұқым бар Қалқаманнан осы күнде,  
Шын болса, Ұлы жүздің жүр ішінде.  
Өздері Елібаймыз десе керек,  
Білмейді кейінгісі бізді мұлде.

Бир болса Қалқаманның ілдері,  
Оданн осы олеңді талантты ері,  
Осында туысқаны Олжай, Бәкец,  
Семиншілт облысы түрған жері.

Хан Шыңғыс деген тауда тұрмыз біз де,  
Егерде әдесендер, сонаң ізде.  
Тобыңғыда Құнанбай қажы десе,  
Басты кісі — біледі Орта жүзде.

## Жолсыз жаза яки кез болған іс

Бұл әңгіме 1780 жыл шамасында осы Шыңғыс тауында Магай мен Гобықты арасында болған іс.

Шаригатта әкесінің атастырганы жас қызыга иеке есепті десе де, озге дүшелік пайдасын ойламай, жалғыз гана қызының қамын ойлат берер дегені. Әйтпесе, жас баланы сатып, пайдаланып, еркістің кем-кетікке беріп, обалына қал демейді. Мен соны ойлат, Еңлік Кебекті соншалық жазалы демеймін.

ШӘКӨРІМ.

### Әңгіме алдында аз сөз

Откен адам болады көзден таса,  
Өлді, өшті оны ешкім ойламаса:  
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,  
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.

Ақыл деген дешеге егулі дән,  
Суғарылса кіреді оған да жаң,  
Ақылдың есіп-өніп зораймағы —  
Көрген-білген нәрседен ғибрат алған.

Естіп, біліп, көз көріп, ойға салмақ,  
Откен істен адамзат бір үлгі алмақ.  
Қызықпақ, не жек көрмек, жиіркенбес,  
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.

Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,  
Бұл екі істен болмайды өмір босы,  
Досынды — жау, дұспанды дос көрсетіп,  
Көзді байлад нәпсінің қылғаны осы.

\* \* \*

Қалмақ шауып, қазақтан алған кегін  
Қалқаман қиссасында жазып едім,  
Мың жегі жүз жиырма үшінші жыл  
Ақтабан шұбырынды болды дедім.

Сарадиң қалмақ қуған соң біздің елді,  
Күнгүнші шұбырыны Шұға келді,  
Табан тиіш жүре алмай, халі құрын,  
Сүйин жиынты айнала Саумал көлді\*.

Сонда Шакшак Жәнібек\*\* сөз сөйлепті:  
— Билалар, осы жомды ұмытпа денті.  
Акташың шұбырынды мұның аты,  
Күдій көсеп, шармыз біз де кекті.

Сол жерде тимім қазақ жыласынты,  
Будайдағы артын бер деп сұрасынты,  
Тынықсан соң қалмақтан кек алуға,  
Сөз байласын, уағдамен ұнасынты.

Арғындар сол конкениң көшे берді,  
Батырлары жер шалын, қоныс корді.  
Ешім, Нұра, Сарысу, Карқираны,  
Шапшар көл, Ұлытаудан алды жерді.

Ориятын қалың Ареңн сонда қалды,  
Жеті Момын\*\*\* олардан өте салды.  
Ор, Елек, Ойыл, Қыл қыстамақ боп,  
Жаз жайланаға Мұғажар тауын алды.

Кіші жүз өте көшті Орал жаққа,  
Дүйлхайыр хан еді мінген таққа.  
Мың жеті жүз отыз бір шамасында  
Патшага уағда берген қарамаққа.

Соны естіп Жеті Момын қайта ауынты,  
Осыдан көрерміз деп бір қауіпті.  
Мұғажардың күншығыс жағына өтіп,  
Ырғыз, Торғай дейтұғын жер тауынты.

\* Саумал көл Шудың құйғанында, Бетпақ шөлдің күнбатыс жағында. (Автор).

\*\* Шакшак Жәнібек — Арғын шақшак табынан шықкан ақылды кісі (Автор).

\*\*\* Жеті Момын — Атығай Қарауыл, Қанжыгалы, Тобықты әм Бәсентиинниң үш баласы, бәрінің үлкен шешесінің аты — Момын (Автор).

Сол жерде жайлап-қыстап жатып алды,  
Қалмақтан барымталап жиғы малды.  
Ұлы жүзде ұлкен хан Әбілмәмбет  
Қалмақпен соғысам деп хабар салды.

Орта жүзден де аттанды Сәмеке хан,  
Үш жүзден жиылышты бірталай жан.  
Шең құрып қара-қарсы соғысқанда  
Қазақ жеңіп, қалмактан кегін алған.

Сол соғыс хан Абылай келген кезі.  
Қалмақтың сыйбағасын берген кезі.  
Керек болса оқындар «Шежіремнен»,  
Жазылған сонда аныктап түгел сөзі.

Сонар кейін қалмақты қазақ қырған,  
Жиылыш шаба берді ойдан, қырдан.  
Тарбагатай — Шыңғыстың жан-жағында,  
Көшпелі көп қалмақ бар бұрын тұрған.

Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,  
Нор — Жайсаң, Шәуешектен аса қашқан.  
Ата қоныс Арқаны босатып ап,  
Қазақ келін қалмақтың орнын басқан.

Қалмақты шабысуға Мамай келген,  
Босап қалған Шыңғысты қөзі көрген.  
Барған соң Жеті Момын баласына,  
Хан Шыңғыс босады деп хабар берген.

Момынның жартысы айтқан барамыз деп,  
Ата қоныс Шыңғысты аламыз деп,  
Атығай, Қарауыл мен Бәсентийн  
Көшпейді, біз осында қаламыз деп.

Тұысқанын қия алмай, жұр деп сен де,  
Көп айтқан Қенғіrbай мен Қараменде\*  
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,  
Біздің ел әне міне деп жүргенде.

\* Қенғіrbай, Қараменде — Тобықтының екі біі; Қенғіrbай — Мұса-  
бай біі. Қараменде — Дадан біі (Автор).

Тобықты, Қанжығалы қөшкен сонда,  
Өзге Момын көше алмай қалған онда.  
Шыңғысты Матай алды дегенді естін,  
Қанжығалы қалыпты орта жолда.

Келгені Тобықтының осы маңға  
Мың жеті жұз сексенге тақалғанда.  
Елді бастап әкелген Мамай батыр  
Орда, Кокең, Аңысу, Дағалаңға.

Ор тиңти да батыр бар иекең-саяқ,  
Сойтес де батыры көп Жуантаяқ,  
Қызырың алып, боктерге таласынты,  
Матай сатай дегенді тындармай-ақ.

Қабекең\* де орленті Шидің бойын,  
Шобі шүйгін жер ғой дең малға тойын.  
Кейде жау бол Матаймен, кейде бітіп,  
Есі дерпті Шыңғыста — айттайты ойын.

Қалкаман мени Мамырды жаздым бұрын,  
Оқығандар байқадың оның сырнын.  
Енді айтайын Еңлік пен Кебек сөзін,  
Тарғысынан көрің мұның түрін.

### *Еңлік — Кебек әңгімесі*

Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы  
Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі,  
Жамағайын жақыны сол кісінің  
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан,  
Тоқаң да тастамайды өз қасынан,  
Жасы бала болса да, жаңы отты дең,  
Артық көріп не сабаз жолдастынан.

Он бесінде Кебектің аты шықты,  
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.

\* Қабекең — Қенгіrbай биге қойылған ат, қабан сықылды, бұрыл-  
майтын мықты деген сөзден шықкан.

Көзі откір, қараторы жігіт екен,  
Орта бойлы, ташалдау, кең ишкіты.

Ел қамы үшін олуге жапын сайлап,  
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап,  
Жауға багым, жақынға және әдепті,  
Кішіні — іші, үлкенді — ағатайладап.

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,  
Шын дәулескер бақсының өзі нағыз,  
Жын айтты ма, кім білсін, шын айтты ма,  
Айтқапы келеді деп қылады аңыз.

Кебек батыр өз бақытшының сыйнамаққа,  
Одейі іздеп келіпті балгер жаққа.  
Оңашада жалынды абызға кең,  
Бал ашын бер деді де біздің баққа.

— Ай, абыз! Аш баланды, қобызың тарт,  
Алар ақың бар болса, мойныма арт.  
Балыңа не түссе де жасырмай айт,  
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт.

— Шырағым, бал аштым ден мал алмаймын,  
Ол үшін саған ақы сала алмаймын.  
Жаман айтсам, жабығып қала көрме,  
Жынның сөзін жасырып қала алмаймын...

Соны айтып, қобыз алды Кебекке арнаан,  
Шақырды жындарының атын зарлап,  
«Қара қалмақ», «Қорқыттың күйін» тартып,  
Қобызына ән қосып кетті сарнаап.

Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,  
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.  
Ындын койып тыңдасаң сарнағанын,  
Сақтанбасаң алғандай ақылды үрлап.

Мұңлы қоңыр дауысы шықса зарлап,  
Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап,  
«А?..» — дейді де тыңдайды анда-санда,  
Құлағына кеткендей жын сыйырлап.

Екі көзін қан жауып, өңі қашын,  
Сұп-сұр болып алартып көзін ашиш,  
Шүлдір-шүлдір сөйлесіп жыныменен,  
Өзін-өзі токтатты әзер басын.

Нысан абыз қысылып батқан терге,  
Қарады да сөйледі Кебек ерге:  
«Ажалаң биік қабақ, сұрлау қыздан,  
Батырым, ондай қызға көңіл бөлме.

Бұл сөзді өз ойымнаң айтиаймын құр,  
Жын шіркін осылай дең айтқызын тұр,  
Қара жартас түбінде кез келеді,  
Шырағым, сондай қыздан сақтанып жүр.

Одейі ізден бармассың, кез боларсың,  
Кез болсаң, алыс емес, тез боларсың,  
Сақтыңқа қорлық жүрмес» деген бар ғой,  
Сақтибасаң, артқыға соз боларсың!..»

Оны естіп Кебек кетті өз жайына,  
Батса да балгер сөзі шымбайына,  
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,  
Деді де жының сөзін тыңдайын ба.

\* \* \*

Мұнан кейін азырақ заман өтті,  
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті.  
Қарашаның алғашқы қары жауын.  
Кебек батыр құс алыш аңға кетті.

Қойтастан бір тұлқі алды інге тығып,  
Ойлады кетейін деп Ханға шығып.  
Мұнаarda ізге түсіп келе жатса,  
Бір тұлқі және қашты жатқан бұғып.

Қамшылап күрең атты жамбасына.  
Тұлқіден бұрын инықты Хан басына.  
Жел шығып, боран болып кеткен екен,  
Аң қуған аңғал багыр андасын ба.

Құс тұлқіні көрген соң кетті үшін,  
Бір жерге жарқ-жүрк етіп қалды түсін,  
Бораннан байқай алмай отіп кетті,  
Тұлқіні жатса-дагы бүркіт қысын.

Таба алмай олай шауып, бұлай шауып,  
Құсынан айрылдым деп қылды қауіп,  
Құс әбден тұлқіні жең тойған кезде,  
Альшты қүп батқан соң өзөр тауып.

Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды,  
Аяц-бұяц еткенше түн бол қалды,  
Ел жатшай бір ауылға қонаїны деп,  
Шыңғыстың бөктерімен қайта салды.

Бөраннан байқай алмай барап бетті,  
Түн ішінде адасын Кебек кетті.  
Осы Ҳақан өзеннің\* аяғында  
Қыстаған бір Матайға келіп жетті.

Белдеуге атын байлады Кебек сері,  
Боз қырау бүркүраған аттың тери.  
Осы күнгі Боктыбай қыстап жүрген  
Қара жартас Кебектің келген жері.

Сол үйге кіріп келсе «Кеш жарық!» деп,  
Жатпақ түғіл, болған жоқ тамағын жеп.  
Ол кезде шай болмайды, сусыны құрг,  
Ұсынды қарсақ жон қып, езіп өкеп.

Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала.  
Бар екен бір бойжеткен қызы және,  
Киіз үй, мадды айнала шарбак қорған,  
Там қора жоқ, кісісі төртеу ғана.

Құрт ішіп, әбден көңіл жайланған соң,  
Бекітіп шарбакқа аты байланған соң,  
Үй иесі қонақтан жөн сұрады,  
Асын жеп, әңгімеге айналған соң.

\* Ҳақан өзені. — Баяғы Шыңғыс хан ҳақан болғанда осында қонышты; ҳақан деген — хандардың ҳаны деген сез (Автор).

Кебек айтты: «Аң қуган Тобықтымыз,  
Мен Кебекпін дегенмен білемісіз?»  
Атым — Кебек дегенде, жалт карады  
Бағанағы айтылған бойжеткен кыз.

Бай қайтадан сөз сұрап қайырмады,  
Әлгі қыз Кебектен көз айырмады.  
Қарағым, қонағыңа төсек сал деп,  
Үй иесі жатуға дайындалды.

Тысқа шықты бай, қонақ бәрі бірдей.  
Шал айтақташ тыста жүр үйге кірмей.  
Кебек келсе, төсек жоқ төр алдында,  
Қай араға жатарын тұрды білмей.

Күлімсіреи қыз айтты Кебек ерге;  
— Қонағым, иеге тұрсың құр бекерге,  
Мен сілғе<sup>\*</sup> оз тосегім дайындалым,  
Бұрын жатқаш жоқ на едің ондай жерге?..»

Гең ишешін, маңынқ корне алды тауыш,  
Кебектің де қызыға тұр көңілі ауыш.  
«Анық Кебек сен болсаң, арызым бар,  
Бір айтармын», — деді де салды жауыш.

Кебек батыр жатқан соң төсекке кеп,  
Қыз мінезін ішінен қылады есеп;  
«Тапымайтын қонаққа сыр білдірген,  
Көрсекзызар жеңіской үрғашы-ау», — деп.

Тұн ортасы ауғанда шал да жатты,  
Қорылдаш қатты үйқыға әбден батты.  
Үйдегілер теп-тегіс үйқтаған соң,  
Кебекті келді-дағы қыз оятты:

— Ай, батыр! Сен жатырсың үйқың қапбай,  
Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай.  
Көрінгенге көз сұзген көрсекзызар,  
Әдепсіз қыз дейсің-ау әлдеқандай.

Өз әлімше сынадым мен де сені,  
Сен қалай деп ойладың, айтшы, мені?

Қыздан сорлы бола ма бү жалғанда,  
Кез болмаса өзінің сүйер теңі.

Атым — Еңлік, мына шал — менің әкем,  
Малы көп, бірақ еркек баладан кем,  
Жасында бұл да өзіндегі батыр еді,  
Кор болып осы күшде әркімге жем.

Нағашым — Байжігітте ер Қабанбай,  
Шешемді де берген жоқ бай таба алмай,  
Ес білмейтін есекке кез болышын,  
Жайды білер жақсыга қосақталмай.

Мені де кедей емес, байға берген,  
Күйеуім откен жазда үршін келген,  
Қасына жатпақ түгіл, жуымадым,  
Білген соң шіріктігін келген жерден.

Нышан жоқ бет-аузында сақал-мұрттан,  
Бұрын да естуші едім жайын сырттан,  
Тұн болса ұйқыдан бас көтермейді,  
Құндіз асық іздейді ескі жұрттан.

Бетіне тумай тұрып түскен әжім,  
Күнге де есіктегі қылды тәжім.  
Кер кеткен кеселдіге душар болдым,  
Осыдан құтыларлық бар ма лажым!

Оң қолының бармағы тағы шолақ,  
Бармақсыз қол ұстауға қандай олақ.  
Мен сорлы емей кім сорлы, ойла, батыр,  
Күйеуімнің болған соң жайы сол-ақ.

Көп жігіт жүр сыртымнан қылыш кеңес,  
Мен ұнатсам алмаймын сені демес,  
Солардың біреуімен кетер едім,  
Байқаймын, бәрі менің теңім емес.

Көрсекзызар, лап бергіш әр елде көп,  
Атын атап не керек пәленше деп,  
Аз күндік әзіл ізден жүргенім жоқ,  
Өнімсіз іс болмайды өмірге сеп.

Бүгін мұнда кез болдың құдай айдан,  
Атынды естіп жүруші ем сырттан сайлан.  
Тасыр болса, талғамай тап берер деп,  
Тұні бойы сынадым сізді абайлап.

Мен татысам, жігітсің маған татыр,  
Міне, осындай ішімде қайғым жатыр,  
Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,  
Беремісін уәде, Кебек батыр?

Кебек мұны есітіп коп ойлады,  
Асықнай, бір азтана ен ойлады,  
Тұні бойы қызы мені сынанты ғой,  
Мен де мұны сынайын деп ойлады.

— Әй, Еңлік, сөзің рас, наңдым саған,  
Бәрін үкітім, жерім жок байқамаған.  
Артқы омірді азырақ қоя тұрың,  
Ойнап құлсек қайтеді біраз заман?

Қаза келсе, малдыдан мал таймай ма,  
Ажал жетсе, батырдан жан таймай ма?  
Азар болса, қүйеуің жастау шығар,  
Жарлы байыш, жас өсіп, картаймай ма?

Жас түзеліш, түрленіп, ер жетпей ме,  
Бойындағы балалық бір кетпей ме?  
Асыққандық емес пе осы сөзің,  
Жақсы әйел жаман ерді түзетпей ме!

Талпынғанмен тағдырды бұра ала ма,  
Құдай қоспай басымыз құрала ма,  
Аз күн қызық көрелік онан-дағы,  
Бұл дәурен бұл қалыпта тұра ала ма??

Еңлік айтты:

— Таң қалдым бұл сөзіңе,  
Үқсамайды тұндегі мінезіне.  
Егерде біреу айтса ұнар ма едің,  
Талап қылма, талпынба деп өзіңе.

Рас, құдай жазбаса, бітпес жұмыс,  
Сөйтсе бе бізге міндет талап пен іс.

Характерсіз отырмак дұрыс болса,  
Неге берген аяқ, кол, тіл менен тіс?

Күйеуімнің жүрген жоқ жасы жетпей,  
Ыңжыңтық қайтуш еді тентіретпей.  
Ақыл салын, бармағын сау қылуға  
Бендерде күш бола ма құдіреттей?

Талап қылмай бола ма құтылуға.  
Оттан қашып кірсем де терең суға?  
Пәледен машайық та қашқан жоқ па,  
Қайтіп разы боламын берген уға?

Тобықты неге келді мұнда қоюй,  
Мұғажардан Шыңғысты қозі тесін?  
Қара қазап, сары бала қамын ойлаң,  
Келді гой жайлы қоюыс табам десін.

Бір құдай жер жүзіне шашқан иесін,  
Барша жан жүрген жоқ па теріп жесін?  
Аз қүндік арам жүріс аужал емес,  
Жүрмесең үағданды мұлде кесін.

Айтың, үағда бермесең, әуре етпе,  
Тең көрмесең, телміртіп тентіретпе!  
Қайда барсаң обалым жібермейді,  
Бірақ осы сөзімді ұмытың кетпе!

Қалай айла қылса да бір қоймады,  
Жал айтқан жауабына қыз тоймады.  
Еңліктің бұл жауабын естігеп соң,  
Кебек батыр тағы бір ой ойлады.

— Эй, Еңлік, айтқан сөзің сөздің шыны,  
Сөйтсе де бір сөзім бар, тыңда мұны,  
Соғысқа сұлтау тапшай отырғанда,  
Бұлдірмелік Матай мен Тобықтыны.

Онсыз-дағы біріне-бірі қырын,  
Ала гой деп береді кім жесірін?  
Адам түгіл, мал үшін ел шабады,  
Қыз болсаң да білесің елдің түрін.

Мен сені алыш жөнелсем осы түнде,  
Жиылмай ма бар Матай жалғыз күнде!  
Тобықтыдан жылқыны тиіш алыш,  
Басталмай ма бітгестей бұлік мұлде!

Барымта алмай, бітімге көнсе елің,  
Қанша мал алса аярым жоқ қой менің,  
Қызды қайтар, әйтпесе бітпейміз деп  
Жатыш алса, табамыз кайтіп жөнін?

Матай алса Тобықты тек жата ма,  
Азбыш деп жанын аян, ар сата ма?  
Ауыл шауыш, мал алыш, қан төглесе,  
Ойла, қалып жүрмелік теріс батага!

— Әй, батыр, бұл сен айттар сөзің емес,  
Уайым қын сектепер кезің емес.  
Келер істі жалғыз-ақ алла білер,  
Ол сенің олишен сатар бозің емес.

Кімің көзі жетеді күні сртеңге,  
Теңін тапқан сені мен жалғыз мен бе?  
Ел шабысын кетті ме соның бәрі,  
Алыш қашын алды гой талай пенде.

Мал аямай, бейілді салсаң кеңге,  
Жаразтырар табылар ага, женге.  
Жер өртеуге жетеді бір шағым қу,  
Кім кепіл бола алады осы екі елге?

Бұл шықпай жауа ма құры желге,  
Бізсіз де таласады жалғыз белге,  
Құдай жөнін берейін деген болса,  
Көнер әлде мал алыш біт дегенге.

Сен мені бүгін алыш кет демеймін,  
Осы екі елдің түбіне жет демеймін,  
Шын ішің сүймей, сыртың сүйген болса,  
Әуре боп саған уағда ет демеймін.

Шын сүймесец, сүйдім деп айтпа маған,  
Шала сүйген болады құр алдаған.

Біндыныңмен ұнатсаң, бер қолыңды,  
Саған сөзім қалмады енді айтнаған.

Кебек те отыр еді әзер шыдаң,  
Сөзін айтыш болғаша қызды сынаң,  
«Сен өлгөн жерде мен де өлемін» деп,  
Қол алсың, біржола кетті құлап.

Кебектің қолын Еңлік қысып алып,  
Шолден сусын ішкендей мейірі қанып.  
Бармағынан бір сүйіп, беті тершіп,  
Ыстық жасы көзінің кетті тамып.

\* \* \*

Таң жарығы түскен соң шаңыраққа,  
Кебек тұрды арқандан ат қоймаққа.  
Еңлік үйден арқанды ала жетіп,  
Құшақтасып жөнелді жартас жаққа.

Келе жатып қыз айтты:

-- Батыр, саған

Бір сөзім қалған екен айтылмаған,  
Тобықты мен біздің ел бітім қылса,  
Сонда алып қаш кезінде жақындаған.

Мына жартас табыспақ болсын бізге,  
Мені ұмытып, жатып ап құдер ұзбе,  
Осы араға ұш күнде бір келіп жүр,  
Ең болмаса жұманы құр өткізбе.

Соны айтты да, от жакты үйге барып,  
Су жылдытты қазанға қарды салып.  
Оятып ап қойышыны, құрт езгізіп,  
Сары май салып қойды аяқ алып.

Ат арқандап болды да Кебек өзі,  
Қыз артынан қадалып екі көзі,  
Еңлікке бір, тасқа бір қарады да,  
Сонда түсті ойына балгер сөзі.

«Япыр-ау! Әлде сайтан, әлде жын ба,  
Кім бастап алып келді мені мұнда!

Осы көрген түсім бе, иә өңім бе,  
Қалжыраған бақсының сөзі шын ба?

Біржолата кім тұрар бұл дүниеде,  
Өлім көрмей қоя ма туған пендे.  
Қарап жүріп қаңғырып босқа өлгенише,  
Еңлік үшін өлгеннің қапысы не!...»

Соны айтып көңілін басты Кебек батыр,  
Құдай қосқан іс болмай қоймайды ақыр.  
Тамақ дайын ден хабыр бергеннен соң,  
Аяңдан үйге таман келе жатыр.

Бетін жуып, отырды төрге барып,  
Құрт берді сары майды және салып.  
Қазы, қарта, жал, жая жасап Еңлік,  
Бір табақ ет алдына қойды апарып.

Жалынан бір кесті де «бісміллә» деп,  
Ұсынды ақсақал мен кемшірге әкеп.  
«Иесімен ас тәтті»,— деп Еңлікке,  
Шақырып ап, екеуі отырды жеп.

Койшыға да ұстатты сүйек-саяқ,  
Ет артынан сорпа ішті бірер аяқ.  
Бата қылып, қол жуып болысымен,  
Еңлік атты ерттеді айтқызбай-ак.

Кебек сонда шалға айтты:

— Ай, ақсақал,  
Өзің таңдал тұлқинің біреуін ал.  
Бағыза кезі келген бір олжағой,  
Жығыттың тымақ істетіп сандыққа сал.

Еңлік шығып қонағын аттандырды,  
Қоштасып Кебек батыр, елге жүрді,  
«Қайда жүрсең, аман жүр, батырым»,— деп,  
Бел асканша артынан қарап тұрды.

Ер Кебек тыным алын үйде жатпай,  
Еңлікке келіп жүрді дамылдатпай.  
Кейде түзден жолығып, кейде қонып.  
Алты ай қыс аттың терін бір құрғатпай.

Екі ел бітті сойлесіп жазға салым,  
Қайтарысып барымта алған малын.  
Тамақ үшін қыдырган Матай айтын,  
Бұл бітім Еңлікке де болды мәлім.

Кебек келді бір күні қызыға тағы,  
Ойында бар ел бітсе іс қылмағы.  
Еңлік те дайын болды сол арада,  
Қара жартас белгілі табыснағы.

Қызы айтты:

— Түреугі айтқан уағда қайда,  
Кел, кетелік кідірмей осындайда.  
Азық-тұлік, киерлік киімдерім,  
Дайындаи әкеп қойдым мына сайға.

Қосылған соң кешікней болдым буаз,  
Онан бері қыс өтіш, болды ғой жаз,  
Босансам, өз қолында босанайын,  
Құры бүйтіп жүргенге болмалық мәз.

Екеуі тәуекел деп кетіп қалды,  
Таң атпай-ақ Ордаға жетіп барды.  
Ағаштан балаған қып, арша жауын,  
Бекініп бір дарада жатып алды.

\* \* \*

Еңлік, Кебек кеткен соң таң тағы атты,  
Күн шыққанша кемиір-шал тұрмай жатты.  
Қойши Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,  
Қызың қашып кетті деп шалды ояты.

Шал жылап, әлі келді екі көзге,  
Қолынан не келеді онан өзге?

Қойшы барып еліне хабар айтыш,  
Матай келді жиылыш осы сөзге.

Жан білмейді Еңлікті кім алғанын,  
Қайда кетіп, қалайша жоғалғанын  
Алты ай қыстай кім келіп, кім кетпейді,  
Қайдан білсін күдікті кім конғанын.

Тұлкіні бір Матайдың көзі шалды,  
«Мынапы кім берген?» — деп қолына алды.  
Шал айтты: «Мұны берген бір Тобықты,  
Атын ұмыттым, бір қоныш кетіп қалды.»

Қойшы айтты: «Оның аты Кебек еді,  
Онаң соң да осында келмен пе еді.  
Ұмытнасам, соны Еңлік аттандырып,  
Қош аман бол, келіп жүр, Кебек, деді».

Қуа қуа осы соз анықталды,  
Матайлар Тобықтыға кісі салды.  
Қызы дегениң немене, білмейміз деп,  
Тобықты оны елемей жатып алды.

Кебектің қайда екенін ел білмейді,  
Не жылқыда, не аңда жүр ғой дейді.  
Жалғыз-жарым сыр шашпас құрбы арқылы  
Елден Кебек азықты алыш жейді.

Сөйтіп жүріп бірталай заман отті,  
Еңлік қашып кеткенге айға жетті,  
Қызы алды да, жөн жауап бермеді деп,  
Матайлар бір қос жылқы алыш кетті.

Тек жатсын ба бұл елдің көп саңдағы,  
Жуантаяқ бір ауыл шапты тағы.  
Матай — қызды, Тобықты — Кебекті іздең,  
Шатаққа соқты сөйтіп сөз аяғы.

Бір күн Қабекене Қәбей\* келді,  
Үйге кіріп келді де, сәлем берді.

\* Қәбей Жұзбенбет деген тапташ шыққан кісі, әрқашан Қенгірбай бидің сөзін сол шешкен (Автор).

Қыз да жоқ, Қебек те жоқ, ел — шабысты,  
Мен сізден ақыл сұрай келдім деді.

Қабекең сөз айтпайды жұмбақтамай;  
«Ай, Қебей! Сұңқар қалай, тауық қалай?  
Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді,  
Сол келгенише өтпей ме уақыт талай...»

Қебей мұны ұқты да, қайтып кетті,  
Тобықты кенес қылған топқа жетті,  
«Қабекең екі-ақ ауыз жұмбақ айтты,  
Ол сөзінің мағынасы мынау,— депті.—

Еңлікті алыш қашқан Қебек батыр,  
Оны айтпай-ақ біздің би білшін жатыр.  
Тауық деп қызды айтады, сұңқар — Қебек,  
Тоқтамысқа қаратып қой дейді ақыр.»

Осылай деп жұмбағын Қебей шешті,  
Матаймен байлау қылып сөз сөйлесті.  
Кешіктірмей табалық Қебек алса,  
Бір ай тоқта, Тоқтамыс келсін депті.

Сонымен тағы да өтгі бір жарым ай,  
Тоқтамыс Арғын жақта жүр келе алмай.  
Намыс қылып жиылды тамам Найман,  
Көнбейміз деп мазаққа мұнан былай.

Матай да соқтыққан жоқ тіпті неген.  
Мақал бар «ел құлағы елу» деген,  
Қыздың қайны Сыбандар және білді,  
Екі елде де адам жоқ есітпеген.

Найманның дым көп болды жиылдысы,  
Жиылған соң белгілі қылар ісі.  
Алдынан бір арылып алайық деп,  
Тобықтыға жіберді елші кісі.

— Ел бүлдірмей бітелік, жөнге келсін,  
Еңлік, Қебек екеуін ұстап берсін!  
Шаригаттың әмірімен өлтіреміз,  
Малға бітім қылмаймыз, оған сенсін!

Тентегінің жазасын мойынға алсын,  
Егер оған көнбесе, дайындалсын!  
Қырылышпай бітпейміз таусылганш,  
Не Найман, не Тобықты бірі қалсын!

Жауапты да тез берсін кешіктірмей,  
Ертең бесін намаздың уақыты келмей.  
Өзге бітім болар деп ойламасын,  
Бітімім жоқ не өліп, не өлтірмей!

Үйлықты Тобықтылар осы сөзге,  
Бітімі жоқ болған соң мұнан өзге.  
Найман дым көн, Тобықты аз, Арғын алыс,  
Корықпауға да болмайды көрер көзге.

Бірі ол дең, бірі үұл деп көп кеңесті,  
Віле алмай не берерін, не берместі.  
Қысыншапда баратып Қабекене,  
Ақыл сұрай бір-екеу барсын десті.

Кепбай\* мен Қобей барды биге тағы,  
Сөзін айтты, сәлемін берді-дағы.  
Қабекеншің қабағы қарыс түсіп,  
Мінеки, сондағы айтқан бір жұмбағы:

— Әнет-Бабам емес пе менің атам,  
Бірақ ондай қабыл ма менің батам?  
Көшсем — қоныс, отырсам — көмегім жоқ,  
Көрсетемін, қайтемін, тыныш жатам...»

Үұл сөзі — Бабаң айтқан сөздің көзі,  
Өзі өлтірмей, амалсыз атқызыды өзі,  
Жеңілсен, енді барал руың жоқ,  
Көрсетпеуге шама жоқ деген сөзі.

Соны естіп, Қобей топқа қайтып келді,  
Жұмбағының шешуін айтып келді.  
Тобықтылар Найманды ертіп әкеп,  
Кебектің жатқан жерін айтып берді.

\* Кепбай — Байғара деген тантан шыққан кісі (Автор).

Үйктамайды сақтасып Кебек түнде,  
Үш айдай бір дарада жатқан мұлде.  
Толғатып Еңлік сұлу бір үл тапқан.  
Айы толыш, мезгілі жеткен күнде.

Екеуі сол баланы қылады ермек,  
Кезек үйқташ, сақтасып жүрді сергек,  
Қыз ояу, Кебек үйқтап жатыр еді,  
Қозықүрец кісінеп қағады елек.

Еңлік түртіп оятты Кебек ерді,  
Атқа қарғып мінгеше жау да келді.  
Қүрец атқа мінгесіп жөнелгендे,  
Баласы бесігімен кала берді.

Баласын бір Матай кеп қолына алды,  
Кебек қашты, жабылып жау да салды.  
Қозықүрец жартастан қарғыганда,  
Ауып кетіп, Еңлік қызы түсіп қалды.

Не күшті, ойласаңыз, тағдыр күшті,  
Кім тоқтатар әзелде болмақ істі,  
Өлсем, бірге өлмекші сертім бар деп,  
Мінгестіріп алуға аттан түсті.

Жау жетті де, қамауда Кебек қалды,  
Ары-бері қанжармен соғыс салды.  
Бірталайын жаралы қылса-дағы,  
Көпке топырақ шашсып ба, ұстап алды.

Байлап алып әкелді Ашысуға,  
Тамам Найман жиылған қалың дуға.  
Қайран жастар қапыда қолға түсті,  
Елтіген бөрідей боп жеген уға.

Шеткі Ақшоқты басына алып шықты,  
Қалайша өлтіруғе кенес қыпты.  
Жас қой деп жаны ашыған бір адам жоқ,  
Қолға түскен кісіге қатын мықты.

Кейбіреуі таспенен атпақ болды,  
Кейбіреуі дарға да аспақ болды.  
Аяғында мойнына арқан тағып,  
Атқа байлан сүйретіп шаппақ болды.

Көп Найман екеуіне тұр анталап,  
Бейне бір сояттығын малға балап.  
Еңдік сонда еліне сөз сөйлепті,  
Қасындағы жиылған көпке қарап:

— Ай, жұрттым, бір-екі ауыз сөз айтайын,  
Ойтегеуір, олтіруің тұр гой дайын.  
Олерде үш тілек бар деуші еді ғой,  
Күдай үшін беріңдер, мен сұрайын.

Кебекпен мені азғана арыздастыр,  
Олғен соң бірге қосып, таспен бастыр,  
Мына бала — Тобықты баласы ғой,  
Оны олтірме, Кеңігірбай биге тансыр.

Үш тілегін алсын деп жұрт кеңесті,  
«Бердік!» — деп, екеуінің қолын шешті.  
Құшақтастып, сүйісіп, қош айтысып,  
Ал енді олтіре бер, мейлің десті.

Екеуінің мойнына арқан салып,  
Екі аттың құйрығына байлан алып,  
Матайлан ұран салып, шауып-шауып,  
Өлтіріп, бір төбеге қойды апарып.

Тастады бесінімен баласын да,  
Обалға өшіккен ел қарасын ба.  
Еңдік — Кебек моласы бүгін де бар,  
Таймақ пен Ералының арасында.

Надан жұрттың болады діні қатты,  
Қабекең тапсырмай аманатты,  
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала  
Шырқырап күн батқанда жылап жатты.

Жуантаяқ баланы түнде білді,  
Түн ішінде жиылып атқа мінді,

Таң ата келін ізден таба алмады,  
Қысыны біреу үрлан кеткен сыйнды. ]

Ертеде, міне, осындай қызық өтті,  
Әр дәурен заманында қызып өтті.  
Алдамыш сүм дүниенің аясында  
Әр тұрлі жақсы, жаман, бұзық өтті.

Талайдың таудай күшін талқан қылып,  
Емі жоқ екпінді ажал бұзып өтті.  
Жете алмай мақсұтына Еңлік-Кебек,  
Арманда екі ғашық өліп кетті.

\* \* \*

Жіғіттер! Бұл өлеңді жазған мәнім,  
Емес қой жастықпенен салған әнім.  
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы,—  
Аларсың көп гибрат байқағаның.

Қыз, қызық, батыр жазар кезім емес,  
Жастарды қызықтырган сезім емес.  
Ертегі емес, ертеде болған бір іс,  
Ойдан жазған, шығарған сезім емес.

Әншейіш әңгіме деп құлақ салма,  
Құрғана қызығы мен қызын алма.  
Ғаділ — залым, шафқатлы — мейірімсіз,  
Соларды айыра алмай, қаны қалма.

А, құдай! Кінәмді өшір, сауапқа жаз,  
Таусылмайды рақметің, не болмайды аз.  
Жан кетін, ағайын, мал қалған кезде  
Өлмес, өшпес дәулетім осы қағаз!

## *Қодардың өлімі*

Ой қозғайды, оцаша таудың басы,  
Өткениң ойға түсін тамашасы.  
Қолтығына қабагын түйіп қаран,  
Әне тұр Қодар өлгөн құз жартасы.

Тастан тайып өлгөн жок, құздан құлап,  
Оны өлтірген ағайын қарындасы;  
Ел бұзатын ерсі істі өршітисеке  
Дарға асып, таспен атқан өз ағасы.

Ол Қодар барымташы ердің басы,  
Жыртылмасын деп жүрген ел жағасы.  
Ар сүмейтін бір істі қылғаннан соң,  
Ляматан Олжайдың кәрі-жасы.

Ойнан, бұл істің коп магынасы,  
Не қалған ескі жақсы, соны ойланиы.  
«Алтынды ер атқа тисе, отқа жақ» дегі,  
Оз бауырын өлтірген ел данасы.

Не күйдестік, немесе кек құған жоқ,  
Ел бұзбауга ойлаган бұл айласы.  
Осы күнгі «жақсының» бір талайы  
Үры-қары, қу-сұмың җан жолдасы.

Қазақ қайтіш ел болар, қарағым-ай,  
Бұл ұзамай құриды – сөздің расы.  
Некалайдың іісі осы елде тұр,  
Оңдыра ма сәулесіз өңкей масы.

Арғы атамыз Олжайдан үш ұл болар:  
Айдос, Қайдос, Ықітіек – міне, осылар.  
Қайдостың бір баласы Борсақ деген.  
Соның бір тұқымы еді батыр Қодар.

Бар еді сол кісінің бір жақсы ұлы,  
Қаза жетіп өліпті сол бір жылы,  
Жесір қалған келінің Қодар алып,  
Қылмайтын істі қылған құдай құлы.

Жасырмай айта берсем, сөздің шыны,  
Құдайға ерегесін қылды мұны.  
«Баламды алсаң, мен де алдым келінімді,  
Қане, ата той деп қылдым,— дейді,— осыны.»

Осы соз жайылыпты елге тараң,  
Кемітіш, мін қыларлық іске жарап.  
Тобықтыны билейтін Құнекеңің  
Бетіне басты осыны төре Бараж.

Әділ деп ел мақтаған Құнанбайды,  
Көзінше жан әдепсіз іс қылмайды;  
Ұрлық, зорлық, зомбылық — бәрін тыйып,  
Арам деп атқызбаган насыбайды.

Ол кезде орыс онша кіріскен жоқ,  
Қазақтың еркі өзінің қолында боп,  
Тамам жақсы жиылып Құндыздыда,  
Арғын, Найман бас қосып жасапты топ.

Құнекең Баракпенен жасы құрбы,  
Қатты тату, қалжындан ойнап жүрді.  
Насыбай атамын деп төре Бараж  
Шақшасын тықылдытып үстелге ұрды.

Мұнысын Құнекемің көзі шалды:  
«Ей, төре, неге атасың?— деп-ақ салды,—  
Әрі арам, әрі ысырап бір былғаныш,  
Бұл құрғырда қалайша сертің қалды?!»

Мінеки, сондағы айтқан Бараж сөзі  
(Ойнайтын оңаша емес, көптің көзі):  
«Мұны көрсөң, қойдым,— деп, отқа салды,—  
Көрмейсің өз келінін алса да өзі!..»

Құнекең білмеуші еді Қодыр жайын,  
Ойланып, аң-таң қалды қылмай пайым.  
Аулакта сұрап еді, Бараж айтты;  
«Мұны қылған жат емес, өз Олжайың».

Еліне келе сала сұрастырды,  
Әркім-ақ айтып берді анық сырды.

Олжайыңаң бас адамын жиын алып,  
Оғы Хан олесінде кеңес күрді.

Кайда, сиро, коп жүрмей, жасында өткен,  
Үшінші ула Бокениң ерте ер жеткен,  
Сондастин Қайда аты аталмайды,  
Ол зертта Бокениң дең атап кеткен.

Сүйенік — бистің адамы Бокениңің,  
Тәңізде айтты: «Мының жұмыс бізге бір сын.  
Ең бұйрынқы іс қылды естілмеген,  
Мұныңын не айтсың тиңіздің?»

Сүйекен айтты соңда: «Ей, көп халық!  
Мының іс бола берер бетке салық.  
Кейініңе жүктірмай кеселдерін,  
Екеуіңің қоаш де жогалталаң!»

Жон корын осы соғығе борі ұнасты,  
Енкімге білдірмеске баталасты.  
Қодарды алдан ұстап өкелуге  
Жұмсаңды Олжайдагы құрбыласты.

Ол жүрген оз келініп алып қашып,  
Жаңтар барып қосылды араласып,  
Молдадан ботуа сұран ел жіберді»,—  
Дегенде панды Қодар қара басып.

Семейге кеткеніне бес күн болды,  
Деді олар, келетүғын мезгіл толды.  
Соны айтын алдандырып отырғанда,  
Асынын ат терлеңіп біреу келді.

Караса, Қерей жорға Жұмабай ол,  
Қүнекеңің атишысы айласы мол.  
«Бес-ақ күнде өкелдім бәтуа,— дейді,—  
Шүйіншімді аламын — жұмысым сол.

Мен барған соң молдалар көп кеңесті,  
Аяғында мәнісіп әбден шешті,  
Құрым іліп би үйін жеті айналса,  
Оған иеке киоға мүмкін десті.

Бізге қисық болса да істің басы,  
Дұрыс көрді Семейдің ғұламасы.  
Бетімізге енді ешкім баспайды деп,  
Куаныш жүр Олжайдың кәрі-жасы.

Тез әкел деп қуанды Құнанбай да,  
Деп отыр шарагаттың Барак қайдада...»  
Үйретінді сөзді айтып тамылжытты,  
Айлакестің керегі осындайда.

Өтірік шарагатты айтты жайлап,  
Куаныш Қодар ер де оттай жайнап;  
Шүйншім деп қанжарын алдан алып,  
Келгеп соң Қодекеңді алды байлан.

Сүйекең Құнекеңде айтты сонда:  
«Мұндайға не жаза бар тұра жолда?  
Қылайық шарагаттың бүйірганын,  
Өзгеміз емеспіз ғой сіздей молда.»

Қажы айтты: «Бұлар сөйтіш қаза ташақ  
Жиылып осы қауым таспен атиақ,  
Зинақордың жолы осы шарагатта,  
Жаназасыз солайша шіріп жатпақ!»

Екі антқа жаны ашысын кім елжіреп,  
Беттеріне түкірді бәрі де кеп,  
Борсақтың басты адамы батыр Қиял  
Болмады: «Таспен атнай, дарға асам!— деп. —

Екеуін өлтірмейміп құр қинамай,  
Бейнетті көрсетемін бұған талай!»  
Екі атанға арыспен арқан артып,  
Жүрді қын жылқы айдар шатқа қарай.

Анау жартасқа апарды елден таса,  
Терең құз Хан өзенге қойған аша.  
Қатын сонда Қиялға жалыныпты:  
«Қодарды бір сүйгіз,— деп,— тым болмаса...»

Ауызға сөйлеме деп қойып қалды.  
Екеуінің мойнына арқан салды,

Арасын артын атанды түргызганда  
Дүниралан, бир созылғи коп қипалды.

Дөнин ашын кім қылады бұған жәрдем,  
Кипалғанда ұнағына ошиң да арман,  
Бу ашытадай ерсін қалған кезде  
Олар той деп босатын алды дардан.

Кастың оліт, ол бір қу сүйекке есеп,  
Бағынада, ынсанының. Қодарға кен;  
Бір ол жас күрбесін жүгірінгі,  
Бір кішіге ол ойм болмайды деп.

Табиандай сол кезінде жистау бала,  
Жиңіншіларға соң айтты тұра сала:  
«Күнекем мен Сүйекем, мынаны өлтір,  
Бобен болған демесең шың масқара!»

Көміршың есті кірді қоға жайнац,  
Жиңіншілдер түргиңи көнкі ағатайлан,  
Альш шығын, жартастан домалатты,  
Кол шығын артына мыңтан байлан.

Бирлан оғра түскен соң таспен атты,  
Конкі шейін тынырылан тулап жатты.  
Облен олін болған соң отын әкеп,  
Екеуінц сүйегін отқа жақты.

Александр Пушкин

*Дубровский әңгімесі*

*Сөз алдынан\**

Өлишеусіз көн жасаған дүние кәрі,  
Тагы талай жасамақ мұнан да әрі.  
Иесінен басқаға мәлім емес  
Қаша тұрмақ, қаншама тұрғандары.

Сол есепсіз жылдарда көп жан өткен,  
Кезімен бірі келіп, бірі кеткен.  
Әуел баста адамзат аңша жүріш,  
Әлсізін азық қылды әлі жеткен.

Қарулары — жұдырық, тіс, тырнағы,  
Нашардың мықтыдан жоқ құтылмағы.  
Құшке қарсы әлсіздер айла іздепті,  
Зорлықтың ойлатқаны ол баяғы.

Сол себептен шығынты ағаш кару,  
Не шанишып, не тоқнақтаң басты жару.  
Бұрынғыдай дым оңай бола алмапты  
Қарулыға қарусыз қарсы бару.

Онан соң тастан қару шығарынты,  
Өткір таспен бас кесіп, іш жарынты.  
Темір қару шыққан соң тінті өзгеріп,  
Дүниені басқа өмірге аударынты.

Көдтік, көмек іздеткен осы темір,  
Бұл шыққан соң бұрынғы іс болды көмір.  
Коп жеңіп, азғаналар айла ойланып,  
Өтіпті соныменен талай өмір.

Онан соң өнер шықты отпен атқан,  
Зеңбірек, бомба, мылтық тарсылдатқан,  
Бір минуттың ішінде жоқ қылады  
Ғаскерді әлденеше толып жатқан.

\* «Дубровскийдің» өлеңмен аудармасына Шекспирінің өзі жазған ариау жыр. (М. М.)

Оттың кири шыққан соң тінгі өзгерді,  
Айла тууын, асырды әр өнерді.  
Кон, комек, күш иен ерлік түкке тұрмай,  
Онерелді онердің қыра берді.

Аң заман, ағаш заман, тас заман деп,  
Бұл үшесүйін айтады бас заман деп.  
Басында адим да шин ымдасса да,  
Сойлей-сойлей ымбалды тастаған деп.

Ата, пана, мами деп соз басталған,  
Сойтес-сойте соз қосын, үгін алған.  
Еріп-еңті, тіл орамды жаратылып,  
Адамнин аңша ымдасу сойтіп қалған.

Сойлескен, айла ойласқан, ақылдағасқан,  
Құлышап бар хайуанды адам басқан.  
Құндестіккен коре алмай бірін-бірі,  
Алматын, анысан, ариалысқан.

Адамзат бір-біріне болған дұснан,  
Қарындас қанын ішін қырылысқан.  
Қырда құс, дарияда балықтай боп,  
Ақырында шар мініп аспанға үшқан.

От прба, пароход иен көктегі шар,  
Динамит, бомба, пушка, көп мылтықтар —  
Қабаныңды қаққанша қанша адамды  
Жоқ қылуға дан-дайын тұр осылар.

Бұлар керек адамды қырмақ үшін,  
Өзі билең, салтанат құрмақ үшін.  
Отызыз, күшсіз, сүйексіз қызыл тіл бар  
Оларға ел қырғызбай тұрмак үшін.

Тура тисе түзелмес тіл жарасы,  
Оны ұға ма адамның бір парасы.

Арсыздықпен айтқан дау жауап емес,  
Тапқан сөзге ешкімнің жоқ таласы.

Өзі өлмейді, дәл тисе оңалтпайды,  
Тілдің ізін еш нәрсе жоғалтпайды.

Айттым, жазып, бастырдым, қалды жазу —  
Мен өлсем де сөз тірі, тек жатпайды.

Бірақ ондай беск жүйрік, дым тәтті тіл  
Неше мыңнан біреуге бітеді,— біл.  
Анда-саңда біреуді өзөр берген  
Бұрынғы откеп есепсіз бұлдыр көп жыл.

Айтқап сөзі ауруға ем, жанға құмар,  
Тауып айтқыш тәтті тіл сайраушылар:  
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов,  
Хожа Хафиз, Науай, Физули бар.

Лындаі орамдылар әр елде көп,  
Бөрін айтып не керек пәленші дең.  
Неге айтты, не дең айтты, кімді айтқаны,  
Сөзін ұқ та, соны ойла,— осында — кеп\*.

Мен сізге айтпақшы едім бір ертегі,  
Пушкиннің жазған сөзін ертедегі.  
Оны айтпай, онан да ескі заманды айттым.  
Адамның солайша дең түзелмегі.

Мақсатым ғибрат үшін айтып кетпек,  
Адамға үлкен міндет талап етпек.  
Орыс айтты, оны ұғып болмас демей,  
Жаһат қылса әр іске адам жетпек.

Олар-дағы бірінен бірі көрген,  
Сөзі ұнап, шәкірт бол соңына ерген.  
Ойланып, бірін бұзып, бірін түзең,  
Керектісін кітап қып сыза берген.

Өкінбей, өлем демей, өрге басқан,  
Ерінбей, еңбек қылып егін шашқан,  
Жалықпай жартас қазып, кен шығарған,  
Талықпай тас бұлактың көзін ашқан.

Қанып тұр бұқіл ғалам сол бұлактан,  
Аңсаган ғылым іздеп әр тараптан.  
Бұлактай жаратқанға жалбарынып,  
Әр шығанға рақмет дең шулап жатқан.

\* *Kep* — гәп (Аудармашының түсіндірмесі).

Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін,  
Қазақтың шағылдырып надан көзін,  
Рылымнан көзілдірік кимеген ел  
Туралап көре алмас деп күннің көзін.

Сойтсе де кете қойман шетке басын,  
Лайтармын алыстамай, шын жанасын,  
Оништің ертегі етіп отыр демей,  
Жүрекке тындағайсың ақылдасын.

Жазған жоқ Пушкин мұны ермек үшін,  
Максұты бізге ғибрат бермек үшін.  
Кіянатшыл, зорлықшыл, паражордың  
Мінезінің сүгіретін көрмек үшін.

Шаш махабbat не екенін білдірмекке,  
Үоденіл, одлетті сүйдірмекке.  
Жүнсем мінезді айтқанда жаңды ерітін,  
Залымдыңстан жирентін күйдірмекке.

Ақылсыз мал мей мансар кім екенін,  
Сырты адам, іші шошка сүм екенің,  
Алға сүймек, ар сүймек, адам сүймек  
Үетырап адамдыңтың шыңы екенін.

Орыс сөзін айтты ден, кейбір қауым  
Үрмай, соқнай болар-ақ менің жауым.  
Нені айтты ден сұрамас, кім айтты дер,  
Білмей жүріп өзінің ауру-сауын.

Ал айтайын, айықтар ұға тұрсын,  
Ақылсыз мас мақтаны тыға тұрсын—  
Қызы-қызық, батыр-балуан керек қылған  
Ойсыз құлақ, мисыз бас шыға тұрсын!

\* \* \*

Жер айналмай тұрмайды дүние жай,  
Келер, кетер адамзат із қалдырмай,  
Сол өткен көп заманның бір кезінде  
Болыпты Троекуров деген бір бай.

Осы бай Русияның шетінде екен,  
Күнбатыс заграница бетінде екен,  
Өлшеусіз жер, санаусыз ақшасы көп,  
Сөйтсе де тағы жұтпак ниетінде екен.

Бұл кезден ол заманың заңы қызық,  
Бар еді бір өдеті тіпті бұзық:  
Қадірлі, қолы жеткен мықтылардың  
Құлы бол жүруші еді тамам мұжық.

Дейтүгын Покровский қыстағы бар,  
Жазылған құлып көп мұжықтар,  
Тамам бастық соңынан итше ереді,  
Ұлығы ол заманың ақшақұмар.

Аңға құмар жан екен жасынан бай,  
Қайың орман, шың тау бар, аңы да сай,  
Бес жұз иті бар екен әр тұқымнан,  
Аңқұмарлар қоя ма ит асырамай.

Сол көп ит бір қаладай сарайда екен,  
Ит дәрігері Тимошка малай екен;  
Әр иттің жататұғын үйі бөлек,  
Тамақ жеп, орны-орнына тараиды екен.

Бай өзіне тең көрмес жердің жүзін,  
Итінен-ақ білдің ғой байлық ізін.  
Әкелиң француздан бір молда қызы,  
Оқытты Мария деген жалғыз қызын.

Бай өзі оқымаған надан екен,  
Тәкаппар, мақтан сүйгіш адам екен,  
Малы көпке пәле жоқ деп ойлайтын,  
Зорлықшыл, әр мінезді жаман екен.

Андрей Дубровский деген бір бай,  
Дәулеті емес оның дым анандай;  
Мінезі Троекуров сықылды емес,  
Жаралған бір-біріне тіпті ұқсамай.

Кистеневка қыстағы мұның жері,  
Шын мирас атасының еңбек тері.<sup>2</sup>

Мішезі араз екі бай тату екен,  
Ліца шықса айрылмай жүргендері.

Дубровский мал сүймей, адам сүйгіш,  
Кіяннат, залымдықты көрсө құйгіш,  
«Мал сақтама, ар сақта» деп ойлайды,  
Адамдық, әділетті ерте түйгіш.

Арынан аямайды дәуulet, пұлын,  
Ляғыш қызметкерін, күң мен құлын,  
Жіберді Петрбордан оқытуға,  
Дейтүғын Владимир жалғыз ұлын.

Коп қуған Троекуров аңның жайын,  
Мылтығы, иті, құсы — бәрі дайын.  
«Дубровский келмесе, разы емен», — деп,  
Ліца шықса шақыртар көрші байын.

Надиң бай Троекуров ғылымга олак,  
Сойтес дагы қадірі елге мол-ақ,  
«Сүйек қайда коп болса, ит сонда» деп,  
Үйінен ұзілмейді мың сан қонақ.

Мал не қылсып ақылдың жоқ пен барын,  
Мақтандырмай қоя ма тойған қарын.  
Ліца шықпақ болды да Троекуров,  
Ит корсете апарды қонақтарын.

Тимошка шықты алдынаң беркін алыш,  
Қонақтар ит мақтасы қайран қалып,  
Итке берген тамағын айтып болмас,  
Астына мамық төсек қойған салып.

Қонақ итін мақтаса — көңіл қоши,  
Троекуров байдың да тілегі осы,  
Сөз<sub>сөйлемей</sub> түр еді Дубровский,  
— Сен неге сөйлемейсің? — деді досы.

— Маған міндеп емес қой ит мақтамақ,  
Жаңа көрген қонақтар алсын сабак.  
Ит түгіл қызметшіне табылар ма,  
Мұндай орын, мұндай үй, мұндай тамақ!

Бұл сөзге бір қызметкер ашуланды:  
— Иттен кейіп көрдің бе сен адамды?  
Біз түгіл, сен сықылды бір алпауыт  
Мұнда тұрса қуанар! — деп-ақ салды.

Троекуров қуанып карқ-карқ құлді,  
«Сөз тантың!» — деп арқаға қақты құлды,  
Мақтанишақтың малайы тасыр болып,  
Үқиғанын Андрей іші білді.

«Ас пісті!», — деп хабарға біреу жетті,  
Ішті, жеді, мас болды, өлеңдепті,  
Андрей Дубровский ішінде жок,  
Бағана өз үйіне қайтып кетті.

Жіберді Троекуров бір малайын,  
«Тез келсін, арақ пенен тамақ дайын,  
Шақырғанда келмесе Дубровский,  
Табамын деп айт, — деді, — оның жайын»

Андрей өзі бармай бір хат берді,  
Сол хатты малай алыш қайтып келді,  
Конвертті қолына алыш Троекуров,  
Хатшысына оқытып, сөзін көрді:

«Бір итшің жұрт көзінше сөкті мені,  
Қарсы айтып, былшылдады әлденені,  
Соны әкеліп жықпасаң аяғыма,  
Өмірімде көрмеймін енді сені.

Құтадың соның сөзін өзің дағы,  
Надандықтың белгісі ол баяғы,  
Итшің түгіл, көтермен өз сөзінді,  
Мен біреудің құлы емес байлардағы.»

Есітіп ашуланды даракы бай,  
«Апыр-ай, мынаның, — деп, — ызасын-ай.  
Апарып аяғына жықсам керек,  
Жарлығын ол «тақсырдың» қата қылмай.

Қараши, бүйрық беріп отырғанын,  
Жүргенге еркелетіп құтырғанын,

Кіммен дұсап болғанын байқамайды ау,  
Нілмей қаляп түбімен жұтылғанын!

Жандарал, заседатель бәрі менде,  
Мының қарсы келеді қандай пенді!  
Малым барда бетіме кім шыдайды,  
Борышкөр ондай кедей маған тең бе!?

Қан, болем, бір қылармыш саған», — деңгі,  
Таңтаїды ашуланып және тенті,  
Ол келмесе, суалын қалмаймын деп,  
Конағын ертіп алып аңға кетті.

Аң алмай, жолы болмай, қырсық шалып,  
Күні бойы бір көжек өзер алыш,  
Андрейдің егінін тантап-тантап,  
Көнике келді үйнен қайта салып.

Сойтін жүріп бірталай мезгіл өтті,  
Күншеп-күнге сусынып байлар кетті.  
Сыртынан Троекуров ианаттаң,  
Ол хабар Андрейге күнде жетті.

Аңдысын, іштеп жау бол ерегесті,  
Әркім-ақ бұл екі бай араз десті.  
Троекуров құлданған көп мұжықтар  
Ағашын Андрейдің үрлап кесті.

Андрей бір күн тоғай аралапты,  
Мұжықтың бірін ұстап жарапанты,  
Атын алыш, өзіне дүре салып,  
Троекуров бай бар деп қараманты.

Мұны есітіп Троекуров ашуланып,  
Мұжықтың баршасына хабар салып,  
Андрейдің қыстағын шабамын деп,  
Отырды атын ерттең дайындалып.

Сол кезде арба келді үш ат жеккен,  
Ішінен біреу түсті шенді шекпен,

Шабашкин дейтүғын бір заседатель;  
— Келдің,— деп бай сұрайды,— не себептен?

Бас ұрып, бөркін алыш тұрды байға,  
Үлкенсін, ұлықсымақ қалды жайға,  
Иттейіп еркелеғен жылмаң қақты,  
Бай көрсе нарақорлар қандай майда!

— Қызметпен шығып едім бүғін тысқа,  
Қуандым сізбен үйде жолығыска,  
Жанымды жолыңыздан аямас ем,  
Жұмсасаң біз құлынды бір жұмысқа.

— Жұмыс көп олай болса саған,— деді,—  
Бітірсең асар сенің бағаң,— деді,—  
Андрей Дубровский көрші байдың  
Бар жерін алыш берші маған,— деді.

Шабашкин жылмандағы одан да әрі;  
— Бар ма екен жер бекіткен қағаздары?  
Не қылсаң қолға түсір документін,  
Онаң соң болсын міндет маған бәрі.

— Ақшаны көп беремін жетсең сертке,  
Айла тап не қылсаң да осы дертке,  
Андрей өз аузынан айтыш еді,  
Жанды деп документім қалың өртке.

— Олай болса, бұл жұмыс оңай маған,  
Түп-туғел әперейін жерін саған,  
Закон — түйе, бүйдалап жетелерміз,  
Несі адам осындайға жол ташаған?!

Задатке деп аузына аз май жағып,  
Алған сайын тым шешен судай ағып:  
— Екі жұма бұл істі күтініз,— деп,  
Амандасып жөнелді, құйтың қағып.

Жұр еді Дубровский өз жайында,  
Бармайды бұрынғыдай дос байына.

Сізді ертең мекемеге шақырды деп,  
Бір обыр хат тастады маңайына.

Ашып көріп оқыса әлгі хатты,  
Ұлықтар мөрін басқан инабатты,  
«Кистеневка өзінің мүлкің емес,  
Отырсың,— деп жазыпты,— не себепті?»

Андрей оқыды да, қалам алды,  
Почтаға жауап жазып, бір хат салды;  
«Жерімде еш адамның ақысы жоқ,  
Өзіме неше атамнан мирас қалды.»

Мұны оқып заседатель қуанды көп,  
Законге шорқақ екен Андрей деп.  
Қағазбен анда-санда бір шақыртып,  
Қылады келмегенін үлкен себеп.

Іс қой деп Дубровский ескермеді,  
Сүйеніп ақтынына, сескенбеді,  
Айналып әрнемеге кетті ұмытып,  
Арты қалай болар деп тексермеді.

Февральдың тоғызында біреу келді,  
Қолыша пәбеске деп қағаз берді,  
«Конвоймен алғызамын,— деп жазыпты,—  
Мұнан соң келмесінде болмайды енді.»

Андрей атын жегіп, жұріп кетті,  
Артынан Троекуров қыып жетті,  
Көзіне көзі түсіп кетіп еді,  
Мыскылдан, күлімсіреп мазақ етті.

Келді де Троекуров сотқа кірді,  
Секретарь\* стул іздең зыр жүгірді.  
Төрдегі члендер мен заседатель  
Қалиагын қолына алыш шұлғып тұрды.

Ескерген Андрейді бір адам жоқ,  
Не қылсын, ұлықтардың қалтасы ток.

\* Секретарь — хатшы (Ауд.).

Сүйеніп стенаға тұрып қалды,  
Бейне бір қағып қойған қазықтай бол.

Секретарь сот билгін оқыды әкеп:  
«Еш даусыз, Кистеневка — байдікі,— деп,—

Андрей Дубровский жерден шықсын,  
Тұрмасын құлықпенен пайдасын жең.

Қол қойған талай байлар мұны растап,  
Андрей қазір кетсін жерді тастап!»  
Қағазды Троекуров байға әкелді,  
«Қол қойыңыз, тақсыр,— деп,— әуел бастап.»

Кердеңдең, кекірейіп жетіп барды,  
Сияға малыш қойған қаламды алды.  
Оқымаған надан бай нені жазсын,  
Иректеп крест таңба азар салды.

Андрейге қол қой деп келіндерге,  
Жауап бермей аз тұрды қарап жерге.  
Ақ ісін қара жеңіп кеткендігі  
Оңалтпас оқтай тиді қайран ерғе.

Қайраттанды көзінен оты шығып,  
Бір қағып секретарьды кетті жығып,  
Оқ тиген арыстандай аласұрды,  
Әр ұлықты әр жерге қуып тұғып.

Жан шыдамай көзінің қарасына,  
Қашып кірді үстелдің арасына,  
Қарауылны солдаттар жиылыш кеп,  
Азар алып барышты шанаына.

Кімнің жаны ашымас бұл қүйіне,  
Қарғыс айтнай қала ма сот ісіне,  
Мекемеде тұрғанда жын соқты деп,  
Андрейді апарды өз үйіне.

Сонымен құндер өтті, жұма да өтті,  
Бұл істің болғанына айға жетті,  
Адасып ақылынан Дубровский,  
Ас ішу мен үйқтауды ұмытып кетті.

Кейде төгіп жіберіп көздің жасын,  
Кейде қатты қысады қолмен басын,  
Егоровна дейтүғын бір кемшір бар,  
Сол ойына салады ішпек асын.

Уақытымен жатқызар төсек салып,  
Стақанмен шай берер қолына алғып,  
Тамақ ішер мезгіліц болды ғой деп,  
Нан салады аузына майга малып.

Ерте өлген Андрейдің бейбішесі,  
Қатын жок, бала окуда — қалды несі,  
Әлгі айтқан Егоровна деген қатын  
Асыраған жалғыз ұлдың сүт енесі.

Дубровский ешкімге сөз қатпайды,  
Кемнірден басқа жанды жолатпайды.  
Жыныды шалды күзетіп, тынымы жоқ,  
Байгүсқа күн батса да таң атпайды.

\* \* \*

Петрбор — патша түрған үлкен қала,  
Ғылым, өнер оқытын үй бар және,  
Университет деген медресседен  
Оқып жүр Владимир деген бала.

Оқыған, өнер білген, өр көкірек,  
Жайнаған жаңа өспірім отты жүрек.  
Өрттен қашып ойланбас, қайта айналмас,  
Оқығанын бойына көрген тірек.

Сабактас құрбысымен салып сауық,  
Ойнайды қонақ қылып, уақытын тауып.  
Алдынан алтынды өмір сәүле беріп,  
Жүр еді еш нәрседен қылмай қауіп.

Бір күні біреу бір хат ұсыныпты,  
Сөзине оқыған соң түсініпті,  
Қонақ боп отыр екен құрбылары,  
Айта алмай, өңі қашып қысыльшты.

Білген соң қысылғанын қонақтары,  
Бар ғой деп бір оңаша іс қылары,

Бірі ол деп, бірі бұл деп сылтау айтыш,  
Әдеппен рүқсат алыш кетті бәрі.

Бір тұрды Владимир, бір отырды,  
Ешкімге білдіре алмай ішкі сырды,  
Киіпші, шамаданын қолына алыш,  
Отарба вокзалаына қарай жүрді.

Мінді де отарбаға жүріп кетті,  
Бірталай бұл ортада уақыт өтті.  
Біраз күн темір жолмен жүрді дағы,  
Дейтұғын Құмды бекет жерге жетті.

Кез болды отарбадан қалатұғын,  
Ат керек енді жалдан алатұғын,  
Поштабай стансадаи ат сұрады,  
Кистеневка қыстаққа баратұғын.

Қарады староста бұл балаға:  
— Жүрмісің ақша шашып құр далаға,  
Бес күндей, ат әкеліп, тосып жатыр,  
Сені алыш барамыз деп сол қалаға.

Сол кезде Антон жәмшік кіріп келді,  
Екенін Владимир біліп келді,  
Арбаға Владимирді отыргызып,  
Ыскырып атын айдал жүріп берді.

Шал Антон бишік бұлғап, божы қақты,  
Зыр желді көрмедегі ат, шеткі ат шапты,  
Өткенін қанша уақыт пайым етпей,  
Владимир тым терең ой ойлапты.

Ат быр-быр, арба құр-құр, қоңырау шылдыр.  
Тау, ағаш кейін қалыш, қакты бұлдыр,  
Блардан Владимир түк сеэбейді,  
Әкетпес әлдеқайда көніл құрғыр.

Тұңғай ой, тұңғай неше мындал,  
Бірі бүйт, бірі сүйт деп тұрады ымдан,  
Тұңғайық тұманданған алдыңғы өмір,  
Тұрғанын біліп болмас не дайындал.

Қайрайды кейде ыза боп жауға тісін,  
Ойлайды кейде реттеп, қылмақ ісін,  
Ашқан көзі жұмұлы есепті боп,  
Көрсе де көрмегендей түктің түсін.

Осындаи ұйқылы-ояу бір ой басты,  
Қайғы, үміт, қайрат, ыза араласты,  
«Әнеки, Покровский қыстақ!» — деген  
Антонның дауысымен көзін ашты.

Қараса, тау ішінде біраз қала,  
Бақшалы, көк шатырлы үй бар жәна.  
Жасында ойпағаны түсті есіне,  
Бір қызбен Мария деген жаң-жас қана.

Әдепті, махаббатты, әм құрбылас,  
Құлгендеге нұрлы жүзі қылады мас.  
Сөзі бал, әр мінезі майда еді-ау деп,  
Көзінен шығып кетті еріксіз жас.

Елжіреп, қүйгендей боп тұрады іші,  
Антоннан келді жайын сұрағысы,  
Тоқтатты өзін-өзі қайта ойланып,  
Кетер деп теріс ойлап мына кісі.

Бұл бақша Мариянікі емес пе еді,  
Мені білсе, аман ба демес пе еді?  
Бақнада бар ма, жоқ па деп тұрғанда,  
Етегі ақ көйлектің елестеді.

Қадалып ақ етекке көзі талды,  
Сол ма, сол емес пе деп көп қадалды,  
Антон жәмшік ысқырып жібергенде,  
Әлдекайда ап кетті, бақша қалды.

Келген соң Кистеневка қыстағына,  
Көрісті үйге кірмей, тыстағыға.  
Жасында асыраған Егоровна  
Жылады, келіп қолын ұстады да.

— Тиді ме жазған хатым, қарағым,— деп,—  
Пошташы айтып еді саламын деп,

Қайғыдан дертті болды Дубровский,  
Бар жерін Троекуров аламын деп.

Жазып ем білгешімше жайдың бәрін,  
Андрей пашарлады көрсөң халін,  
Тұруға Троекуров қол астында,  
Разы емес көрші мұжық, көп құлдарың.

Сол кезде біреу шықты есікті ашып,  
Өлген кісі сықылды қаны қашып,  
Белі ілміген, көзінің оты сөнген,  
Бір тұрып, бір жығылып азар басып.

Құшақтан Владимир Андрейді:  
— Аман ба, халің қалай, әке? — дейді,  
Қадалып екі көзі баласына,  
Басымен құр ымдайды, үндемейді.

Осында Дубровский болған ғаріп,  
Сұраса, айта алмайды сөз қайтарып,  
Көзінен қанды жасын сорғалатып,  
Жатқызды төсегіне азар барып.

\* \* \*

Бір күші Троекуров іші пысып,  
Үйінде отыр еді арақ ішіп,  
Шабашкин жылмаң қағып кіріп келді,  
Тағзыммен қолтығына бөркіп қысып.

— Ей, тақсыр, жұмысының әбден бітті,  
Сот законның кесімді күнін күтті.  
Андрей апелляция\* бере алмады,  
Сол үшін жерді сізге сот бекітті.

Жаңа алған жерінізге бармайсыз ба,  
Есептеп көрін, білін алмайсыз ба?  
Егін салып, пішенін орып алып,  
Не болмаса біреуге жалдайсыз ба?!

\* Апелляция — билікке разы болмай берген наразы арыз. (Ауд.).

Не демейді мас болған қызу кісі,  
Ашуланып, шықырлап кетті тісі,  
«Жоғал, көзге көрінбей!— деп ақырды,—  
Онда жоқ сен сықылды иттің ісі!»

Білген соц мас екенін кетіп қалды,  
Байга мастық тағы да бір ой салды,  
Жалынса, жерін қайтып берейін деп,  
Ат жегін Андрейге жетіп барды.

Андрей терезеден оны көрді,  
Көзі оттанып, көнілін ашу керді.  
Айтуға — тіл, тұруға қуаты жоқ,  
Қолымен құр есікке ымдай берді.

Сұп-сұр болыш, көзінің оты жайнап,  
Жұдышыры туулі, тісін қайран,  
Үмтылғанда орнынан үшшиң тұрып,  
Жының қаққандай жығылды бір ойбайлан.

Владимир жүгірді көзі шалып,  
Өкпесіне қарады қолын салыш,  
Байқаса, дем алыстан дәнeme жоқ,  
Ақырды келе ғор деп доқтыр алыш.

Қакпаға кім келгенін білмейді бұл,  
Бар сөзі: «Доқтыр әкел, тез хабар қыл!»  
— Троекуров бай сізді шақырып тұр,—  
Деді де хабар айта кірді бір құл.

— Жоғалтсын жылдам көзін менен аулақ,  
Бір іс көріп кетейін демесе нақ,  
Қоймаспын өшімді алмай құдай қосса,  
Тұрармыз бұл арада біріміз-ак!

Оны естіп Троекуров қалды кетіп,  
Балаға Егоровна келді жетіп:  
— Мінезін антүрғанның білмейсің бе,  
Шырагым, қатты айттың ғой өкпелетіп.

— Кіріспеңіз бұл іске, ей, ана, сіз,  
Білерміз қылар істі біз өзіміз,

Арымнан жанымды аян тұра алмаймын,  
Онан-дағы доктырды тез өкеңіз.

Егоровна кеткен соң сол жұмысқа,  
Арада уақыт өтті тіпті қысқа,  
«Атам — опат, доктырды шақырма», — деп,  
Артышан Владимир шықты тысқа.

Қызыметкер, көрші мұжық бәрі жылап,  
Сорлылар шуылдады туы құлап.  
Андрей жатқан үйге кіріп келсе,  
Аппақ боп төсегінде жатыр сұлап.

Өлмей, өспей тұра ма адам нәні,  
Мұзға айналыш қалыпты ыстық тәні,  
Басы түсін кетінгі кеудесіне,  
Ашулы оң қолының алақаны.

Бас иілмек — тағдырға көндім демек,  
Пәрменіне мойынды бердім демек,  
Алақаны ашылған ишараты —  
Несін алдым, мен ақтан өлдім демек.

Құл-құтандың қала берді өңкей гаріп,  
Таба алсын ажалға айла қайда барып.  
Шығарып өз заңынша жаназалап,  
Касына қатынының қойды апарып.

Серт қылды Владимир жыламасқа,  
Жылап жүр жүрт жиылған онан басқа,  
Аулақта қайғы басып, ой ойлауға  
Қанғырып бала кірді дөң ағашқа.

Кейде қайғы молайып, кейде жойып,  
Мұндайда болушы емес ойға тойып.  
Қайтерін, не қыларын байлай алмай,  
Отырды бір ағашқа көтіп қойып.

Ой шалып шар тарапты жыбырлады,  
Жел шуылдан, жерде гүл сыйырлады,  
Аққан өзен көрсетін о да өмірді,  
Менше ақшы деп бұлаңдан бұлдырлады.

Сүйсінсе кейде жарық күншуаққа,  
Қаптайды қара бұлт мұңайтпаққа,  
Аз уақыт алаң-ашық болса-дағы,  
Күн төменден барады жоғалмаққа.

Ғибрат етіп алланың дүниесін,  
Ойланып отыр еді әрнемесін,  
Кеш болғанға ишарат бергендей боп,  
Перде қылып тау тартты көлеңкесін.

Білген соң кеш болғанын кетті қайтып,  
Қайғы үстіне қайғыны тым молайтып,  
Үйге келсе, қорасы толған кісі,  
Даңылдан тұр әрбірі бір сөз айтып.

Тарантас толып жатыр пар ат жеккен,  
Қараса көбі төре шенді шекпен,  
Сұрады Владимир бір құлышан,  
Келді деп бұлар мұнда не себептен.

Танып, шулап жүгірді құл, қызметкер;  
— Өзің өлтір немесе сатып жібер.  
Сендердің қожайының Троекуров,  
Соған құл бол деп келді бұл төрелер.

Біз көнбейміз қорлықты көрсек-тағы,  
Шыбын жанды сен үшіп берсек-тағы,  
Басқа байды білмейміз, қожамыз — сен,  
Өз соңынан қалмаймыз өлсек-тағы.

Тоқтау айтып жұбатып мұжықтарға,  
Владимир сөйлесті ұлықтарға:  
— Не себепті құлымды қорқытасыз,  
Законда осылайша қылық бар ма?

Бір шенеунік сөйлемді жауап беріп:  
— Оязнай сот жіберді бұйрық беріп,  
Андрейді жер-суын, барша мұлқін  
Троекуров бай алмақ жиып-теріп.

Мұнда саған орыш жоқ түрмағына,  
Құл тұғіл, сен не емессің қырдағына,  
Соттың ісі — бекіткен патша әмірі,  
Мұмкін емес құлшылық қылмағына.

Сонда бір дауыс шықты құл ішінен:  
— Сот-мотыңды қоя тұр, шенеунік сен.  
Өлтірсең де қожамыз — Владимир,  
Троекуров итінді білмеймін мен.

Исправник\* шақырды старшынды;  
— Бізге қарсы сөйлеген қандай жынды,  
Қазір ұстап әкел! — деп бұйрық қылды,—  
Үйретемін оған,— деп,— «білмейтінді».

Старшын құл ішіне кіріп кетті,  
Камши мен таяқ, жұдырық барт-бұрт етті.  
— Үмтыл, ұста, жігіттер, не тұрыс бар,  
Өлтір өзін! — деген бір дауыс жетті.

Соны айтып тамам мұжық ду жүгірді,  
Ұлықтың бәрі қашын үйге кірді,  
Ішінен есікті іліп алса-дағы,  
«Шап, қират, бұзып кір!» — деп шулап тұрды.

Владимир тоқтатты құлдарды кеп:  
— Жанжалдасқан жұмысқа болмайды сен.—  
Алдан-сулаап қайтарды мұжықтарын,—  
Қоя тұр, патшаға өзім барамын,— деп.

Тұн болды, приказнойлар қонды бәрі,  
Парақордың бола ма бетінде ары,—  
Ішіп алып, мас болып жатып алды,  
Дайын екен зәкөске, арақтары.

Владимир ішкі үйге кіріп кетті,  
Басқара алмай, әр түрлі қиял етті,  
Жаңыз тұнде айырып бар мұлқінен,  
Антүрган Троекуров түпке жетті.

Соны ойлап, үйқтай алмай қайта шықты,  
Арақ мас қып қонақтың бәрін жықты,

\* Исправник — сот кесімін орындаушы қызметкер (Ауд.).

Алдыңғы үйге шам алып кіріш келсе,  
Пұшиаққа қашып барып біреу бұқты.

Барып еді, еken ден бөтен кісі,  
Өзінің Архип деғен теміршісі,—  
Қолында қайран алған балтасы бар,  
Маглұм емес қылғалы жүрген ісі.

Владимир сұрады:

— Бұл ісің не?

Қаранғыда балта алып жүрісің не?

Архип айтты:

— Қырамын приказнайды,  
Бар да жат, онда сенің жұмысың не!

Оны қой ден, қолына панар берді,  
Панарды ұстап баланың соңына ерді.  
Екеуі үйдің маңын шолып жүріп,  
Ояу жүрген Гриша құлды көрді.

Үйқтай алмай қорада ол да ояу тұр,  
Не қыларын біле алмай сандалып жүр.

— Неге жүрсің үйқтамай?— деп сұраса,  
Дейді:

— Бұгін келе ме үйқы құрғыр!

Оған айтты:

— Бар-дағы құлдарды оят,  
Үй ішінде қалмасын біреу оғат.

Егоровна бар болса, оны да әкел,  
Осы жерге жиылсын бар жамағат.

Архипке айтты:

— Ат жегіп, дайындал тұр!  
Гриша тамам құлды оятып жүр.  
Бірін қоймай, бәрін де жиып алды,  
Қылатұғын іс бар деп не қылса бір.

Архипке айтты:

— Арғы үйге барып келші,  
Ояу қонақ бар ма еken, шалып келші.  
Егер де ояу кісі көрінбесе,  
Сыртқы есіктің құлыбын салып келші.

Архип барыш құлышты салып келді,  
Әр мұжық бір қолтық шөп алыш келді,  
Басқышқа салам менен шөп толтырыш,  
От қойған соң дүрілдең жаныш берді.

Мұжықтың кейі қорқып, кейі састы,  
Владимир құлдарға амандасты.  
— Мен кетемін, бәрің де аман бол деп,  
Дайындаулы арбага қадам басты.

Қымсыныш, қысылмайды түсін бұзыш,  
Кемір мен Гришаны отырғызыш,  
Антон көшір атты айдал бір ысқырып,  
Көзден ғайып болды да, кетті сыйыш.

Бір мүйнетте зорайды от лапылдап,  
Еден, тіреу қирады бек шатырлан,  
Әр терезе түбінде бір шенеуік,  
«Ойбай! Өлем! Құтқар!» — деп түр қақылдап.

Архип мазақ қылады: «Олай ма,— деп,—  
Жаныш, күйіп жан беру солай ма,— деп,—  
Ар-иманын парага сатқан адам  
Жаза тартпай құтылу оңай ма!» — деп.

Терезеге жиылды приказнойлар,  
Пиаланы қиратып шықпақ ойлар,  
Сол көзде күтір етіп үй құлады.  
Астында қала берді үйткен қойлар.

Қуанды Архип қолын шапалақтап,  
«Тауықтарым пісті,— деп,— отқа қактап».  
Бір мысық жанған үйдің төбесінде.  
Түсе алмай, мияулап жүр көзі алақтап.

Соны көріп малайлар тұрса құліп,  
Архип тұра жүгірді оны біліп,  
Саты қойып шатырға басып шығып,  
Мысықты құтқарышты қайрат қылыш.

Аямай өртке түскен адам қанын,  
Мысық үшін қатерге салды жанын,  
Парақордың хайуаннан төмендігі  
Сол жерде, көрдіңіз бе, байқалғанын.

Енді мен де бұл үйді нетемін деп,  
Амандасты Архип те кетемін деп,  
Жөнелді Владимир кеткен жаққа,  
Не қылсам да соларға жетемін деп.

Бұл істі Троекуров ертең білді,  
Ұлыққа шаһардағы хабар қылды,  
Кім өліп, кім құтылды,— білеміз деп,  
Ұлықтар сол араға көп жиылды.

Жоқ болды үш құлымен Владимир,  
Тағы да Егоровна деген кемпір.  
Приказной, исправник, заседатель —  
Тірі кісі қалмапты олардан бір.

Біреу айтты бәрі де жанды ғой деп,  
Бірі айтты Владимир қалды ғой деп,  
Ішінен Троекуров бай ойлады,  
Кім де болса әдейі от салды ғой деп.

Біле алмай анық хабар іші пысып,  
Тергеді қалған құлдың бәріп қысып,  
Протокол, дознание\*, акті жасап,  
Тергеу бол жүрді бұл іс сотка түсіп.

Мұнан соң өтіп еді біраз заман,  
Қорқынышты бір хабар шықты жаман:  
Бір жолкесер әр жерде елді талаң,  
Қаһар қылған кісісін қоймайды аман

Бұрынғы жолкесерден мінезі жат,  
Білмейді кім екенін еш адамзат.  
Пәлен байға пәлендей іс қылам деп,  
Құні бұрын білдіріп жазады хат.

\* Дознание — анықтама (Ауд.).

Сақтанса да қалмайды оның жаны,  
Тіпті болмай қалмайды сол айтқаны,  
Қайдағы зорлықшыл мен залымды алыш,  
Момындарға тимейді түк зияны.

Талай байдың талапты көп ақшасын,  
Талқан қылыш қоймасын, иә қақпасын,  
Соқтықса, сорлы қылмай тоқтамайды,  
Өртейді үй, егішін, бау, бақшасын.

Бір ісі тағы да бар таң қаларлық,  
Разбойникке\* ұқсатпай аңғарарлық,  
Талағанын тап-тақыр құрытпайды,  
Құн көргішін тастайды малданарлық.

Бұл жерде тұра тұрсын бұл сөзіміз,  
Басқа әңгіме айтальық сіздерге біз,  
Тыңдаушының ойынан шықты ма екен  
Баяғы Мария деген бір жастау қызы?

Сабаққа оқысын деп беріп еді,  
Бұл кезде он жетіге келіп еді,  
Әкесіндегі антүрған надан емес,  
Ғылым, әден, тәрбие көріп еді.

Оқытқан молда қыздың Мими аты,  
Француз жұрты еді оның заты,  
Сол қызбен Троекуров көңіл қосып,  
Жасырын болған екен махаббаты.

Некесіз бір ұл тапты Мими қатын,  
Бұлардың әркім білді жаманатын,  
Өз балам деп жазғызып Троекуров,  
Қойышты Александр ұлдың атын.

Сол бала тоғыз жасқа келіп еді,  
Оқытуға мезгілі болып еді,  
Мәскеуден бір учитель әкелдіріп,  
Оқуға французша беріп еді.

Дефорж — учительдің дейді атын,  
Айтады француз деп арғы затын,

---

\* Разбойник — кісі тонаушы бұзақы (Ауд.).

Оқытып Марияға бай көріпті,  
Билетін әм қуәлік, алған хатын.

Бұл өзі жап-жас жігіт жұзі нұрлы,  
Ғылымнаң хабары бар неше түрлі,  
Өзгесін Троекуров ұнатса да,  
Ойлайды бозбала деп қандай сырлы.

Білмейді французша байдың өзі,  
Наданиң тілін топас келер сөзі,  
Марияны тілмаш қылыш жігітке айтты:  
«Жүрмесін қызыымда бол екі көзі!»

Қысылды қыз ұялып көрер көзге,  
Білмеді не дерін де осы сөзге,  
Сөйтсе де аз ойланып, айла тауып,  
Айтышты мағынасын қылыш өзге.

— Айтып тұр әкем сізге нанамын деп,  
Сөзіне айтқан сайын қанамын деп,  
Еңбегін құдай қосса зая қылман,  
Білдірсе білмегенін баланың деп.

Переуат қылды солай Дефоржге,  
Ол айтты:

— Бала оқыта келдім сізге,  
Аз күнде-ақ Александр ғалым болар,  
Алаңсыз нана тұрсын бай да бізге.

Дефорж қызға қарап бір тоймайды,  
Әңгіме айтыспаған сөз қоймайды.  
Тұрса да іші жылып Марияның,  
Жалдаулы бір қызметкер деп ойлайды.

Троекуров байдың бар бір мінезі,  
Кей қылғы адамды қылар мезі,  
Қисынсызды қызық деп істейтұғын  
Бір мінезін айтуда келді кезі.

Бір үйге шынжырлаулы аю байлан,  
Үстіне кіргізеді біреуді айдан,

Аю қарсы ақырың таң бергенде,  
Азар жаны қалады а құдайлап.

Бір пүшиақ бар қалатын шынжыр жетпей,  
Кірген кісі құтылмас соған кетпей.  
Арсаң қағың адамды аю қуса,  
Бай тұра ма қуанып ермек етпей?!

Дефоржді кіргізді айтпай барып,  
Аю оған ұмтылды көре салып,  
Сасқан да жоқ Дефорж, қашқан да жоқ,  
Тарс койды қалтасынан мылтық алып.

Троекуров бұл кім деп мылтық атқан,  
Кіріп барса, ауы қанға батқан.  
Марияны тілмаш қын бай сұрады,  
Мылтық сақташ жүрсің деп не сәбәптан.

— Мылтық сақтау — әдетім, салақ жүрмей,  
Бұл үйге кірдім аю барын білмей,  
Мазағың ба, жоқ мені сынадың ба,  
Неге алдаңың кір, кір деп түк білдірмей?

Мұнан саған қалайша пайда тұсті,  
Мен — көтерер кісі емен мазақ істі,  
Бұл қалжынды төлетпей қоймас едім,  
Тоқтатып тұр бір себеп мұнан құшті.

Мария тұр переуаттап жігіт сөзін,  
Намысқор, ер жүрек деп ұнатты өзін,  
Бұрынғыдай жалдама жалшы демей,  
Көрген сайын қызықты әр мінезін.

Бай да мақтап, батыр деп құрмет етіп,  
Марияның ішін ол да елжіретіп,  
Дефорж скрипка, гармонь тартып,  
Жүріпті ән қосуға қызды үйретіп.

Орыстың бір мейрамы болған екен,  
Көп қонақ байға келіп қонған екен,

Тәре, қара — бозбала, қыз-келіншек,  
Кәрі, жасы сол үйге толған екен.

Ән салған, арақ ішкен, өлеңдеткен,  
Кейі айық, кейі мас боп, есі кеткен.  
Дұылдаң, сауық салып отырғанда,  
Қақнага біреу келді үш ат жеккен.

Пафнутич Антон деген бұл да бір бай,  
Ұрысты Троекуров келдің деп жай,  
— Кешіккен себебім бар, кешіңіз,— деп,  
Иілді құлдық ұрып, кешу сұрай:

— Арбам сынып, ұстаға алып бардым,  
Тұзеттіріп алдым да, бері салдым,  
Кистеневка орманын шыр айнальп,  
Тура жолмен жүре алмай, кешке қалдым.

— Арбаң сынып қалғаны болсын себеп,  
Літуға кешіккенім сол үшін деп,  
«Тік жолмен жүре алмадым» деген сөзің,  
Емес пе көпе-көрнеу алдаған еп?

— Умыттың ба Андрейден алған жерің?  
Күесі мен емес пе ем салған сенің.  
Егерде Владимир ұстап алса,  
Сүйегім, етім түгіл, қалмас менің.

Тірі жүр Владимир елді шауып,  
Мен соナン тік жүргуге қылдым қауіп,  
Әкесі өш ала алмай өтіп кетті,  
Қоя ма мені өлтірмей, алса тауып?

— Мен де есіттім осындаі бір өсекті,  
Анық-ақ ол антүрган бізге кекті.  
Ел шауып Владимир тірі жүрсе,  
Ұлықтар ойламайды-ау іздемекті.

Бір қатын Анна деген түрегелді:  
— Мен анық білемін,— деп жауап берді,—  
Тірі жүр Владимир Дубровский,  
Сөйлестім, қонақ қылдым, көзім көрді.

Балама оқудағы салыш ем хат,  
Екі мың теңге беріш әм қаражат,  
Ақша мен хатты ашарған шіркәзшігім.  
Тонатыш, алыш келді бір жаманат.

Ойлап едім ап-аман барады деп,  
Жақын жер той, оны кім алады деп,  
Айрылып ақшасынан өзі келді,  
Разбойник Владимир талады деп.

Білмедім қайтерімді құр сандалып,  
Кеткен соң бар ақшамның бәрін алыш,  
Балама күй-жайымды тұгел жазып,  
Жібердім ақшасы жоқ бір хат салыш.

Бұл іске кеткеннен соң бір жұма өтіп,  
Үйіме бір жаңдарал келді жетіп,  
Мен сіздің байыңыздың досы едім деп,  
Мұңайып көңіл айтты әдел етіп.

Қара мұрт, қара шашты, өткір көзі,  
Ішімді елжіретіп әрбір сөзі,  
Орта бойлы, иықты, жұзі нұрлы,  
Отыз бес шамасында, жастау өзі.

Байымның әр мінезін айтқан сайын,  
Кәдірлеп, түрлі тамақ қылдым дайын,  
Ақшамды Владимир талағанын,  
Үқтырдым әңгіме қып соның жайын.

Жандарал өңі қашып айтты маған:  
«Ақшанды піркәзшіктің өзі үрлаған,  
Алмайды Владимир жетім малын,  
Анығын білдіремін қазір саған.

Шақыршы, шіркәзшігің келсін,— деді,—  
Үқтырсын, жөнін айтып берсін,— деді,—  
Егер де үрлағанын тана қалса,  
Жазасын осы арада көрсіп»,— деді.

Піркәзшік келіп еді шақырғанға,  
Қысылды шыныңды айт деп ақырғанда.

Шапшаң айт, ақша қайда, антұрган деп,  
Қоймады құр жалынып бас ұрғаңға.

«Рас саған Владимир жолыққаны,  
Оп-оцай бір олжаба молыққаны,  
Жетімнің малы скен деп қайта берген,  
Тана гой шын жүзқара болып қане!?

Мені кім деп отырсың, анық қара,  
Көзіме көзің тіктең салып қара,  
Ақшаны қазір әкеп орнына сал,  
Жаныңдан құдер үзсөң таныл қара!»

«Ой, тақсыр, не қылсаң да ерік сізде,  
Үрладым шайтанға еріп, ақша бізде,  
Кеш мейлің, өлтір мейлің, жазалымын,  
Сіз аулақ, өз обалым өзімізде...»

Танқызың, түғел санап ақшаны алды,  
«Байғұсым, мә ақшаң», — деп бере салды.  
Арбага шіркәзшікті байлан алып,  
Жандарал амандастып кетіп қалды.

Артынан бұл қалай деп ойға салдық,  
Анық-ақ Владимир сол деп қалдық,  
Таңулы бір агаңқа, жап-жалаңаш  
Жатқанын шіркәзшіктің тауып алдық.

Бай айтты:

— Анна, менің сөзім тында,  
Келмейді Владимир тіпті мұнда,  
Разбойник жандарал боп жүре алмайды,  
Кім білсін әлде сайтан, әлде жын ба?

Және бір дәлелім бар ол демеске,  
Келген жоқ Владимир отыз беске,  
Ол біздің Мариядан бес жас үлкен,  
Мінеки, жаңа шықты жиырма үшке.

Бұл сөзге тамам қонақ таласты кеп,  
Бірі — сол, бірі емес деп бәрі сөйлеп,  
Қашқының түсін жазған қағазды алып,  
Оқыды исправник мынадай деп:

«Өткір қара көзі бар, қоңыр шашты,  
Орта бойлы, қара мұрт, қара қасты.  
Мұрны тұзу, сақалын қыратуғын,  
Жиырма екі жасынан биыл асты».

Қонақтар құлді мұны мазақ қылып,  
Жазыпсың деп белгісін таза-ақ қылып,  
Қара мұрт, қара көзді толып жатыр,  
Бәрін үстап қинаңдар азап қылып.

Күлісті, арақ ішіп, сауық салды,  
Елбіреп, есі шығып, қызып алды,  
Өңкей мас түндег үйине не қайта алсын,  
Бәрі де байдікіне қонып қалды.

\* \* \*

Пафнутич Антон деген айтылған бай,  
Мастың ішін көрмеді жатуға жай.  
Бала оқытқан француз Дефоржға  
Қасынан келді жатар орын сұрай.

Бұл байдың ақшасы көп қойындағы,  
Іштей салған дорбада мойындағы,  
Үйге қойсам, разбойник талайды деп,  
Қорқыныши сол еді ойындағы.

Француздың бөлмесіп берік көріп,  
Жатар орын сұрады еріп келин,  
Орысща үқтыра алмай, қолмен ымдал,  
Азар ұғып, жатқызыды ерік беріп.

Шам сөнді, жалаң қабат терезесі,  
Қатты қорқып шығынты байдың есі.  
Терезе анау, есіктің ілгегі жоқ,  
Ұры келсе, қалар деп неменесі.

Французды оятты тұрыныз деп,  
Малайларға бір әмір қылыныз деп,  
Есік пен терезені мықтап жапқыз,  
Жарамайтын салақтық мұныныз деп.

Орысшаны ұға алмай аң-таң қалды,  
Французша айта алмай бай сандалды.  
«Қайырлы үйқы болсын!» — деп өз тілінде,  
Бір айтты да, бүркеніп жатып алды.

Оятса да оянбай қалды жатып,  
Бай мыңқылдан ұрысип жұр бұтып-шатып.  
Арақ ішіп, ақылы кеткен сорлы,  
Ол да үйқтады сілесі әбден қатып.

Көзін ашса, шошынып бір мезгілде,  
Француз кеудесіне мінген мұлде.  
Бір қолында алтыатар, ақшаны алған,  
Қорыққаннан бай айтты:

— Тақсыр, бұл не?

— Сендей ит бұл не екенін не қылады,  
Жалғашының жазасы табылады,  
Таны, мен — Владимир Дубровский,  
Біреуге айтсаң, мойның шабылады.

Сен итті өлтірмеймін осы жолы,  
Алалдың әрқашан-ақ жетер қолы,  
Біреуге мен туралы сыр білдірсең,  
Жапынан күдерінді үз, ұмытпа соны.

\* \* \*

Мәскеу мен Покровский арасында,  
Кішкентай Каф станса қаласында,  
Жолаушы жас француз отыр еді  
Бекеттің көлеңкелеп панасында.

Көңілге алған баарлық бар ғой беті,  
Ертерек бір шаһарға кірмек неті.  
Еріккен соң ыскырып ән салады,  
Кешігіп, келмей отыр аттың реті.

Староста қатыны байына айтты:  
— Ысқырғаның бұл жігіт тым ұзартты,  
Мазамызды алғызбай, жөнелтсеңші,  
Бағанағы тройка міне қайтты.

Байы айтты:

— Жекпеге тың атым жок,  
Ол ысқырса, сен биле, барабан соқ,  
Қазынаның бір ұлығы келіп қалса,  
Ат қайда деп бетіме баспай ма шоқ!

Біраздан соң қоңыраудың үні келді,  
Не төре, не жандарал міні келді.  
Сап-сары ала киңген бір офицер:  
— Ат бар ма? — деп сұрайды кіріп енді.

— Ей, тақсыр, сізге деген атым дайын,  
Мен сізді неге бөгеп, тоқтатайын!  
Жөл-хатыңыз бар болса көрсетіңіз,  
Кінегеме көншіріп сөз жазайын.

Төре айтты:

— Танимысың өзің мені?  
Аз кідірсең, үйрету керек сені!  
Қағазым жоқ, барамын алыс шетке,  
Атты жек, былшылдамай әлденені!

Староста жөнелді шықпай үні,  
Қызметкердің немене көрген күні.  
Әлгі офицер сұрады бәйбішеден:  
— Мынау кім? — деп бұрынғы жолаушыны.

— Кім екенін білмеймін, жайын, сырын,  
Французға үқсаттым киім түрін,  
Ат сұраса, бермейді староста,  
Багана келіп еді сізден бұрын.

Офицер соған қарай қадам басты,  
Қол беріп, французша амандасты:  
— Жол болсын, қай тарапқа баrasыз? — деп,  
Сөйлесіп бір азғана жөн сұрасты.

— Шақырған Троекуров деген бір бай,  
Бала оқыт деп, өзге іске мойын бұрмай,  
Ат бермей, староста бөгет қылды,  
Әйтпесе кетер едім мұнда тұрмай.

Мингишды алыс жерде әркім байын,  
Орине, бай кісіде тамақ дайын,  
Міндерін беретүгін жалыунасын,  
Тексеріп біліп не едің байдың жайын?

— Кон жаман соз естідім ол туралы,  
Тоғашшар, шыным, тантық дейді халі,  
Үш мың сом жылда бермек жалыунасы,  
Барымтын біраш шыдан соны алғалы.

— Ико, мырдан, ашылды енді жүрген ісің,  
Сөйің миңда корінді жылы түсің.  
Сіро, байтын наразы бола қалсаң,  
Аїғылдаасар бар ма еді таныс кісің?

— Енкімді танымаймын мен бұл жақта,  
Деп келемін «бір құдай, өзің сакта!»  
Бір досы Москеудегі хабар айтып,  
Келемін бақыттымды сынамаққа.

— Жон, жігітім, еркің ғой қайда барсаң,  
Зорламайды жоне ешкім бармай қалсаң,  
Вилет, жол-хат, куәлік қағазынды  
Ситар ма едің он мың сом ақшаны алсаң?  
  
Жас француз бұл іске нана алмады,  
Қалжың ғой деп сөзіне қана алмады,  
Он мың сомға қағазды қайтеді деп,  
Мазагы ма, шыны ма, таба алмады.

Торе айтты:

— Қабырғаңа әбден кеңес,  
Созім шын, білген кісі жалған демес,  
Жаңга айтпайсың еліме қайтамын деп,  
Үөде берсең, он мың сом дәнeme емес.

— Шыны алсаң, беремін жиып бәріп,  
Неше түрлі бар еді қағаздарым,  
Қалжың болса, қалманыз жолыңыздан,  
Күр мазақтап, көңілімді қылма жарым.

— Міне, шын! — деп он мың сом санап салды,  
Жиып-теріп көрді де, қағазды алды.

Тез қайтуға, ешкімге білдірмеске  
Ант алды да, офицер кетіп қалды.

Француз сол сағатта болды бір бай,  
Ақшаны алыш салған соң көңілі жай,  
«Құдай-ау, өңім бе бұл, түсім бе!..»— деп,  
Ат жалдаپ қайтып кетті көп тұра алмай.

\* \* \*

Бұл тоқтасын, арт жаққа шегінейін,  
Шала айтылған бір сөзім қалды кейін,  
Троекуров көп қонақ қондырды деп,  
Айтып едім бағана соған шейін.

Таң атқан соң қонақтар тарасынты,  
Антон байды қайда деп қарасынты,  
Түс көрген бе, не қиын іс көрген бе,  
Тұнде шошып ақылдан адасынты.

Сөз сұраса, аузын да аша алмайды,  
Жұрсе, аяғын анықтап баса алмайды,  
Ақшасынан айрылған сорлы байғұс,  
Қорқыш, сырын ешкімге шаша алмайды.

Бұлар кетті сонымен жай-жайына,  
Дефорж бек жұғымды өз байына,  
Сөзіне, мінезіне тұтқын болып,  
Мария әбден түсті ыңғайына.

Екеуді еркін алыш бір оңаша үй,  
Марияға үйретеді нотадан күй,  
Ісі таза, ішінде шын махаббат,  
Бірінді-бірің сүйсен, соларша сүй.

Бір күні отыр еді күй үйретіп,  
Тоқтатты бас ауруын сылтау етіп,  
Дефорж қызға бір хат берді-дағы,  
Кідірмей үйден шығып қалды кетіп.

Қараса Мария оқып хатын ашып:  
«Кеткем жок,— деп жазынты,— сізден қашып,

Існің сият жегіде бақшаға кел,  
Айтатұған сөзім бар амандастып».

Бай жолтыр қонағымен дәурен сүріп,  
Араң ішін шуласын, иттей үріп,  
Сият жесті болуга таянғанда,  
Мария бақша жаққа кетті жүріп.

Түнде жүріп келеді бір жалғыз қыз,  
Гашың болды демейміз осыны біз.  
Сойғең де махаббаттың лебі тартын,  
Алыш кетіп барады ықтиярсыз.

Барын кірді бақшаға есен-аман,  
Кешікней жігіт келді қызға таман:  
Сырымды айтиай кеткенім мақұл емес,  
Мария, айрыларлық болды заман.

Шошынбай созім тыңда, есінді жи,  
Разымын, құрмет қылдың, көп көрдім сый.  
Учитель французбын деп жүруші ем,  
Мен едім Владимир Дубровский.

Рақымсыз ит әкеценің зорлығынан,  
Кеудемде қайғы, шердің молдығынан,  
Жүрмеген жер, көрмеген тұсым да жоқ,  
Разбойник бол ел шаптым қорлығынан.

Момынға залалым жоқ жалғыз тыын,  
Кегім кеткен кердеңнің бердім сыйын,  
Жалғыз-ақ ит әкеце қыла алмадым,  
Маган сенің барлығың болды қын.

Талай бардым жасырын қанжар алып,  
Олтіргім кең кетуші еді салып қалып,  
Бір сені ойлап, буыным босап кетіп,  
Қышыма қоюшы едім қайта салып.

Әкеңде ақым менің мың сан емес пе,  
Мойнында және әкемнің жаны емес пе,  
Жалғанда бір адамның қанын ішсем,  
Жұтарлығым сол иттің қаны емес пе!

Жарық күнім, михрабым осы кегім,  
Онсыз өмір сұрместей көкірегім,  
Махаббатың, нұр жұзің құрметі үшін  
Пида болып, кешіліп кетті тегін.

Әкең түгіл, тие алмай тынына,  
Сен үшін тұстім өмір қынына,  
Өш алар талай кезім келмен пе еді,  
Өзің ойлап қараши сыйымына.

Ол түгіл, саған жақын жүрген адам,  
Оның маган инедей малы арам.  
Ант еттім қабагыңды шыттырмасқа,  
Ием солай бол деді, бар ма шарам.

Хат алдым жолдасымнан біліндің деп,  
Тез қайтпасаң, қармаққа іліндің деп,  
Әнекі, хабар беріп ысқырып тұр,  
Кешіксең, жазым болып сүріндің деп.

Ұмытпа мені, Мариям, қош-аман бол,  
Енді мұнда тұруым болмайды жол.  
Қысым көрсөң, қабыл ал жәрдемімді,  
Осы сөзге уәде бер, тілегім сол.

Сөз айта алмай Мария жылап еді,  
Махаббаты оның да құлап еді,  
Өксіп тұрып «Уәде!» деп азар айтты,  
Қолын ұстап, жалынып сұрап еді.

Владимир тоғайға кетті кіріп,  
Қыз келді өз үйіне қайта жүріп,  
Үй ішінде көп дауыс даңылдаган,  
Кіріп барды есікте біраз тұрып.

Қараса, исправник төре сонда,  
Бай айтты:  
— Эй, Мария, келші мұнда.  
Дефорж деп жүргенің — Владимир,  
Деп отыр мына төре, сөзіп тында.

Владимирге ұқсай ма біздің молда,  
Бөлмесінде бар ма екен, бардың ба онда?

Бақыл жиңіса барғанды, не қайтқанда  
Дефориң қолынды ма саған жолда?

— Мен оны білмеймін,— деп азар айтты,—  
Аурумыш,— деп жататын жерге қайтты,  
Дефориңды тез тауып алыш кел!»— деп,  
Троекуров құлдарға хабар айтты.

Құлдар оны таба алмай жүр сандалып,  
Корсөң айт деп, әр жерге хабар салып,  
Тореден Троекуров бай сұрады:  
— Сен бұл сөзді айттың кімге нанып?

Исправник айтады:

— Бұл сөз анық,  
Жиңіга айтнацыз бұл сөзді, жасыралық,  
Антоң байдың ақшасын тартып алыш,  
Корқынтықан өттірем деп, білсе халық.

Дефоржды таба алмай құлдар келді,  
Алданашыншың бай да анық біледі енді.  
Исправник, шешеунік, барша төре  
Тіптің қарап жүріпті тамам елді.

\* \* \*

Сонан соң откен екен қыс пенен жаз,  
Бұрышғы іс ұмытылғандай болды біраз,  
Бұл байға отыз шақырым жерде тұрған  
Бар еді Верейский деген князь.

Ол князь мұнда тұрмай, шетке кеткен,  
Жеріне бір майорды құзетші еткен,  
Тұрған жер, туған елін көрейін деп,  
Сол жылы қаласына келіп жеткен.

Кішкентай қаласының көрді жайын,  
Ерігіп іші пысты тұрған сайын,  
Қонаққа Троекуров байға келді,  
Көруге амандастың көрші байын.

Бұл князь келіп қалған елу жасқа,  
Жас бөгет пен жас қызыға қарамасқа,

Марияны көрген жерде ақ қуанышты,  
Қызы сұлу байменен араласқа.

Білдірмеуге жасының толғандығын,  
Ер ортасы қартандау болғандығын,  
Жас та болса қынға патша жұмсан,  
Ұқтырды ерте нұры солғандығын.

Өзі князь, әрі бай, шешендігін,  
Досы да көп, уәдеге бекемдігін,  
Сөз ішінде байқатпай отырмайды,  
Қатынсыз, әзір салтаң екендігін.

Аздан соң қайтатұғын уақыт жетті,  
Бізге де қонақ бол деп тілек етті.  
Марияны қасына алыш Троекуров,  
Қонаққа үш күннен соң о да кетті.

Күтіпті бар әлінше князь-дағы,  
Лайық қой шақырған соң сыйламағы.  
Үйіне бай қайтқан соң, князь келіп,  
Тұйткусіз араластық болды аяғы.

\* \* \*

Аулак үй, терезесін қойған ашып,  
Іс қылыш Мария отырса кесте басып,  
Алдына терезеден бір хат тастап,  
Көрінбей кетіп қалды біреу қашып.

Сол кезде ішкі есіктен біреу келді,  
Әкеңіз шақырады сізді деді.  
Қасында Верейский отыр екен,  
Мария әкесіне келіп еді.

— Айтайын бір қуаныш саған,— деді,—  
Бұл князь келіп отыр маған,— деді,—  
Сұрайды қатындыққа сені алуға,  
Әлбетте, разымын ғой, балам,— деді,—

Үйін де, мінезін де, көрдің жайын,  
Сән десен, байлық десен, бәрі дайын.

Озіңің ішіңе ұнап тұрган шығар,  
Кеп айтып мұны мақтап не қылайын.

Мария қып-қызыл бол кетті терлеп,  
«Өлтірген жақсы еді,— деп,— мұнан жерлеп».—  
Ұсынып Верейский қызға қолын,  
Жалынды разымын деп айта көр деп.

Үндемей, қолын да алмай, мойын бүрмай,  
Кеткісі келді қыздың онда тұрмай,  
— Мен де ырза, қызыл да ырза,— деді әкесі,—  
Динешін ұялып тұр сөз қайырмай.

Жоне айтты:

— Жұмыс бітті, мен бердім,— деп,  
Марияның князь сүйді қолынан кеп,  
Ұрғашын тобесінен сонда біліп,  
Козінен ағын кетті жас мөлдіреп.

— Бар, балам, көзінді сұрт, көңілінді бас,  
Қүйеуге берілмей қыз үйде отырmas.  
Айта ма озге қыз да ұннattым деп,  
Құниса да козінен төгеді жас.

Қыз шықты шұбатылын азар үйден,  
Сандалын сырты жалын, іші күйген,  
Ерікеіз, сүймесе де малға сатып,  
Болар ма қыздан сорлы шалға тиген?!

Мария қайтіп шыдасын жаны күймей,  
Қайғыны үсті-үстіне қоя ма үймей?!  
«Монастырьға барайын» деп те ойлады,  
Отуге өмірінше байға тимей.

Есіне Владимир түсті тағы,  
Бар еді шын қысылса құтқармағы,  
Багана терезеден берген хатты  
Оқыды, қалтасынан алды-дағы.

Қараса, жазу екен жалғыз-ақ жол,  
Болса да сөзі қысқа, мағынасы мол:

«Сағат он, бұрынғы орын, түнде» — дейді,  
Тұқ те жоқ онан басқа, бар сөзі сол.

Мария жүріп кетті сағат онда,  
Ескі орын — бақшағой деп барды сонда.  
Жолықты күтіп тұрған Владимир,  
Үәдеден таяр ер ме мұндай жолда.

— Жайыңды айтпасаң да бәрін білдім,  
Хат беріп, сол себептен хабар қылдым,  
Тоқталып күтіп тұрмын пәрманыңды,  
Князьді өлтіруге неше ұмтылдым.

— Ей, мырза, еш адамда кетпейді есек,  
Жарайды ол князді өлтірмесек.  
Мені көріп қызықты, жазалы ма,  
Қанына ортақ болма мені десек.

— Ендеше, князь қалсын есен-аман,  
Қарсы келер халім жоқ, жаным, саған,  
Әкеңнің зорлығынан құтқарайын,  
Разымын соны рұқсат қылсаң маған.

— Рас, әкем бермек болды зорлықпенен,  
Білмейді ішімді анық, сондықпенен,  
Жылармын, жалынармын, ұқтырармын,  
Зорлыққа коне қойман қорлықпенен.

— Дұрыс қой айтқаныңда көнсе иіліп,  
Тоқтаса жүргегіне нұр құйылып,  
Егер де зорлығынан қайтпай қойса,  
Қоясың сонда маған не бүйірып?

— Шын айтып, шын жыласам, әкем тоқтар,  
Болса да қанша залым, қанша сотқар,  
Аямай, ықтиярсыз бермек болса,  
Үәдем сол — не қылсаң да мені құтқар.

— Жаным-ау, сен білмейсің оның жайын,  
Қайраттан, қатаң сөйле айтқан сайын,  
Жалынған жылағанды тыңдамаса,  
Дегейсің: «Құтқарушы кісім дайын!»

Ол кім деп сұрай қалса ол ит жегір,  
Дегейсің — Дубровский Владимир,  
Кеудемде бұл шыбын жан аман тұрса,  
Коймасыны болса-дагы жаны темір.

Құшақтап Марияны біраз тұрды,  
Тамағына қыздың да аузы кірді,  
Жүрегін өрт алды ма, қуанды ма,  
Кім білер сол кездегі ішкі сырды.

Тамакқа ыстық демнің лебі тиіп,  
Луыздан алған шығар бір-бір сүйіп,  
Марияның «жетер енді» дегенімен,  
Екеуі азар алды есін жиып.

Елжіреп Владимир еріп кетті,  
Жүзігін Марияға беріп кетті.  
«Қысылсаң сал осыған жүзікті», — деп,  
Қуыссын қу еменнің көріп кетті.

\* \* \*

Үйге келіп ойланды Мария қыз:  
«Әкеме айтсам, ұқпайды, тым ақылсыз,  
Сүймеймін деп хат жазып білдірейін,  
Есті болса тоқталар князіміз...»

Князьға бір хат жазды көп ойланып;  
«Ей, мырза, тұшынбайсың мені алып,  
Махаббатсыз өмірдің несі қызық?» —  
Деп жазды да, жіберді хатын салып.

Верейский оқыды жазғандарын,  
Троекуров байға да айтты бәрін,  
Не болса да тез болсын десті-дағы,  
Бүрсігүнге байлады той қыларын.

Таңертек Верейский келді қызға;  
— Жазыпсың сүймеймін деп хатынцыда.

Мен сізден айрылуға шыдамаймын,  
Болмас істі ойланып көніл бұзба.

Соны айтып Верейский кетіп қалды,  
Кешікпей әкесі де жетіп барды:  
— Дайындал, ертең түсте ұзатамын,  
Өзге ойды ойлама,— деп айтып салды.

— Аяй гөр, айналайын жаным әкем,  
Өзіне ақ жүргегім мәлім, әкем.  
Махаббатсыз бір шалдың қойнында өлсем,  
Болар кімнің мойнында қаным, әкем.

Әке, мені көруғе бүгін тойсан,  
Өлтіріп, жақсы еді ғой көзім жойсан,  
Еріксіз шал қолында шіріткенише,  
Разымын тірідей-ақ көме қойсаң.

Бай айтты:

— Сен басында неге айтпадың,  
Үндемедің, сүймеймін деп айтпадың,  
Тойым дайын, сенің де байың дайын,  
Керек емес былшылдан көп айтқаның.

— Әке-ау, мені берем, деп еш ойлама,  
Өлтірсең де көнбеймін, көп ойлама,  
Сен берсең де бермейтін кісім дайын,  
Құтқарушы таба алмас деп ойлама.

Айтайын, үғып отыр оның атын,  
Естіл пе едің разбойник жаманатын?  
Жәрдемшім Владимир Дубровский,  
Боламын қыса берсең соған қатын.

«Қызым жынды болды» деп бай ойлайды,  
Бұл сөзді ескермей-ақ той тойлайды.  
Құлыпташ Марияның сыртқы есігін,  
Күзетпенен сақтады, бос қоймайды.

Қайғының тартты Мария қатты сызын,  
Болмады ерітер қан іште мұзын,  
Жылаумен үйқы көрмей таң атқызып,  
Шақырды қоңырау қағып жалшы қызын.

Ол айтты «Той жұмысы бітті бәрі,  
Дап-дайын ұзатуға тұрғандары,  
Еш адам сөйлеспесін қызыма деп,  
Әкеңнің тіпті қатты қылған кәрі».

Қамауда қайран сұлу қалды жатыш,  
Қайғыға қайғы үстіне тағы батып.  
Александр дейтүғын жас інісі,  
Ым қақты терезесін тырыслдатып.

Ашты да, амандасты інісіне,  
Інісі айтты:

— Сектенбе, жүрексіме.

Әкем сізді шығармай қойғанинан соң,  
Жараймын ба деп келдім бір ісіце.

Марияның сонда ойына жүзік түсті:  
— Тансырайын мен саған оңай істі.  
Бақнада қу еменнің қуысына  
Сал жүзікті, бітерсің шын жұмысты.

Жонелді жүзікті алып Александр,  
Бақнага жетіп барды бұлдыр-салдыр,  
Қуысқа салып қайта бергенінде,  
Бір малай көріп қалды құрып қалғыр.

Малай барып қуысқа қолын тықты,  
Не қылса да жүзікті алып шықты,  
Бала барып, «бер-берлең жүзігімді»,  
Малайдың алқымынан алып сықты.

Бар еді шалдау орыс бақша бақкан,  
Ол көрді ана екеуін ұрысып жатқан,  
«Нең бар,— деп,— антүрған, бұл байбатшада?!»  
Малайды келістіріш қойды жақтан.

Жетелеп алып жүрді байға таман,  
Ол білсе қалмайды деп жаңың аман,  
Сол жерге Троекуров келген екен,  
Сөзді естіп бақшадағы даңылдаған.

Қараса, ап-аласа сары малай,  
Кулықты қылса керек бұрын талай,

Бай сұрады:

— Сен кімнің құлышың — деп,—  
Жазықсыз жас баланы үрдыш қалай?

Ол айтты:

— Андрейдің құлымын,— деп,—  
Мақтанбаймын біреудің ұлымын,— деп,  
Балаң көрін сабады ұстап алып,  
Кара жидек ұрлаган ұрымын,— деп.

Бала айтты:

— Мұныңды ешкім ұға ма екен,  
Еменге қара жидек шыға ма екен?  
Мен салған жұзікті ұрлап бара жатыр,  
Құр қуысқа ұры қол тыға ма екен!

Бай қарады таңырқап баласына,  
Жұзік деген сөзінің таласына.

— Қайдан алдың жұзікті, қайда бардың,  
Неге келдің бақшаның ағашына?

— Мария апамның жұзігі...— деді-дағы,  
Тануга ынғайланды сөз аяғы,  
Әрнемені бір айтты жөн сөйлемей,  
Киын болды анығын байқамағы.

Қысса-дағы баласы шынын айтпай,  
Той қысталанаң, болмайды үйге қайтпай,  
Бақшашыға малайды тапсырды да,  
Троекуров қайтыпты сөзді ұзартпай.

Сол кезде исправник тағы келді,,  
Малайды қағыстырып көп тексерді,  
Шатпақтап малай жөн сөз айтпаған соң,  
Есерсоқ жынды фой деп қоя берді.

Босанған соң тоқтамай кетті малай,  
Білген жан жоқ кеткенін оның қалай,  
Жақын жерде бар еді бөден ағаш,  
Деден қағып жөнелді соған қарай.

Тогайға жетісімен малай бала,  
Қатты ыскырып жіберді бара сала,

Орманинан және біреу ысқырған соң,  
Соған қарай жүгірді жүзікті ала.

\* \* \*

Той бітті, қызды ұзатар болды заман,  
Тарқады тойға келген жақсы-жаман,  
Қатындар келіпді алыш шығамыз деп,  
Жиылыш аяндады үйге таман.

Тұзетіп киіндіріп, шашын тарап,  
Айнаға ықтиярсыз тұрды қарап.  
«Қош, балам, бақты бол!»— деп Троекуров,  
Марияға жақын келді жанасалап.

Жығылды есі кетіп, әке-әкелеп,  
Сүйретіп тамам қатын жүр жетелеп,  
Еріксіз пәуескеге салды әкесі,  
Не қылсын тойымсыз ит ондайды елеп?!?

Зарлатын ықтиярсыз алыш кетті,  
Шіркеуге дайындаулы барып жетті,  
Некесін қиямын деп өз заңынша,  
Алтарьдан\* бір кәрі поп\*\* шыға кепті.

Мариядан поп сұраса разылығын,  
Жауап жоқ, айтқан сөздің бері шығын,  
Майлаулы әлдекашан поптың аузы,  
Бітірді өзі қылыш өз қылышын.

Еріксіз нараменен некелетті,  
Ілгері озын халықтың көбі кетті,  
Поштан бата алам деп аз айланып,  
Күйеуге де жүретін уақыт жетті.

Пәуескеге князь бен қызды салған,  
Құрілдетіп әкетті онан да әрман,  
Орта жолға барғанда, он бес кісі  
Пәуескені жан-жақтан қамап алған.

Біреу бар перде киген, өзгеден жат,  
Көк темір үсті-басы неше қабат.

\* Алтарь — шіркеудің төр жагы (Ауд.).

\*\* Поп — орыс молдасы (Ауд.).

— Тұс! — деді, — пәуескеден! — Марияға,—  
Мен келдім, неге отырсың, болдың азат!

Білді де князь атты мылтық алып,  
Тік тимей, иығына тиді барып,  
Екі атқызбай мылтықты жұлып алып,  
Бекітіп қол-аяғын, қойды салып.

Князьға тұс-тұсынан қылыш ойнап,  
Үрғызбай Владимир түр қой-қойласп,  
Көшірін, көмектерін тегіс байлатап,  
Арбаға Владимир келді бойлатап.

— Жаным-ау, жерге тұспей неге отырсың,  
Жіберген жүзікті ал деп балаң құрсын,  
Кешіктім сол баланың кеселінен,  
Дей көрме бағанадан қайда жұрсің.

Мария айтты:

— Ішім толған жалын мен шоқ,  
Тағдырдан тиді маған жазылмас оқ,  
Айналып құр сүйекке болма әуре,  
Байқаймын, енді маған тіршілік жоқ.

Маған ұзақ өмір жоқ, әзір бармын,  
Алланың өмірі сол, не қылармын,  
Еріксіз көріп қалдым шіркеу алдын,  
Мені ая, бір құнәға жолығармын.

Қамығып, бір мені ойлап, жанып-куйме,  
Қайғыны әдейі іздеп үстіце үйме,  
Шынымен мені жақсы көрген болсаң,  
Коя бер өз жолына, бұған тиме!

Болмасам да болдым фой бұған қатын,  
Сорлыңың шығарма енді жаманатын,  
Берерсің, мені ойласаң, тілегімді,  
Жұріп кет, қош-аман бол, асыл затым!

Тұрды да Владимир аң-таң қалып,  
Есіте алмай сөз аяғын, кетті талып,  
Қансырап жарасынан талды фой деп,  
Әкетті жолдастары сүйреп алып.

— Қош! — деді біраз ғана есін жиып,  
Ауыздан айрыларда бір-ақ сұйіп,  
Қарасы үзілгенше қарап тұрып,  
«Ah!..» — деді, Мария талды жанып-күйіп.

\* \* \*

Қара орман ортасында балаған бар,  
Жиылған неше рудан талай жан бар.  
Тұріпен, жүрісінен, қаруынан  
Айтарлық разбойник деп байқағандар.

Крепіс\* балағанның айналасы,  
Қазған ор терең қылыш оның қасы,  
Үстінде крепістің зеңбірек тұр,  
Жарасып өз әлінше тамашасы.

Біреу отыр зеңбірекке аттай мініп,  
Күзетші өз жұмысын өзі біліп,  
Алақтаң жан-жагына салақсымай,  
Күңіреніп өлең айтып ермек қылыш.

Шықты да балағаннан қартан қатын:  
— Степан,— деді,— бұл қай салтанатын?  
Батырға үйде жатқан үйқы бермей,  
Отырсың өлеңдетіп, қайда ұятың!

— Кеше гөр, Егоровна,— деді Степан,  
Қорғанды шалым жүрді барып әрман,  
Үстінде кереуеттің Владимир,  
Сұп-сұр боп жатыр еді жарапанған.

Степан асығысып, шаба желіп,  
Батырға хабар берді жылдам келіп:  
— Тоғайдан бір ысқырған дауыс шықты,  
Тұр білем, шалғыншылар хабар беріп.

Келген соң сигнал \*\* үні құлағына,  
Орнынан Владимир тұрады да,

\* Крепіс — бекінетін қорған (Ауд.).

\*\* Сигнал — белгі дауыс (Ауд.).

Реттеп, дайындаиды батырларын,  
«Бөрің де бармысың?» — деп сұрады да.

Тоғайға кеткен екеу жер шалғалы:  
«Көп солдат келді,— деді,— бізді алғалы...»  
Ыңгайлап Владимир зеңбіректі,  
Андып түр атайын деп қозғалғалы.

Жүгірді бір топ солдат бұған таман,  
Қолында қаруы көп жарқылдаған,  
От басып зеңбірекке жібергенде,  
Солдаттың бірталайы қалмапты аман.

Қалғаны шуылдады қырган қойдай,  
Жүгірді бір офицер тағы қоймай,  
Кеудеден Владимир атып еді,  
Жығылды шалқасынан, салып ойбай.

Басшысыз солдат қашты, бұлар қуып,  
Қырып жүр жердің жүзін қанмен жуып.  
Өлгені өліп, қалғаны қашып кетті,  
Қолға тірі түскенін қойды буып.

Сол жерде бар жолдасын жиып алды,  
Еш адам қалмасын деп хабар салды,  
Бірдей қып өз қолынан үлестірді  
Ел шауып есебі жоқ алған малды.

— Рұқсат бер енді маған, батырларым,  
Дос болған жан аяспас жақындарым,  
Мен кештім, сендер де кеш қатем болса,  
Бар шығар байқамаған қапылдарым.

Миллионшік бай болдыңыз әрқайсыңыз,  
Сіздерге керегі не енді мұның?  
Коямын бұл мінезді мұнан былай,  
Біржола уәде беріп, айтқан шыним.

Сендер қашқын емессің бәрің-дағы,  
Жалғыз-ақ атым менің мәлім-дағы,  
Дүниеде енді көрер қызығым жоқ,  
Жарылды бітпес жарам жанымдағы.

Аман бол, жолдастарым, мен кетемін,  
Дертімді мұнда кімге емдетеңін,  
Көз көрмес, құлақ сезбес орын тауып,  
Жайымды жан білмestей жерде өтемін.

Жоғалды Владимир сонан кейін,  
Іздеді ұлық сенбей көшке дейін,  
Разбойник, талау, шабу тоқталыпты,  
Жел тынды, күн басылды дегендейін.

Кетті деп заграница — бөтен елге,  
Жайылды ұзын өсек талай жерге,  
Жаны аныр ма, ақылы жанасар ма  
Біздің қазақ сорлының мұндай ерге!?

Залым, кім, парақор кім, жазасыз кім,  
Қайсысы ақ жүректі, қайсысы сүм,  
Кекті кім, кокті жеңіп кешірген кім,—  
Білдің бе күшті екенін махаббаттың!

## *Крез патша*

Баяғы атақты Айса тумай тұрып,  
Крез деген хан болған дәурен сүріп,  
Өктемдікпен зорайтқан патшалығын,  
Маңдағы нашарлардың бәрін қырып.

Байлышы, салтанаты жаннан асқан,  
Ешкімнің обалына қарамастан,  
Онан артық адам жоқ өз ойында,  
Аспандағы күнменен өр таласқан.

Рұмда бір есті болған Салон атты,  
Данышпан, тура сөзді, инабатты.  
Сол келді деп есітіп хан шақыртып,  
Біраз гана сейлесіп жауап қатты.

Крез хан сұлу еді, жүзі нұрлы  
Кигепі тым әдемі неше түрлі.  
Салонга айтты: «Дүниені араладың,  
Сұлу кісі көрдің бе өзім құрбы?»

Ол айтты: «Сенен артық талай жан бар,  
Мәселен, әтеш, тоты хайуандар.  
Қанша әдемі киіпіп қораздансан,  
Сонан артық болмайсың, мұнымды анғар!»

Ішінен хан ыза боп ашуланды,  
«Есті деп неге айтты үл есаланды?...»  
Қазына, әскер, дәүлеттің аралатып,  
«Көрдің бе мендей,— деді,— бақты адамды?»

Салон айтты: «Атынада» бір кедей бар,  
Не қылсаң да болмайсың сен оған пар.  
Таза еңбекшіл, асқа да қанағатшыл —  
Халқына қиянатсыз қызмет қылар!»

Шыдамай Крез айтты қатты ыза боп:  
«Кедейді бақты деудің қисыны жоқ,  
Қуарған сүрі бақты бола ма екен,  
Онан менің емес пе тамағым тоқ!»

Салон айтты: «Ол кедей балаларын  
Оқытып зор ғылымды қылды бәрін,  
Таза еңбекшіл кедейден артық емес  
Мактан үшін мал жиып тойған қарын.

Ей, Крез! Сенен менің ойым бөлек,  
Бұл дүние — шыр айналған бір дөңгелек,  
Өлімнің сағатына кірмей тұрып,  
Еш адам мен бақтымын демеу керек!».

Салонды қоя берді өз жайына,  
Өзінің көнбекен соң ыңғайына.  
Аздан соң оның сезін ұмытып кетті,  
Басында батса-дағы шымбайына.

\* \* \*

Крездің бір баласы асқан мықты,  
Бір күні киік аулап аңға шықты,  
Қолындағы мылтығы қапы атылып,  
Қаза жетіп, өз оғы өзін жықты.

Сол күнде парсы ханы атақты Кир.  
Жаннан беті қайтпаған шын қайратты ер,  
Крездің астанасын шабамын деп,  
Қамады: «Не соғыс,— деп,— не алым бер!»

Намыс қып. соғысқанда әскер сайлап,  
Оқ жауды екі жақтан нажағайлас.  
Кир жеңіп, талқан қылып үй, қазынасын,  
Крездің өзін ұстап алды байлаң.

Өлтір деп жendetтерге Кир бұйырды,  
Қаланың ортасына алып жүрді.  
Крезді байтерекке байлаң қойып,  
Астына отын үйіп, от қойдырды.

Қарады Крез сонда маңайына,  
Құлаған алтындаған сарайына,  
Таланған қазынасы мен өлген әскер,  
Тағы да көзі түсті талайына.

Сонда айтты: «Қайран Салон, келмедің ғой,  
Сөзіңе бұрын ындын бермедім ғой,  
Данышпан, қасиетті жан екенсің,  
Аман бол, енді менің өлгенім ғой!»

Бұл сөзді Кир есітіп аң-таң қалды,  
Ағаштан от сөндіріп, шешіп алды,  
«Әлгіде айтқан сөзіңің жайын үқтырып,  
Не себептен шақырдың Салон шалды?»

Мәнісін Крез айтты бастан-аяқ,  
Бір сөзін қалдырмады некен-саяқ.  
Мен де осындай болуым мүмкін бе деп,  
Кир отырды ішінен Крезді аяп.

Тыңдал болып Кир түсті терең ойға,  
Ұқсаған өлік жатыр қырган қойға.  
Бүтін әлем біз үшін жаралып па,  
Бұл лайық емес екен деді бойға.

Сол ойменен Крезді босаттырды,  
Екеуі бір-біріне кешу қылды,  
Дос болып, шығыныңды төлеймін деп,  
Амандасып еліне қайта жүрді.

Мінеки, нәпсіге ерін елді жеген  
Зарлайды қарғыс айтып талай, неген.  
Өлген кісі тіріліп бір сөзінен,  
Салонның күні бүгін аты өшпеген.

Аты қалды деп оны мақтамаймын,  
Мен мақтанды артқыға сақтамаймын,  
Өлік түгіл, тіріге мақтан теріс,  
Оны түзу дегенді жақтамаймын.

Салонның өзі өлсе де сөзі дұрыс,  
Жастарды соны ұғуға қақпалаймын,  
Адамның зор кеселі осы мақтан,  
Бұл құрғырдан ешкімді ақтамаймын.

## Дәйектемелер

Оз заманында зор данкка жеткен, Абайдан соңғы кезеңде әдебиетіміздің абыройлы ақсақалы санаған Шәкөрім өнернамасы екі гасыр шегінде бүкіл қазақ халқының рухани иғлігіне айналған еді. Шәкөрім ақын ғана емес, тарихшы, философ ретінде де кеңінен танымал болды. Ғұлама қаламгердің әуелде қолжазба түрінде көптөп тараған шығармалары жаңа гасыр басында жеке-жеке кітап болып жариялана бастайды. 1911 жылы Орынборда «Түрік, қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шартты» атты еңбектері шығады. Семейде қазақ тарихындағы түңгыш үлттық баспа — «Жәрдем» матбуғасы ашылған соң, 1912 жылы «Қалқаман — Мамыр» (поэма мен өлеңдер), «Жолсыз жаза» (поэма), 1913 жылы «Қазақ айнасы» (өлеңдер) атты кітаптарын бастырады. Революциядан соңғы жылдарда Шәкөрім еңбектерін жарыққа шығару ісіне әдебиет пен өнердің белгілі қайраткерлері атсалысады. Мұхтар Әуезов 1922—1923 жылдарда Ташкентте «Шолпан» журналының 2—3, 4—5, 6—7—8 сандарында «Ләйлі — Мәжнүнді», Сабит Денентаев және басқа азаматтар 1924 жылы Семейде «Қазақ тілі» баспасында «Дубровский әңгімесін» жариялауға септеседі. Шәкөрім қысасты қазага ұшыраганнан соң да бірталай уақыт бойы оның есімі, шығармалары баспа бетінен түсіпдейді. Сәкен Сейфуллин 1934 жылы «Ләйлі — Мәжнүнді», Бейсембай Кенжебаев 1935 жылы «Дубровский әңгімесін» қайыра бастырады. Яғни, Шәкөрім шығармаларының әжептәуір бөлігі сол ескі күндердің өзінде-ақ баспа бетінде таңбаланғанын көреміз.

Әйткенмен, Шәкөрім туындыларының басым көшпілігі қолжазба күйінде қалды. Бұл мол мұра негізінен Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар бөлімінде (№ 1620, № 1588,

№ 1616, № 1623) және Республикалық А. С. Пушкин атындағы орталық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде (№ 188, № 210) жинақталған. Сонымен қатар мұндай көшірмелердің, қолжазба дәптер, кітаптардың бірталайы әлі күнге дейін халық арасында тарап жүргені байқалады. Әрине, қандай қүйде, қайда сақталмасын, ескі қолжазбалардың бәрі де мәнді, бірақ нақтылық дәрежесі, ғылыми құндылығы бір деңгейде болмаса керек. Біздің байыптауымызша, дәл бүтінгі күні ғылымға белгілі көшірмелердің ішіндегі айрықша құндысы — ақынның бел баласы Ахат 1936 жылы Республикалық көшілік кітапханасының (РКҚ) сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған екі томдық жинағы (№ 188, № 210). «Бұл әңгімелерді мен Шәкәрімнің өз қолжазбасынан көшіргенмін. Шәкәрімнің шығармалары осыларғана емес, басқа көп, ірі жазбалары болатын... Өзінің қолымен жазылған барлық шығармалары Қытайга кеткен баласының қолында болу керек», — деп жазады Ахат Шәкәрімұлы. Ғылым назарынан тысқары қалған себепті бұл екі томдық қолжазба ешқандай жанаға ұшырамай, азбай, тозбай, ете жақсы сақталған. Және Абайдың Мұрсейіт қолынан шыққан көшірмелері сияқты, Шәкәрім мұрасының ең сенімді, ең деректі нұсқасы деп танылуға тиіс. Эке сөзінің бүкілхалықтық қазына екенін анық түйсінген, қандай қындықтарға қарамастан ондаған жыл бойы асыл мұраны аялан сақтаған Ахат Шәкәрімұлы 1959 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар қорына Шәкәрімнің тағы бір мол топтамасын тапсырады (FA КҚ, № 1620). Бұл да құнды түпнұсқалардың бірі болмақ. Сонымен қатар осы қордағы, ақын өмірінің соңғы жыырма бес жылында туған мұралар жинакталған № 1588—16 санды ескі дәптердің мәні зор.

Жас оқырманға арналған «Жолсыз жаза» жинағын ірікten тоңтағанда, біз ең алдымен ақын сөздерінің ғылыми дәйекті тексттің ұсынуға тырыстық. «Қалқаман — Мамыр», «Жолсыз жаза» нөзмалары және бірқанша өлеңдер жоғарыда аталған басылымдар бойынша алынды. Сонымен қатар баспа тараپынан кеткен жекелеген жаңсақ сөз, емле қателері осы шығармалардың қолжазба нұсқалары негізінде түзетілді. Ал бұрын жарияланбаган өлеңдердің басым көшілігі бізге мәлім ең ескі әрі деректі көшірме — Республикалық кітапхана қорындағы Ахат Шәкәрімұлының қолжазба кітаптары негізінде (РКҚ, № 188, № 210) жарияланып отыр. Әлбетте, олар да басқа қолжазба жинақтармен (FA КҚ, № 1620, № 1588, № 1616; № 1623) салғастырылды. Сонымен, қатар, араб графикасындағы жазбаларда өлең өлшемі сақталмай, текст көбіне қосар жол немесе біртұтас тіркеме арқылы берілетін-

діктен, ақын поэзиясының өзгеше құрылымын таныш-багамдаудың біраз күшке түсінін ескерте кеткен жөн. Текстологиялық жұмыстардың көптегін былай қойғанда, тыныс белгілерін түгендеп қойып шығудың өзі құрастырушуға үлкен жауапкершілік жүктейтін тағы түсінікті болса керек.

## Өлеңдер

«Жаз келер қысты құнгі қысым өтіп...»— Республикалық қошшілік кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар болімінде Ахат Шөкөрімұлының қөшірмесі бойынша (№ 210, 35-бет) берілін отыр.

«Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда». (Сонда).

«Жиырма үш жасымда...»— Республикалық кітапхана қолжазбалары қорынан (РКК, № 210, 35—36-беттер).

«Жастық туралы»— РКК, № 188, 49—50-беттер.

«Корлік туралы»— Сонда, 48—49-беттер.

«Жұмбақтар»— РКК, № 210, 70—72-беттер.

«Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа...», «Жас өтті тынымсыз»— «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шекіресі», Орынбор, 1911.

«Ашу мен ынсан», «Анық пен танық», «Ер қоспақ пен сөз сөйлемек», «Анылған көз тұра ма бір зат көрмей...», «Мактау мен соғыс»— «Қалқаман — Мамыр» жинағы (Семей, «Жәрдем» матбуғасы, 1912) бойынша.

«Галаң пен ақыл»— «Қазақ айнасы» жинағы (Семей, «Жәрдем» матбуғасы, 1913) бойынша.

«Қасымшан жетік білдім түрік тілін...»— FA КК, № 1623—2, 74 бет.

«Өзіме», «Кекіректе толған шер, көңіл қояу...», «Бір аллаға сиынған арам өлмес...», «Жуандар», «Бай мен қонақ», «Өлген көңіл ... ындыныз өмір», «Өлімнің хақ екенин көрсөң де...», «Өмір», «Қалжынышыл қылжақбас», «Сөз сынап, олең өлшемек», «Шаранамен туын ең», «Достыңыз зор...», «Нәсихат», «Бояулы суыр», «Піскен мен шики», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылны торғай», «Қасқыр, тұлқі, бөдене», «Ажалсыз әскер»— «Қазақ айнасы» жинағы (Семей, «Жәрдем» матбуғасы, 1913) бойынша берілді.

«Ескі ақындық»— Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар болімі, № 1588—16, 67—68-беттер; Республикалық кітапханасының қолжазбалар қоры, № 188, 60—61-беттер.

«Мен қорқамын, қорқамын...»— РКК, № 210, 18-бет.

- «Жапанда жалғыз жаттым елден безіп...» — Сонда, 20-бет.
- «Жан жүргерім, жаным жеп...» — Сонда, 18-бет.
- «Шымды жерде көресіз қара топырақ...» — РКҚ, № 188, 13-бет
- «Пайғамбар Мұса жолықса...» — Сонда, 18—19 беттер.
- «Шын асықтың әрбірі...» — Сонда, 20—21-беттер.
- «Жаз ауысып, күз болды...» — Сонда, 22—23-беттер.
- «Күндегі таныс Құн мен тұн...» — Сонда, 23-бет.
- «Анық асық — әулие...» — Сонда, 23—24-беттер.
- «Төңіріні іздеп бір мұңғыл...» — Сонда, 24-бет.
- «Ортейін деп отқа көмдім...» — Сонда, 26—27-беттер.
- «Жар көрмеген надандар...» — Сонда, 28-бет.
- «Сикыр сөзben арбаса...» — Сонда.
- «Кетті — келді...» — FA КҚ, № 1588—16, 28/2-бет.
- «Таза қымыз әкел, шырақ...» — Сонда, 34/2—35/1 беттер.
- «Әлемді түгел мен көріп...» — Сонда, 38/2—39/1 беттер.
- «Қобызым неге сарнайды...» — 49/2—50/1 беттер.
- «Қазақтың жаманы болмас...» — «Қазақ айнасы» жинағынан.
- «Бостандық таны атты...» — FA КҚ, № 1620, 270-бет
- «Көңіл» — РКҚ, № 188, 11—12-беттер.
- «Бұл ән...» — РКҚ, № 210, 88-бет.
- «Қаламым — қарындастым, жан жолдастым...» — Сонда, 20-бет.
- «Адамнан артық жандық жаралмаған...» — РКҚ, № 188, 77-бет.
- «Кісіге адамшылық неге керек...» — FA КҚ, № 1620, 20-бет.
- «Адам немене?» — РКҚ, № 210, 40—42-беттер.
- «Епті тышқан» — РКҚ, № 188, 93-бет.
- «Бақанас, Байқошқардың көп сабазы...» — РКҚ, № 210, 29 бет.
- «Қорқыт, Хожа Хафіз түсіме енді де...» — FA КҚ, № 1588—16, 101-бет.
- «Кешу сөз» — Сонда, 105/2-бет.
- «Қош, жұртым!» — FA КҚ, № 1620, 280-бет.
- «Мен кетемін. келеді...» — Сонда, 275-бет.

## Поэмалар

«Қалқаман — Мамыр» — 1912 жылғы осы аттас басылым (Семей, «Жәрдем» матбуғасы) бойынша беріліп отыр. Ғылым академиясы корында поэманиң оннан астам қолжазба нұсқасы бар. Бұлардың бәрі де осы кітап негізінде ел аузына тараған жырдың әр түрлі көшірмелері екені байқалады.

«Жолсыз жаза» — 1912 жылғы осы аттас басылым (Семей,

«Жәрдем») бойынша жарияланып отыр. Поэманың соңын ала берілген: «Ертеде, міне, осындай қызық етті..», «Талайдың таудай күшін талкан қылып...» деп басталатын екі шумақ Ғылым академиясы кітапханасының қорындағы № 1588—2 қолжазба негізінде (24-бет) қосылды.

«Қодардың өлімі»— Републикалық кітапхана қорындағы Ахат Шәкәрімұлы қолжазбасы бойынша (№ 210, 67—68-беттер).

«Дубровский әңгімесі»— А. С. Пушкиннің «Дубровский» поесінің өлеңмен жасалған аудармасы. 1924 жылғы басылым бойынша (Семей, «Қазақ тілі» баспасы).

«Крез паташа»— Шәкәрім 1924 жылды Лев Толстойдың адамгершілік, ізгілік, бауырластық идеясына құрылған «Ассирия патшасы Ассархадон», «Үш сауал», «Крез паташа» әңгімелерін тәржі-малайды. Мұның алғашқы екеудін прозамен аударса, соңғысын олеңге кошірген. Ахат Шәкәрімұлының қолжазбасы бойынша (РКК, № 210, 16—17-беттер) беріш отырмыз.

*Mұхтар Magayin.*

## *Мазмұны*

Абайдың інісі . . . . . 5

### *Өлеңдер*

«Жаз қелер, қысты құнгі қысым өтіп...» . . . . .	27
«Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда...» . . . . .	28
Жиырма үш жасымда...» . . . . .	29
Жастық туралы . . . . .	34
Көрілік туралы . . . . .	38
Жұмбақтар . . . . .	41
«Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа...» . . . . .	44
«Жас өтті тынымсыз...» . . . . .	45
Ашу мен ынсан . . . . .	49
Анық пен танық . . . . .	55
Ер қоспақ пен сөз сөйлемек . . . . .	57
«Ашылған көз тұра ма бір зат таптай...» . . . . .	59
Мактау мен сөгіс . . . . .	61
Талап пен ақыл . . . . .	62
«Жасымнан жетік білдім түрік тілін...» . . . . .	64
Өзіме . . . . .	65
«Көкіректе толған шер, көңіл қаяу...» . . . . .	67
«Бір аллаға сиынған арам өлмес...» . . . . .	70
Жуандар . . . . .	71
«Қазақтың көп жұмысы не десеніз...» . . . . .	73
Өлтөн көңіл — ындынызы өмір . . . . .	76
«Өлімнің нақ екенин көрсөң де...» . . . . .	81
Өмір . . . . .	82
Калжыңшыл қылжақбас . . . . .	83
Сөз сынап, өлең өлшемек . . . . .	84

«Шаранамен туып ең...» . . . . .	85
«Достыңыз зор...» . . . . .	86
<u>Насихат</u> . . . . .	87
Бояулы суыр . . . . .	89
Піскен мен шикі . . . . .	91
Қашыр мен бөдене . . . . .	94
Ақылшы торғай . . . . .	96
Қасқыр, тұлкі, бодене. . . . .	98
Ажалсyz әскер . . . . .	103
Ескі ақындық . . . . .	104
«Мен көркемын, көркемын...» . . . . .	108
«Жапанда жалғыз жаттым елден безіп...» . . . . .	109
«Жан жүргеім, жаным жеп...» . . . . .	110
«Шымды жерде көресіз қара топырақ...» . . . . .	111
«Пайғамбар Мұса жолықса...» . . . . .	112
Шың асықтың әрбірі...» . . . . .	114
Жаңа ауысмын, күз болды...» . . . . .	115
Күндегі таныс Күн мен тұн...» . . . . .	116
Шының озге құдай жоқ...» . . . . .	117
Лиңің асық — өүлие!..» . . . . .	118
Тоқірінің ізден бір мұңғыл...» . . . . .	119
Ортейін дең отқа көмдім...» . . . . .	120
Жар кормеген надаңдар...» . . . . .	121
Синқыр созбен арбасаң...» . . . . .	122
Кетті — келді »...» . . . . .	123
Гази қымызың әкел, шырақ...» . . . . .	124
Олемді мен түгел көріп...» . . . . .	125
Казандың жамапы болмас...» . . . . .	127
Бостандық таңы атты . . . . .	129
Коңіл . . . . .	130
Бұл он...» . . . . .	132
Қаламым — қарындастың — жан жолдасты...» .	134
Адамшаң артық жандық жараптамаған...» .	135
«Кісіге адамшылық неге керек?...» . . . . .	137
Адам немене? . . . . .	138
Еңті тышқан . . . . .	141
«Бақапас, Байқошқардың көп сабазы...» . . . . .	143
«Корқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де...» . . . . .	144
Кешу сөз . . . . .	146
Қош, жұртый!	147
«Мен кетеміп, келеді...» . . . . .	148

*Поэмалар*

Қалқаман — Мамыр . . . . .	151
Жолсыз жаза яки кез болған іс . . . . .	168
Қодардың өлімі . . . . .	191
Дубровский әңгімесі . . . . .	196
Крез патша . . . . .	244
Дәйектемелер . . . . .	247

## **Құдайбердіұлы Шәкәрім**

**К 74 Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар./Құраст.  
М. Магаун.— Алматы: Жалын, 1988.—256 бет.**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бастапқы тұсвындағы  
шынқ өдебиестінде эпика, лирика һәм аударма жанрларын дамыту-  
ши көп еңбек сілірген ақын — Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Ол ұлы үстазы Абай ағасындағы реалист суреткер еді. Бұл  
кеткінән енгек туындыларда ақынның демократиялық, халықтық  
және адамгершілік асыл көзқарасы бейнеленген.

**ББК84Қаз7—5**

III — 4702250202—169  
— 408(05)88 без объявл.—1988

**Шакарим Кудайбердиев**

**ПОЭМА О ЛЮБВИ**

*Стихи и поэмы*

(На казахском языке)

Редакторы — *Е. Дүйсенбаев*  
Суретші — *М. Элин*

Көркемдеуші редактор — *Р. Қойшыгулова*  
Техникалық редактор — *Н. Құшинарева*  
Корректор — *С. Ыбыраева*

**ИБ № 4199**

Теруге 24.06.88 жіберілді. Басуға 31.10.88 қол қойылды. УГ28101.  
Форматы  $84 \times 108^{1/32}$ . Кітап-журналдық кагазы Қаріп түрі «Тип  
Бодони». Шығынцы басылыс. Шартты блуу колемі 13.75. Шартты  
баспа табағы 13,44. Есептік басылу табагы 11,66. Тиражы 40 000  
дана. Заказ № 2864. Бағасы 1 с. 20 т.

Казақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қала-  
сы. Абай проспекті, 143-үй.  
Казақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөнін-  
дегі мемлекеттік комитеттің карасты «Кітап» полиграфиялық кө-  
сіпорындары «Әндірістік брлестігінің» Кітап фабрикасы, 480124,  
Алматы қаласы. Гагарин проспекті, 93-үй.

**ФОТОНАБОР**

I c. 20 T.